



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY**

Бүкіләлемдік тұрғын халықтар қоныстануы күнін атап өту аясында  
**«САНДЫҚ ӨРКЕНИЕТ ДӘУІРІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫ ТҰРҒЫНДАР:  
ЖАСӨСПІРІМ-ҚЫЗДАР ДАМУЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ»**  
IV Журналистика және коммуникация Халықаралық Жазғы мектебінің  
**ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИНАҒЫ**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ыстықкөлдегі спорт-сауықтыру кешені,  
Бөзтері ауылы, Қырғызстан, 9-11 шілде 2016

\*\*\*

**METHODICAL PROCEEDINGS**  
of the 4th International Summer School of Journalism and Communication  
**«INFORMATION-LITERATE POPULATION IN THE AGE OF DIGITAL CIVILIZATION:  
INVESTING IN ADOLESCENT GIRLS»**  
in the frame of World Population Day

Sport and Health Camp of Al-Farabi KazNU in Issyk-Kul Lake,  
Bosteri, Kyrgyzstan, 9-11, July 2016

\*\*\*

**МЕТОДИЧЕСКИЙ СБОРНИК**  
IV Международной Летней Школы Журналистики и коммуникации  
**«ИНФОРМАЦИОННО-ГРАМОТНОЕ НАСЕЛЕНИЕ В ЭПОХУ ЦИФРОВОЙ  
ЦИВИЛИЗАЦИИ: ИНВЕСТИРОВАНИЕ В ДЕВОЧЕК-ПОДРОСТКОВ»**  
в рамках празднования Всемирного дня народонаселения

Спортивно-оздоровительный лагерь КазНУ им. аль-Фараби на озере Иссык-Куль,  
с.Бостери, Кыргызстан, 9-11 июля 2016 г.

Алматы-Иссык-куль

2017

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY**

Бүкіләлемдік тұрғын халықтар қоныстануы күнін атап өту аясында  
**«САНДЫҚ ӨРКЕНИЕТ ДӘУІРІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫ ТҰРҒЫНДАР:  
ЖАСӨСПІМ-ҚЫЗДАР ДАМУЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ»**  
IV Журналистика және коммуникация Халықаралық Жазғы мектебінің  
**ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИНАҒЫ**

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ыстықкөлдегі спорт-сауықтыру кешені,  
Бөзтері ауылы, Қырғызстан, 9-11 шілде 2016*

\*\*\*

**METHODICAL PROCEEDINGS**  
of the 4th International Summer School of Journalism and Communication  
**«INFORMATION-LITERATE POPULATION IN THE AGE OF DIGITAL CIVILIZATION:  
INVESTING IN ADOLESCENT GIRLS»**  
in the frame of World Population Day

*Sport and Health Camp of Al-Farabi KazNU in Issyk-Kul Lake,  
Bosteri, Kyrgyzstan, 9-11, July 2016*

\*\*\*

**МЕТОДИЧЕСКИЙ СБОРНИК**  
IV Международной Летней Школы Журналистики и коммуникации  
**«ИНФОРМАЦИОННО-ГРАМОТНОЕ НАСЕЛЕНИЕ В ЭПОХУ ЦИФРОВОЙ  
ЦИВИЛИЗАЦИИ: ИНВЕСТИРОВАНИЕ В ДЕВОЧЕК-ПОДРОСТКОВ»**  
в рамках празднования Всемирного дня народонаселения

*Спортивно-оздоровительный лагерь КазНУ им. аль-Фараби на озере Иссык-Куль,  
с.Бостери, Кыргызстан, 9-11 июля 2016 г.*

Алматы  
“Қазақ университеті”  
2017

**Ғылыми редакторлар:**  
с.ғ.д., профессор **Г.С. Сұлтанбаева**

**Жауапты редактор:**  
аға оқытушы **Н.П. Сапарходжаева**

**Техникалық редактор:**  
аға оқытушы **Н.П. Сапарходжаева**

Бүкіләлемдік тұрғын халықтар қоныстануы күнін атап өту аясында «Сандық өркениет дәуіріндегі ақпараттық сауатты тұрғындар: жасөспірім-қыздар дамуын инвестициялау» IV Журналистика және коммуникация Халықаралық Жазғы мектебінің әдістемелік жинағы. 9-11 шілде, 2016 жыл / жауапты ред.: Н.П.Сапарходжаева – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 210 б.  
ISBN

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

## МЕДИАЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ШОЛУ

СҰЛТАНБАЕВА Г. С.,  
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, профессор

*Біз бұл бағдарламаның білім берудегі жаңалықтарға жол ашып, даму деңгейін арттырады деген сенімдеміз.*

*Янис Карклиньш (Jānis Kārklīņš)  
коммуникация және ақпарат бойынша  
ЮНЕСКО-ның Бас директорының орынбасары*

Адам құқығының жалпы декларациясының 19 бабында: «Әрбір адамның наным-сенім бостандығына және де оларды еркін түрде білдіруге құқығы бар; бұл құқық мемлекеттік шекараға карамастан, өзіндік нанымдарды кедергісіз ұстану және ақпаратты іздеу, қабылдау және тарату барысында кез келген құралдарды қолдануға бостандықты да қарастырады». Медиалық және ақпараттық сауаттылық адамдарды білім және дағдылармен қаруландырады.

Бұл құқықтың жүзеге асырылуы медиа білім беру бойынша 1982 жылы өткен Грюнвальд декларациясымен анықталады. Бұл декларацияда саяси және білім беру жүйелері азаматтардың бойында коммуникация құбылысының қажеттелігін түсіну керектігі атап өтілді. Бұл мақұлдау медиалық және ақпараттық сауаттылық өмір бойғы оқытудың бастауы болып анықталатын 2005 жылғы Александрия жалғасын декларациясында тапты. Декларация кез келген мамандық өкілдеріне «ақпаратты іздеу, бағалау, қолдану және ойлап табуды барлық салаларда өзіндік, әлеуметтік, профессионалды және білім беру мақсаттарына қол жеткізуге» мүмкіндік беретін медиалық және ақпараттық сауаттылықтың рөлін растайды. Медиалық және ақпараттық сауаттылық адамның барлық халықтардың әлеуметтік қосылатын цифрлық әлемдегі негізгі құқығы болып табылады.

Медиа және кітапхана, мұрағат және интернет сияқты өзге де ақпараттық қызметтер адамдарға ақпараттың толықтығын ескере отырып, шешім қабылдауға көмек беретін бүкіл әлемдегі маңызды құралдар болып танылды. Сонымен қатар олар қоғам өздері туралы шындықты білетін, халықпен әңгіме-дүкен құрып, бірлік сезімін қалыптастыратын құрал болып табылады. Коммуникация және ақпарат каналдары өмір бойғы білім беруге ықпал етуге қабілетті. Сондықтан азаматтар медиа және өзге де ақпарат қызметтерінің (кітапханалар, мұрағатар, интернет және т.б.) жұмысын түсініп, оларға дұрыс баға берулері керек. Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың міндеті – білімді қолданушыларға беруде.

Медиалық және ақпараттық сауаттылық негізгі ұғымдарды топтастырды:

(а) медиа, кітапханалар, мұрағаттар және өзге де ақпараттық қызметтердің демократиялық қоғамдардағы функциялары;

(б) БАҚ пен ақпараттық қызметтер бұл функцияларды сапалы орындау шарттары;

(в) ұсынылған контент және қызмет көрсетулер арқылы бұл функциялардың жұмыс сапасын бағалау әдістері. Бұл түсінік өз кезегінде қолданушыларға коммуникация және ақпарат каналдарымен ойланып бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Медиалық және ақпараттық сауаттылық арқылы пайда болған құзыреттіліктер азаматтардың бойында медиа мен өзге де ақпарат жеткізушілерден жоғары сапалы қызмет көрсетуді талап ететін сыни тұрғындан ойлау дағдыларын дамытады.

Ұжыммен жұмыс істеу арқылы олар медиа және өзге де ақпараттық қызметтерге жоғары сапалы қызмет көрсетулер ұсыну кезінде жақсы шарттар жасалуына мұрындық болады.

Географиялық және мәдени қолжетімділігі бойынша БАҚ өзге медиаларға қарағанда бұл оқыту бағдарламасы мен құзыреттілік жүйесінде айқын орын алады. Олар ақпараттық ағымдардың көпөлшемді жүйесін құрайды. Арнаулы институт бола тұра, БАҚ демократиялық қоғамдарда орындалатын ерекше функцияларды жүзеге асырады. БАҚ үлкен аудиторияға хабар таратады, оның диапазоны шектеулі болғандықтан, баспа өнімдері бұндай реттеуге бағынбайды. БАҚ-тағы мемлекеттік реттеудің балама әдісі ретінде өздігінен реттеу қарастырылады.

Өздігінен реттеудің осындай жүйесі белгілі бір этикалық құндылықтар мен принциптерге негізделеді. Қоғам БАҚ-қа оны қоғамдық сынға ашылуына белгілі талаптар ұсынады. Нәтижесінде осындай жүйе үлкейткіш әйнек сияқты әсер етеді. Ол арқылы БАҚ-ты оның атқарылған функциялары, шарттары және істерінің нәтижесі аудиториямен қабылдану деңгейі арқылы бағалауға болады.

Оқушылардың медиалық және ақпараттық сауаттылықтарын арттыру оқытушылардың медиалық және ақпараттық сауаттылықтарының артуынсыз жүзеге аса алмайды. Тиімділіктің

бірнеше есе артуын қамтамасыз ететін басты стратегия ақпараттық сауатты оқытушыларға негізделеді. Медиалық және ақпараттық сауаттылықты меңгерген оқытушылар оқушыларға тиімді деңгейде көмектесе алады. Медиалық және ақпараттық сауаттылыққа үйрету оқытушылардың кері жауабы ретінде қабылданады: біріншіден, олардың ақпараттандырылған және ойлау қабілеті бар азаматтарды тәрбиелей алу мүмкіндігі; екіншіден, олардың тәрбие беру-ағартушылық ролі беретін өзгерістер.

Оқытушылар біздің медиалық және ақпараттылық сауаттылық бойынша білім беру бағдарламасын оқытушылардың әдістемесінің сапасын жоғарылатуға бағытталған педагогикалық стратегиялармен жақсы қабылданады. Білім беру саласындағы өзгерістерді ынталандыру медиалық және ақпараттық сауаттылықты енгізудің салдары болып қалмақ.

### **Медиалық және ақпараттық сауаттылық түсініктерінің бірігуі**

ЮНЕСКО-мен жобаланған оқыту бағдарламасы мен құзыреттілік жүйесі медиалық және ақпараттық сауаттылық саласында екі түрлі саланы – медиалық сауаттылық және ақпараттық сауаттылықты бір жапы «медиалық және ақпараттық сауаттылық» терминіне біріктірді. Әр терминнің жеке-дара мағынасынан медиалық және ақпараттық сауаттылықтың элементтерін біріктіретін жалпы түсінікке өтеміз.

Ақпараттық сауаттылық ақпаратқа қол жеткізуге, оны бағалау мен этикалық қолдану маңыздылығына баса назар аударады. Ал медиалық сауаттылық медианың функцияларын түсіне отырып, сол функцияларды бағалауды басты назарға қояды. Оқытушыларды медиалық және ақпараттық сауаттылыққа үйрету бағдарламасы екі тәсілді біріктіреді. Ерекшеліктері мен концептуалды нұсқаларына қарамастан, медиалық және ақпараттық сауаттылыққа үйрету теориялары құзыреттілікпен байланысты.

Бұл екі өзара байланысқан бағыттардың (медиалық сауаттылық және ақпараттық сауаттылық) байланысын түрліше баяндайтын екі ғылыми мектеп бар. Бір мектептің өкілдері ақпараттық сауаттылықты зерттеудің басты саласы болса, медиалық сауаттылық қосымша сала болып табылады. Екінші мектеп ақпараттық сауаттылықты медиалық сауаттылықтың бір бөлігі ретінде қарастырады. Алайда ЮНЕСКО шақырған сарапшылардың халықаралық тобы медиа және өзге де ақпараттық қызметтердің тек ерекшеліктерін емес, ұқсастықтарын да қарастырған. Төменде біздің қарастырып отырған сала бойынша әлемнің түрлі нүктелеріндегі мамандардың қолданылатын терминдері берілген:

- Медиалық сауаттылық
- Ақпараттық сауаттылық
- Пікір білдіру еркіндігі және ақпараттық сауаттылық
- Кітапханалық сауаттылық
- Жаңалықтық сауаттылық
- Компьютерлік сауаттылық
- Интернет-сауаттылық
- Сандық сауаттылық
- Киносауаттылық
- Электронды ойындар қолданысындағы сауаттылық
- Телевизиялық сауаттылық, жарнама саласындағы сауаттылық

Бұл түсініктер арасында айқын байланыс бар. Бұл оқыту жүйесінде барлығы қарастырылмайды. Бірақ түсініктер тәжірибелік тапсырмалар ретінде берілген. Медиалық және ақпараттық сауаттылық саласында оқытушылардың біліктілігін арттырған сайын бұл терминдер көбірек кездесетін болады. Берілген терминдердің көпшілігі дау шығаратын тақырыптар ретінде қабылданады. Жаһандық ауқымда көптеген ұйымдар өзіне медиалық сауаттылық пен ақпараттық сауаттылықты біріктіретін «медиа білім беру» терминін қолданады. Платформалардың конвергенттілік шарттарында ЮНЕСКО медиалық және ақпараттық сауаттылық терминін қолданады.

ЮНЕСКО-мен жобаланған медиалық және ақпараттық сауаттылық оқыту бағдарламасы және құзыреттілік жүйесі оқытушыларды оқыту жүйелерін толықтыруға арналған. Сонымен қатар ЮНЕСКО оқытушылардың бұл құрылымды жақсартып, оны жобалау мен байытудағы ұжымдық процесіне қатысады деп жорамалдауда. Сондықтан бұл оқыту бағдарламасы тек негізгі құзыреттіліктер мен дағдыларға бағытталған.

### **Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың артықшылықтары және талаптары**

Медиалық және ақпараттық сауаттылық адамдарға өзінің негізгі құқықтарын кеңейте қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 19 бабында былай делінген: «Әр адам наным-сенім бостандығына және оларды білдіру бостандығына құқылы».

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың артықшылықтары:

1. Медиалық және ақпараттық сауаттылықты оқу және оқыту барысында оқытушылар кең көлемдегі біліммен қаруланып, оларды өскелең ұрпаққа жеткізеді.

2. Медиалық және ақпараттық сауаттылық демократиялық қоғамдағы медиалық және ақпараттық каналдардың жұмыс істеуі жайлы білім береді. Бұл функцияларды сапалы түрде орындап, негізгі дағдыларды дамытады.

3. Медиалық және ақпараттық сауатты қоғам бос, тәуелсіз және плюралистік медиа және ашық ақпараттық жүйелердің дамуына әсер етеді.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың артықшылықтарын толыққанды қолдану үшін келесі шарттарды жүзеге асыру керек:

1. Медиалық және ақпараттық сауаттылық тұтас түсінік ретінде қарастырылып, өзіне құзыреттілік кешенін (білім, дағды) жинақтау керек.

2. Медиалық және ақпараттық сауаттылық пен оқушылар мен студенттерге өмірде керекті дағдыларға үйрету.

3. Азаматтар ақпаратты қайдан тауып, қалай алуды және оны қалай құруды білу керек.

4. Ақпаратқа қолжетімділік ерлер мен әйелдер, мүмкіндіктері шектеулі жандар, т.б. арасында тең дәрежеде болуы керек.

5. Медиалық және ақпараттық сауаттылық мәдениетаралық диалог кезіндегі халықтардың және мәдениеттердің өзара түсіністігін жүзеге асыратын өмірге қажетті құрал ретінде қабылдануы қажет.

### **Саясат және болашақ**

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың жүйелі және дәйекті қосылуы ұлттық саясат болмаған кезде оқыту жүйесінің барлық деңгейлерінде болуы мүмкін емес. Ұлттық саясаттың білім беру саласындағы түсінігі, пікір білдіру және ақпарат еркіндігі жайлы заңдар басты нүкте болып саналады. Медиалық және ақпараттық сауаттылық саласындағы саясат тұжырымдалмаса, «оқытушылар медиалық және ақпараттық сауаттылықта қандай рөл ойнай алады?» деген сұрақты қою керек. Ондай саясат бар болса, талаптарға қандай дәрежеде сәйкес келеді? Қаншалықты дәрежеде халықаралық стандарттар мен тәжірибеге сәйкес келеді? Оны өзекті ету үшін не істеу керек? Осылайша, медиалық және ақпараттық сауаттылық оқыту бағдарламасының маңызды аспектісі – «Саясат және медиалық және ақпараттық сауаттылық саласындағы болашағы, олардың білім беру жүйесі мен оқытушыларды дайындауға әсері» тақырыбындағы дискуссия. Бұл талқылау саясат және олардың медиалық және ақпараттық сауатты оқушылар мен оқытушыларды дайындаудағы болашағынан шығады. Ол оқытушылардың медиалық және ақпараттық сауатты қоғам қалыптастыруларына әсер етеді.

## **МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫ**

**АБДРАЕВ М. К.,**

*Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, филол.ғ.к.*

Жаңа технологиялық үрдіс адам санасының өсуіне және қоғамдық қатынастың дамуына инновациялық серпін әкелді. Яғни, эволюциялық ұғымның жаңа саяси-әлеуметтік және экономикалық-мәдени шығармашылық түрін тудырды. Адамдардың ақыл-ой ықпалдастығын қамти отырып, интеллектуалдылық қадамдарын ілгерілетті. Прогрессивті ойлау және жедел шешім қабылдау, әлемдік үдерістің тепе-теңдігін сақтау, адамзат өмірінің тыныштығын бағалау үшін де алға ұмтылу деген сөз. Демек, ұрпақ тәрбиелеу мен ұлағаттылықтың тарихи жолдарын ақылға сыйдырып, ой еңбегінің мақсатты қалыптасуына технологиялық үрдістің ықпалы зор.

Сондықтан, коммуникативті ақпарат құралдарының жанрлық сипаты жоғары деңгейге көтеріліп, толығырақ түсті. Кез-келген оқиға мен құбылыстың қоғамдық инновациялық жетістіктегі құрылымын жекелеп, жіктеп, әлеуметтік сана артықшылығына дискуссиялық жеделдік беруде ақпараттық көрсеткіш мультимедиялық тәсілмен де іске асырыла бастады. Осы бағытта нені басшылыққа аламыз:

- Біріншіден; сиқырлы сандықтың (компьютер)тілі мен құпия қозғалыстарын меңгеру;
- Екіншіден; ақпарат кеңістігіндегі оқиғалардың психологиялық әсерін тану;
- Үшіншіден; мультимедиялық көркемдіктің мағыналық формасын ажырату;
- Төртіншіден; мультимедиялық өңдеу бағдарламаларын меңгеру.

Мультимедия медияконвергенциялық технология. Мультимедия нарық қатынасындағы жаңа технологиялық жүйе. Ал, технология белгілі бір мақсатқа жетудің әдіс тәсілі, яғни, методикалық жиынтық. Демек, мультимедиялық технология кез келген салада негізгі факторға айналды. Сондықтан да ол көпфункционалды компьютерде жоспарлы элементтердің формасын құрап, ұғым мен түсінік қалыптастырады. Яғни, ақпараттық мәліметтердің фигуралық кескінін, бейнекөріністердің репродуктивті әрекеті мен құпия қырларын ашудағы маңыздылығы адамның таным түйсігіне ерекше әсер етіп, психологиялық қозғау салады. Сол себепті де мультимедиялық технология білім беру парадигмасының стандартына енді. Интеллектуалды сананың интерактивті механизміне айналды. Себебі, коммуникациялық қатынас іскерлік пен тиімділікті, талап пен талғамды күшейтіп, бәсекелестік заңдылығын тудырды. Демек, бейімделу мен бейімдеу әлемдік деңгейдегі биік идеялардың жоғары фазасына айналды. Инфографикалық, дыбыстық және стенографикалық бейнефрагменттер ақпараттық медиакөлемді ұлғайтып, интернетте электронды ресурстардың құзыреттілігін арттырды.

Ақпараттық кеңістікте ковергентті журналистика ұғымы кеңінен етек алды. Егер мультимедиялық технология әртүрлі бағдарламалар арқылы бейнекадрлерді, сюжет шығармаларын видеоколлердің жүктеуімен түрлендіретін болса, әр детальды ақпараттардың басын біріктіру ковергентті журналистикаға кіріктірілді. Демек, мультимедиялық технология - бейнекамера, дыбыс, мәтін, фото, микрофон, монитор өңдеу бағдарламалары мен компьютерлік құрылымдардың жиынтығы түрлендіру формалары ғана емес жеделдік элемент түрлерін құрастырушы құрамдардың кешенді топтамасы. Сондықтан, біз бейнекөрініс пен бейнеөнімдерді әзірлеу барысында мультимедиялық технологияны игереміз. Детальдарды, яғни, бейнебөлшектерді анимациялау мен графикаландыру және инфографикалық шикізаттардың басын біріктіру нәтижесінде мультимедиялық технологияның артықшылығын танимыз. Алайда, телеарнадағы тележанр көрсетілімдері қоғамдық, әлеуметтік құрылыстың айшықты қозғалыс парақтары екенінде дау жоқ. Ол заңдылық. Тарих, мұрағат, өмір мен тіршілік үрдісі. Ал, мультимедия идеяны жүзге асыратын технология.

Күнделікті тіршілік құпияларын мультимедиялық технологияның мүмкіндігін пайдалана отырып, қыр-сырын ашу, соның нәтижесінде қайшылықты пікірлердің ортақ жауабын табу, яғни, адамның ойлау технологиясын жетілдіреді әрі мақсатты мәніске жетелейді. Ойлау дегенімізді өнер деп танысақ, мультимедия соны жүзеге асырудың техникалық тәсілі. Демек, мультимедиялық мотивация адамның ойлау сезімі мен ақыл кеңістігінің арақатынасын жақындастыратын философиялық элемент. Себебі, мәтінді жазбаша және ауызша өндеуден бұрын ой-санамен өндеп, сараптау алдыңғы қатарда тұрады. Бейнеөнім мен көріністің мәтін мен идеялық тұжырымның сабақтастығы да бүгінгі заманда мультимедиялық технологинің маңыздылығында. Мультимедиа бейнекадр, сурет, графика, мәтін мен дыбыс ерекшеліктерін өңдеу технологиясы. Ол медиаақпарат желісіндегі байланыс құралдарының кеңістігін қамтыса, мультимедиялық технология оның ішкі формасының жиынтығы. Яғни, видеоколлер контейнері фриланс фильм (еркін, өздігінен) бейнемазмұн деталізациясын көркем құрастыру механизмі. Мультимедиа ковергентті журналистиканың құрамдас бөлігі ретінде әлемдік инновацияда экономикалық бәсекелестік тудырды. Товар өнімінің айналым процесін жарнамалау мен өтімділігін қамтамасыз етуде ірі компаниялар технологиялық өндірістік аренада алдыңғы қатарға шықты. Мультимедияның ақпарат тасымалдаушы негізі – дыбыстық карт (звуковые карт), бейнекарт (видеокарт), CD-ROM, бағдарламасы КОРЕЛ ДРАВ (COREL DRAW X 3).

### **Телеарнаның интеллектуалдылығы және әлеуметтік, қоғамдық қатынастағы рухани сабақтастығы**

Телеарна бүгінгі таңда әлеуметтік элиталық интеллектуалды қоғамның қалыптасып дамуына, мәдени өрлеуіне қозғау салатын ықпалды қуат. Адамзат тарихында жасампаздыққа оңтайлану дәуірі туды. Өндірістік шаруашылық пен индустриялық инновация үрдісінің үздіксіз ілгерілеу қарқыны, технологиялық өндеудің жоғары сапалық деңгейі әлемдік бәсекелестікті әкелді. Адамдардың санасына кез келген ақпараттық ұғым сіңіретін құралдар да сансыз жұмбаққа тіреді. Осы орайда жедел (мобильді), (Рюкзак журналист) жабдықталған журналистік қабілет пен аса жауаптылық талабы қойылды. Өркениеттілік деген маңызды түсінік барлық саланы шарлап, жаңару, өсу, игеру

үдерісін жандандырды. Әлемдік бедел санатына іліну мақсатында жаһандық серпіліс адам баласының сана сезіміне тың өзгеріс енгізді. Қатар тұрып, бірлесіп өмір сүру, әлеуметтік сұраныс пен қажеттілікті өтеу, ауырды жеңіп, ортақ дүниенің шешімін табу көзделді. Осы ретте телеарна бейбіт те салауатты ғұмырдың ғибратты көрсеткішіне айналды. Телехабардың ұйымдастырылуы, ақпараттық сананың қалыптасуы телеарна қызметіне және оның құрылымдары мен дүниетаным тұтастығына инновациялық серпін әкелді.

Телеарна – дәуір тамыршысы. Бүгінгі күнде әлеуметтік тұрғыдан алып қарағанда қоғамның жаңару және әлемдік жаһандасу эволюциясы туды. Осы тұрғыдан келгенде телеарнаның атқарар жүгі ауыр әрі жауапты. Себебі, бәсекелестік – қоғамдық жүйенің барлық саласында дағдарыстан шығып, дамудың даңғыл жолын айқындады. Жаңа келбет, жаңа үрдіс ғылыми да мәдени әлемнің кең шарына айналды. Ғаламның түкпір түкпірінде болып жатқан оқиғалар мен жаңалықтарды көріп, біліп қана қоймай оны бүгінгі күн тұрғысынан таразылап, саяси аренаның тепе-теңдігін сақтау міндеті көтерілді. Сондықтан;

- Біріншіден; телетехнологияның коммуникациялық басқарылымын игеру.
- Екіншіден; бейнеөнімді жедел өңдеу және интеллектуалдылығын арттыру.
- Үшіншіден; бейнекадрлердің ақпараттылығын жекізуде мәтіндік сауаттылықты меңгеру.
- Төртіншіден; Өндірістік, әлеуметтік, идеологиялық ой-пікірді қоғамдық айналымға интеллектуалдылықпен өрбіте білу, қорытындылай алу. Әлемдік маңызды мәселенің көшінен қалмай технологиялық телеқұрылымдар мен бейнекамера, фото және өңдеу бағдарламаларын, компьютерлік трансформациялаудың түр-түсін еркін пайдалану, ұтқыр әзірлеу қажет.

- Бесіншіден; медиамәдениеттегі әдеп пен ұстанымның интеллектуалдылығын, моральдық идеологиялық қағидаттың рухани сабақтастық принципін сақтау.

Ал бүгінгі күнде жаңаша сипат алған технологиялық құрылымдар интеллектуалды ақыл ойдың қалыптасуына түрткі болды. Түбегейлі өзгеріс пен құрылымдық жүйенің интеграциялануы инновациялық қарқынды тудырды. Бәсекелестік үдеді. Талап күшейді. Демек, жастардың интеллектуалдық деңгейінің артуына жаңа кеңістіктің көкжиегі ашылды.

Ал, телеарна тек ақпараттық құрал ғана емес ол саяси әлеуметтік, мәдени экономикалық, қоғамдық қатынас пен әлемдік тарихи мүдделестіктің жедел коммуникациялық орталық жүйесі. Ол, интеллектуалды тұжырымдардың концепциясын жүйелеуде орнықты пікір қалыптастырды. Ой мен ақыл ұғымындағы адми қасиеттердің жаңаша ойлау формасының түйсікпен қабылдау және қоғамдық сараптау дербестігін тудырды. Соның нәтижесінде адамзатқа ортақ даму тенденциясындағы әлеуеттің әлеуметтік мүдделестігін алдыңғы тарапқа шығарды. Себебі, ақпараттық арна адамдардың санасына дүниенің барша түйткілін танытып, интеллектуалдылыққа ынталандырудың жолын ашты. Мәселен, әлемдік ірі телекомпаниялардың, яғни, «Эй-Би-Си», «Нью-Йорк Таймс», «Юнайтед Пресс интернэшнл», «Си-Эн-Эн», «Эн-Би-Си», «Си-Би-Эс», тағы басқалардың ықпалы зор. Осы тұрғыда сан мен сапаның, технологиялық үрдістің нарық бәсекелестігіне итермелеуі заңды құбылысқа айналды. Коммуникация алдыңғы қатарға көтерілді. Әлемдік экономика мен саяси интеграциялық қатынастың инновациялық формасы конвергенттік жүйеге түсті. Бұл білім-ғылымда, мәдениет пен әлеуметтік өмірде стандартқа айналды. Стратегиялық бағыттың маңызды мақсатына енді. Түптеп келгенде жаңа идея, жаңаша қалыптасу дегенге сайды. Ой мен іс әрекеттің жаңаша сабақтасуы, идеялық көркемдік пен тың индустриалды өндірістік құралдардың жаңа талапқа орай, жаңа сатыға деңгейлесуі қолданбалы құралға айналды. Ендеше, оны қолдану функциясы, пайдалану тәсілі күн тәтібінен орын алды. Ол, жаңа табыстарға, жаңа көзқарастарға деген ізденістер жиынтығын құрады. Оны іс жүзінде қолданбалы күйге енгізу сауаттылықпен қатар іскерлікке жетелері анық. Және кешенді түрде жобалау мен жоспарлау тәжірибе тұрғысынан пайдаға көшіп, нәтижесіне қол жеткізу басты мақсат етіліп қойылды. Демек, инновация – технологиялық қолданыс құралы. Ол үшін адамдардың да қабылеті артып, сана мәдениетінің өрістеуі заңды құбылыс болып табылды. Осы орайда, телеарнаның ішкі өндірістік құрылымдарымен қатар, оның жұршылықпен мәдени интеллектуалды қатынасқа түсу формаларының форматы да жаңаша сипатқа енді. Бұл құбылыс, біріншіден, кәсіби мамандардың дарын тәжірибелерін қажет етсе, екіншіден, технологиялық құралдар мен инновациялық жаңа шикізат өнімдерінің сапа көрсеткішіне тәуелді болды. Сонымен кәсіби технология дегеніміз – журналистің білімі, білігі, интеллектуалдылығы, әдіс-тәсілдер жүйесін қолданудағы шығармашылық қабілет жиынтығы, мұндағы қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады. Демек, жаңа технология үрдісіндегі телеөнімнің артықшылығы оның сапа ерекшелігінде. Яғни, сапа бірінші аспектіге айналды. Жаңаша қуат алу, нарық бәсекелестігінде жаңа белеске көтерілу. Демек, телеөнімнің сапасын басқару, жетілдіріп, жолға қою даралық пен іскерліктің, шығармашылық тұлғаның ізденісімен жүзеге



асырылатын ерен еңбек. Әлеуметтік мәдени құндылықтардың қоғамдық қатынастағы рухани сабақтастығы мен тарихилығын зерделей отырып, көрерменмен еркін ой бөлісіп, пікірлесіп, ортақ әңгіменің мәнісін ашып, мағынасына бойлай алатын кәсіби тұлға ғана телеарнаның жұмысын жандандырып, абырой беделін көтереді. Күнделікті телехабарларды саралай келе, не қамтылмады, не айтылмады, келесі кезекте нені басшылыққа алу керек деген мәселелер төңірегінде ой өрбітіп, тереңге бойлай алатын еңбекқор, маман журналист қана осындай іргелі талаптарға жауап таба алған жағдайда технологиялық үрдістің дамуы жалпы конвергенциялық үйлесіммен сабақтасады.

### **Инновация және мультимедиялық модельдеудің интеллектуалдылығы**

Біз инновация жөнінде көп әңгіме қозғаймыз. Оның мағынасы жаңа ғылыми модельге, арналы аспектілерге көтерілу деген мағынаны білдіреді. Алайда, жаңару деген оңай құбылыс емес. Оның теориялық әзірлігі мен технологиялық қарпыны, практикалық үлгісі болуы шарт. Белгілі бір дүниені екінші бір затпен алмастыру нарық заңдылығы болғанымен, оны отандық өндіріске енгізудің ғылыми негізі мен психологиялық қалпы керек. Кеңес дәуірінде ғылыми жаңалық проспектісі болды және ғылыми дамудың прогрессивті жолы кешенді түрде айналымға енгізілген. Мәселе, оны қалай жаңалап, қайтіп өндіріске енгіземіз. Оның жалпыұлттық энциклопедиялық ұғымы мен сана тәуелсіздігі және ұлттық психологиялық қабылдау кешеніне лайықтауда. Яғни, стратегиялық байлам мен интеграциялық қатынас жобаларын нақты жүзеге асыруда. Мәдени технологиялық қатынас пен интеллектуалдылықтың жолын ашуда. Ол үшін адамдарға ақыл айта берудің қажеті шамалы, керісінше, соларға сенімділік көрсету әлдеқайда ұтымдылыққа қол жеткіздіртеді. Шын мәнінде бүгінгі Отандық идея интеллектуалдылық пен технологиялық және инновациялық әлеуметтік телехабарлар мен ақпараттық капитал жинақтаудың жаңа формасына құрылған. Мәселен, ақпарат тарату халықты отандық, жаһандық оқиғалармен құлақтандыру. Ал, интеллектуалдылық – адамзатқа үнемі қажеттілік тудыратын үдемелі құбылыс. Оның тележурналистикада алар орны айырықша. Ол, тек насихаттан тұрмайды. Ол, қоғамдық, мәдени экономикалық, саяси әлеуметтік механизм. Жалпыхалықтық серпіліс тудыратын, санаға тек әсер беріп қана қоймай, адамды жігерлендіретін, келешегінен қуаныш, үміт күттіретін рухани қозғалтқыш. Бұл қазіргі таңдағы ұлттық мүдденің тақырыбы. Осы ретте, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Әбдіжапар Сапарбаев «Қазақстанның ақпараттық қоғамға өтуін қамтамасыз етуге жағдай жасау. Бағдарлама Мемлекет басшысының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадамында» айтылған тапсырма аясында дайындалған болатын. Мемлекеттік бағдарлама мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету, инновациялық және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қолжетімділігі, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени тұрғыда дамуы үшін ақпараттық ортаны қалыптастыру, сондай-ақ отандық ақпараттық кеңістікті дамыту мәселелерін шешуге бағытталған», - дейді. (Егемен Қазақстан, 22 қараша, 2016ж, «Инновациялар – ілгерілеу кепілі». 9 бет.)

Демек, жаңа технология дейміз, бірақ, ол, адамдардың ақыл ойына, мемлекеттік құрылымдардың ұлғайуына, елдің мәдени түлеуіне, экономиканың жандануына прогрессивті өзгеріс әкелетін мүмкіндік құралы. Алайда, оған адамдардың интеллектуалдылығы жетекші рөл атқарады. Демек, жаңару мен сабақтасу, идеялық тұтастық пен құндылықтар барлық қоғамдық құрылымдардың игілігіне бағытталған. Міне, осы мәселеге баса көңіл бөлініп, оның жүзеге асуы халықтың ажырамас бөлігі, бұқаралық ақпарат құралдарының рухани шығармашылық көрнектілігіне жүктеледі. Өйткені, кәсіби тележурналист – кәнігі тұлға. Ол, телеарнадағы ұжымдық ұйымшылдық пен шығармашылық тұтастықтың, жаңа идеяның жүзеге асырылуына себін тигізеді.

Бүгіндері интернет портал шығарылымдары да көрермен шикізатына айналды. Бұл, әмбебап журналистиканың құралы, ақпараттың қайнар көзі. Алайда, оның тілін ортақ қолданысқа айналдыру, коммуникативті ақпарат қатынасында мәдени де сауатты интеллектуалдылығын арттыру журналистиканың міндетіне кіреді. Демек, журналистика шығармашылығы эстетикалық ойлау зияткерлігі деген сөз. Сондықтан:

- Біріншіден; телеинновациялық технологияны айналымға ендірімес бұрын кәсіби мамандар әзірлеу;
- Екіншіден; отандық иустрияның өніміне деген халықтың патриоттық сезімін қозғау;
- Үшіншіден; белгілі бір жүйеде қалыптасқан стратегиялық жоспарлау проспектісі қажет;
- Төртіншіден; ғылыми потенциалды қолдау және жедел интеграциялық қатынас тәжірибесін қолданысқа енгізу: Оған;
- Бесіншіден; ғалымдардың ғылыми пікір-ұсыныстарын, адми қасиеттері мен машығын пайдалану;

– Алтыншыдан; адам капиталын шикізат есебінде ғана емес, тұрақты кәсіби ақыл-ой шеберханасының құндылық деңгейінің артықшылығын көтеру;  
Жетіншіден; шығармашылық және технарлық ықыластың потенциалын арттыру;  
Және осы тәріздес қажетті ықтималдылықтарды жүзеге асыру әрі инновациялық бірлестіктің ғылыми тұжырымын қолданысқа енгізу.

**Әдебиеттер:**

1. Егемен Қазақстан, 22 қараша, 2016ж, «Инновациялар – ілгерілеу кепілі». 9 бет.

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ АҚПАРАТ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ  
ОРНЫ**

**АЛИМБЕКОВА С.,**

*Әл-Фараби ат.ҚазҰУ, PhD-докторант*

Ақпараттың күн сайын түрленіп, жаңарып отыратыны жасырын емес. Қоғамдағы ақпараттық жаңаруларда Жоғары оқу орындарының алар орны ерекше деуге әбден негіз бар. Кез-келген оқу орнында бүгінде Баспасөз қызметі бар. Атаулы ЖОО-лардың еліміздегі және халықаралық аренадағы имиджінің қалыптасуына осы Баспасөздің атқарар істері ұшан-теңіз. Уикипедия мәліметінде баспасөзге анықтама берілген. «Баспасөз — халық арасында әр түрлі ақпараттар тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастыруға, саяси жұмыстар жүргізуге, мемлекеттің, әлеуметтік топтардың не жекелеген тұлғалардың мүдделі мұраттарын танытуға қызмет етеді».[1]

ЖОО – бұл қаншама білікті мамандар мен жалынды жастардың ортасы. Бір сөзбен айтқанда ақпарат қайнап жатқан кең континент екенін аңғаруға болады. Ғылымның әр саласындағы әртүрлі жаңалықтар, өнертапқыштардың түрлі туындылары, өнерпаз жастардың шығармашылығы тағысынтағы жаңалықтар осы ортада туып, көпшілікке жол тартатындығы жасырын емес. Ал сол тың ақпаратты, жаңашыл бастаманы, ғылыми ашылымдарды бұқараға жеткізуші делдал ол әрине – Баспасөз қызметінің көрінісі.

Оқу орнының Баспасөз қызметі таратқан мәліметтердің БАҚ беттерінде жарыса жазылуын қоғамдық тәжірибеден байқап отырмыз. Ақпаратты дұрыс жеткізу, оқу ордасындағы тың жаңалықтар мен айтулы тұлғалардың лайықты насихатталуында да университеттің Баспасөз қызметі ерекше қызмет атқарады. Ақпарат айдынына сапалы мәліметтер жолдау үшін Баспасөз қызметкерлері алдымен өзі білім ордасындағы атаулы ақпараттардан хабардар болуы керек. Осы орайда бұқаралық ақпарат құралдарындағы ЖОО-лар таратқан мәліметтерге назар аударып көрсек. «Айқын» газетінің 11 ақпанда жарық көрген №2 санында ЖОО тіршілігін қамтитын екі материал берілген. Мәселен «Өнермен өрілген өмір» (№2, 11 ақпан, Ақбота Исләмбек, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясындағы Р. Нүсіпжановтың шығармашылық кеші жайлы; «Егіз кітаптағы егіз жүрек» (№2, 11 ақпан, ҚазҰУ-да өткен кітаптің тұсаукесері жайлы). Дәл осылай №20 санын парақтадық. Мұнда «Жастармен кездесті» (№20, 9 ақпан, Оңтүстік Қазақстан облысына келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Нұр-Отан партиясының мүшелері М.Әуезов атындағы ОҚМУ студенттерімен кездесті. Кездесу Жолдауды насихаттауға арналды. К. Мұратбек); «Үндеуді жастар қолдады» (№20, 9 ақпан, Маңғыстау облыстық кітапханасында өлкеге белгілі өнер майталмандарының қатысуымен кездесу өтті. Басқосуда Елбасының билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі Үндеуі қызу талқыға түсті. Шараға Маңғыстау энергетикалық және медициналық колледжінің студенттері қатысты. Венера МИРЛАН, Маңғыстау облысы; «Білім саласы біліктілікті талап етеді» (№20, 9 ақпан. Қыздар университетінде өткен Жолдауды талдау жайлы, Ж. Қырғызбай); Жарас Сейітнұр, №20. 9 ақпан. Несие жайлы. Міне айналасы газеттің екі санында алты мақала жоғары оқу орындарынан келген. Яғни білім беру ошақтары ақпарат туғызатын ошақ екендігі көрініп тұр.

Тағы бір айтар болсақ, оқу орындары Баспасөзінің жанында мекеме газеттері де ақпарат саласында айтарлықтай зор орынға ие. Талантты жастар өздерінің шығармашылық жолындағы төл туындыларын университет газетіне алдымен жариялайтынын тәжірибеден аңғардым. Осы орайда ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» газетін мысалға алсақ жеткілікті. Аталмыш басылымда «Жас толқын» айдары мен «Өркен» студент-жастардың қосымшасы жарық көріп тұрады. Осы айдарларда бүгінде елімізге танылып үлгерген ақын жастарымыздың алғашқы төл туындылары жарық көргенін зор мақтанышпен айта аламыз.

Еліміздің ақпараттық бәсекелестігін арттыруда да білім ордаларының жаңалықтары күннен-күнге түрленіп отыратындығы бар. Осы орайда еліміздегі белді басылымдар, радио және телеарналар,

сайттар арнайы қызметтік байланыс орнатып, үлкен әріптестікке ие болып отырғандығы қуантады. Өз тәжірибемде іске асқандай, Қазақ радиосы мен ҚазҰУ арасында арнайы ақпараттық жобалар жүзеге асырылып сол негізде таңғы бағдарламаларда студент жастар өз өлеңдерін радио арқылы оқып отырды. Сонымен қатар, еліміздегі, әлемдегі саяси тақырыптарды, әлеуметтік-экономикалық маңызы зор бастамалар мен өзгерістерде пікір айтуда БАҚ өкілдері алдымен ЖОО оқытушылары мен қызметкерлеріне жүгінеді. Міне ақпарат мәдениетін қалыптастыруда ЖОО-ның маңыздылығы зор. Айта кетерлігі, ақпараттық жауапкершілікті ЖОО өкілдері де жақсы меңгерген. Онымен қоса Баспасөз қызметімен тығыз байланыс орнатқан. Бұл дегеніміз апаратта қол жетімділікке негізделген жолды аңғартады. БАҚ саласында қызмет ететін әр жас үшін алдымен жоғары оқу орындарымызда еңбек етіп жатқан ұтаздар мен ғалымдарды, өнертапқыш жастарды, ғылыми жаңалық ашқан оқытушыларды, спортшыларды, қоғамның әр саласына оңтайлы пікір білдіріп, маңызды жауап бере алатын нағыз маман осы ордадан табылатындығын есте сақтау керектігін назарына ұсынады.

Еліміздегі элиталарды даярлайтын орталық болып мойындалған – ҚазҰУ-де дәріс оқып, маман дайындап жатқан айтулы ғалым-тұлғалардың бір дәрісінің өзі тәрбие көзі. Журналистиканың басты мақсаты қоғамға дұрыс ақпарат, оң бағдар беру болса, ЖОО-лардың міндеті де елді, болашақты тәрбиелеу. Ендеше ЖОО-лардың да ақпарат мәдениетін қалыптастыруда атқаратын орны ерекше. Білім ошағында өткізіліп жататын түрлі мәдени шаралар, айтулы тұлғалармен кездесулер, тағысынтағы игі істер барысында жиналатын ақпараттар да аз емес. Бұл шаралар жастарымызға, қоғам мүшелеріне ақпаратты тек виртуалды немесе интернет көздері арқылы ғана алудан ада етеді. Өткізілетін түрлі шаралар қоғам мүшелерінің ақпарат игеруге деген уақытын тиімді ұйымдастырады. Медиаға тәуелділік артып отырған тұста мұндай ұйымдастырылатын істердің орны маңызды болып тұр. «Оқу бізге келген ақпараттардың тек керектісін ғана алуға үйретеді».[2]

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уикипедия.
2. Massaget.kz сайты. Жоғарғы оқу орындары бізге не береді?

### ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖҰРНАҚТАРЫНЫҢ БУЫН ТҰРҚЫ

**АЯЗБАЕВА С.,**

*А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының  
PhD талапкері*

Жалпы тіл біліміндегі (общая лингвистика), оқулықтар мен оқу-құралдарында қарапайым баяндалғанымен, ертеден-ақ толық шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі *буын* болып табылады. Оның тілдегі қызметімен қатар фонетикалық табиғатын сипаттап, дыбыс құрамын анықтап, шегарасын белгілеу дегенге келгенде әлі де ортақ пікір жоқ.

Буын туралы алғашқы пайда болған теориялардың бірі - «қарқын теориясы» [1, 167]. Бұл теория буын табиғатын сөйлеу үстіндегі артикуляциялық серпінмен түсіндіреді. Әрбір серпін бір буын болып шығады. Екінші бір кең тараған теория «үнділік теориясы» [1, 167]. «Үнділік теориясы» бойынша әрбір буынның басында үні басым дыбыс (дауысты) тұрады. Сөз құрамында үні басым дыбыс қанша болса, сонша буын болмақшы.

Жалпы фонетикада (общая фонетика) буын мәселесі әр қырынан талданып келеді. Соның бірі – буын құрауыштар. «Буын құрауыштар» деп тілдегі буын құрауға қатысатын дыбыстарды айтып отырмыз. Себебі кез-келген тілдегі буын жайын сөз ету үшін алдымен сол тілде буын құрайтын бірлік (немесе дыбыстар) белгілі болу керек. Тілдегі дыбыстар буынға қатысты екі топқа жіктеледі екен: біріншісі буын құрауға тікелей қатысады немесе буын құрауыштар, екіншісі буын құрауға тікелей қатыса алмайды немесе буын құрауыш еместер. Осы пікірге сүйене отырып олардың қазақша атауын қалыптастыруға да болады [2]: буын құрауыш сингемалар (дәстүрлі фонетикада – фонемалар) және буын құрауыш емес сингемалар.

Буын құрамындағы дыбыстардың артикуляциялық тұрғыдан өзара кірігуі күрделі жасалым болып табылады. Дыбыстардың негізгі артикуляциясы әртүрлі өзгерістерге ұшырап жатады. Кейбір дыбыстар бастапқы артикуляциясынан айрылып қалуы да мүмкін. Жаңа қосалқы артикуляциялар пайда болып жатуы да мүмкін. Әрбір тілді зерттеп жүрген ғалымдардың басты міндеті осындай күрделі артикуляциялық құбылыстың ішінен нақты бір тілге тән "буын артикуляциясын" тауып, оны сараптап шығу.

Қазақ тілінің буын жігіне байланысты: «Қазақ тіліндегі буын құрылымының талданым нәтижесі буын жігінің неге оңай табылатын себебін көрсетті, оның белгілі бір сингармологиялық негізі бар екен. Түркі тілдеріндегі буын жігінің оңай табылатын себебі буын төрт үндесім әуездің бірімен айтылады, сондай-ақ түркі тілдерінде (дәстүрлі фонетикада қалыптасқан көзқарасқа керісінше) буыннан кіші морфема жоқ» [2, 25] деген пікір бар. Сонымен қазақ тіліндегі буынның басты өзгешелік белгісі оның үндесім тұрқында болып табылады. Басқаша айтқанда буын құрамындағы дыбыстар өзара белгілі бір әуез арқылы кірігеді, сөйтіп барып бір буын құрайды. Буын құрап тұрған дыбыстардың арасындағы ортақ әуез қазақ (түркі) тілін өзге тілдерден бөлектеп тұратын ерекше белгі болып табылады.

Акад. І.Кеңесбаевтың пікірінше қазақ тіліндегі буынның негізі дауысты дыбыс болып табылады, ал дауыссыздар сол дауыстыларға икемделіп тұрады. Ғалым орыс тіл біліміндегі «қарқын теориясын» қолдайтынын білдіреді [3, 66-67]. Түркі және қазақ тіліндегі буын құрылымын қарастыра келіп акад. А.Қайдаров оның алты түрін атайды және олардың негізінен барлық түркі тілдеріне тән екеніне тоқталады [4, 181].

А.Байтұрсынов сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, сөз бен буын, буын мен дыбыс желісін бір-бірінен туындатып, арасын үзбей өзара байланыстырып қарайды. Сөздерді буынға бөлудің жолын қарастыра келіп, «Буыншы әріп басқалардың ортасында қамауда тұрса, ол буынға «бітеу» деп ат қойындар; буын аяғы буыншы әріпке тірелсе, ол буынға «ашық» деп ат қойындар; буын буыншыдан басқа әріпке тірелсе, ол буынға «тұйық» деп ат қойындар» [5, 344-345] деп, буын түрлерін саралап береді. Сондағы «буыншы» әріптеріміз дауысты дыбыстар болып шығады. А.Байтұрсыновтың буынның дыбыс құрамын да анықтап кеткенін көруге болады. Сөйтіп осы күнгі қазақ тілінде тек дауыстылардың ғана буын құрай алатындығы, буын түрлері, олардың дауысты-дауыссызға қатысты дыбыс құрамы мен буын аттары жайлы алғашқы мәліметтің бастау көзі болып отыр. Қазіргі қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдарында буын жайы бірыңғай осы үлгімен түсіндіріледі.

Буын мәселесіне арналған келесі лингвистикалық еңбектер осы А.Байтұрсынов ережелерін негізге алып отырады. Айырмашылық тек буын түрлері мен олардың атауларына қатысты болып келеді.

Буын сипатын, түрлерін, жігін, дыбыс құрамын кеңінен талдаған проф. С.Мырзабеков «Буын - ... ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке (дауысты) дыбыс, не дыбыстар (дауысты, дауыссыз) тобы» [6, 101] деген анықтама береді. Ал буын түрлерін «Құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың орын тәртібіне қарай қазіргі қазақ тіліндегі буынның екі түрі бар: ашық буын және тұйық буын. Бұлай бөлу буынның теориялық та, практикалық та мәніне сай келеді және есте сақтауға ыңғайлы» [6, 103] деп көрсетеді. Сөйтіп буын түрін өзіне дейінгі зерттеушілерден өзгеше екіге ғана бөледі.

Қалай болғанда да аз-кем өзгешеліктерімен буын түрлері мен оның дыбыс құрамының үш түрлі анықтамасы қазақ тілі оқулықтарында ең кең тараған сипаттамасы болып табылады. *Буынның осы кең тараған анықтамасы мен сипаттамасы практикалық (оқу-әдістемелік) тұрғыдан мүлтіксіз болғанымен, буын теориясы бола алмайды.* Сондықтан буын теориясы өз алдына сөз болғанды қажет етеді.

Қазақ тіліндегі буын түрлерінің, әсіресе, олардың дауысты немесе дауыссыз дыбысқа бітуінің морфологиялық деңгейге тікелей қатысы бар екендігі белгілі. Себебі келесі жалғанар қосымша дауыстыға басталады ма, әлде, дауыссызға басталады ма, ол - алдыңғы буынның соңғы дыбысына тікелей байланысты кездері болады. Сонымен қатар алдыңғы буынның соңғы дыбысы мен соңғы буынның бастапқы дыбысының арасында да дауыс қатысына тікелей байланысты тұстары бар: буынның дауысты, қатаң, ұяң немесе үнді дыбысқа бітуіне қарай қосымшаның бастапқы дыбысы құбылып отырады. Осы заңдылықтар қазақ тілі үшін аса тұрақты болып табылады. Ендеше қазақ тілінің буын жүйесін буын түрлері мен оның дыбыс құрамын дауысты-дауыссыз тұрғысынан ғана жіктеп қойған жеткіліксіз болтыны проф. Ә.Жүнісбектің тадауынан көрінеді [2]. Профессордың пікірінше мұндай жіктелім тасымал талабына сай келіп, тасымал ережелерін ғана құрастыруға ғана жарайды. Лексика (сөз) деңгейінде кемістігі жоқ талдау морфология (қосымша) деңгейінде жарамсыз болып жатады. Лексикалық деңгейде буын түрлері мен оның дыбыс құрамы үшін түбір сөздің де, туынды сөздің де мәртебесі бірдей: *ат* та бір сөз, *атты* (*атты* адам) да бір сөз. Екі жағдайда да *ат* - тұйық буын, ал *ты* - ашық буын. Осы жіктелім тасымал үшін жеткілікті. Ал морфологиялық деңгей үшін: *ат* бірлігінің бітеу буын екендігі жеткіліксіз, оның қатаң дауыссызға аяқталып отырғанын қоса ескеру керек. Ендеше *ты* ашық буыны, біріншіден, дауысты дыбыстан бастала алмайды, егер дауысты дыбыстан басталатын болса, онда *ат* бірлігі тұйық буын бола алмайды. Екіншіден, ол тек дауыссыз дыбыстан басталады, оның үстіне бастапқы дыбыс тек қатаң дыбыс болу керек. Бастапқы

дыбыс қатаң дауыссыз болмаса, *ат* пен *ты* тіркесе алмайды. Сондықтан проф. Ә.Жүнісбек буын бірлігінің өзін екі деңгей тұрғысынан қарастыру қажеттігін ұсынады. Ол үшін буынның дыбыс құрамын іштей тағы жіктей түсуге тура келеді.

Буынның дыбыс құрамы іштей екі салаға жіктеледі.

Бірінші, буын құрамындағы дыбыстың дауыс қатысына қарай, мысалы, төмендегі бітеу буындар соңғы дауыссыздың дауыс қатысына қарай жіктеледі: *жаз* - ұяң дауыссызға аяқталып тұр, *жас* - қатаң дауыссызға аяқталып тұр; *күн* - үнді дауыссызға аяқталып тұр. Сонда, мысалы, есім жұрнақтың варианттары бұлардың әрқайсысына талғап қана жалғанады: *жаздық* - ұяң *з* дауыссызынан кейін тек ұяң *д* дауыссызы, *жастық* - қатаң *с* дауыссызынан кейін тек қатаң *т* дауыссызы, немесе ілік септігі *күннің* - үнді *н* дауыссызынан кейін тек үнді *н* дауыссызы.

Екінші, буын құрамындағы дыбыстың әуез қатысына қарай, мысалы, төмендегі бітеу буындар соңғы дауыссыздың әуез қатысына қарай жіктеледі: *қаз* - жуан езулік дауыссызға аяқталып тұр; *кез* жіңішке езулік дауыссызға аяқталып тұр, *құз* - жуан еріндік дауыссызға аяқталып тұр; *күз* - жіңішке еріндік дауыссызға аяқталып тұр. Сонда, мысалы, тағы да ілік септігінің жалғауының варианттары бұлардың әрқайсысына талғап қана жалғанады: *қаздың* - жуан езулік *з* дауыссызынан кейін тек жуан езулік *д* дауыссызы, *кездің* - жіңішке езулік *з* дауыссызынан кейін тек жіңішке езулік *д* дауыссызы, *құздұң* - жуан еріндік *з* дауыссызынан кейін тек жуан еріндік *д* дауыссызы, *күздұң* - жіңішке еріндік *з* дауыссызынан кейін тек жіңішке еріндік *д* дауыссызы.

Сонда қазақ тіліндегі буынның басқы және аяқы дыбыстарының артикуляциялық (жасалым) және перцепциялық (естілім) белгілерінің лингвистикалық мәні бар болып шығады. Лингвистикалық мәні бар фонетикалық құбылыстың әрқашан да артикуляциялық тірегі болады. Бұл — іргелес дыбыстардың арасындағы фонетикалық шарт.

Ал буын құрамындағы дыбыстардың бір-біріне икемделуі сингармонизм заңына байланысты екендігі проф.Ә.Жүнісбектің еңбектерінде жан-жақты талданған «...в казахском (тюркском) языке слог сингармо-ассимилятивно замкнутый артикуляционный сегмент и он не распадается на независимые друг от друга составляющие...» [7].

Қазақ тіліндегі дәстүрлі буын түрлері мен олардың дыбыс құрамы. Қазақ тілінде буынның үш түрі бар:

а) ашық буын – бір ғана дауысты немесе дауыссыздан басталып, дауыстымен аяқталады, мысалы, *а-та, а-на, і-ні, ұ-лы, ү-кі* т.б. сөздердің құрамында тек ашық буындар бар;

ә) тұйық буын – дауыстыдан басталып, дауыссызбен немесе дауыстыдан басталып дауыссыз, дауыссызбен аяқталады, мысалы, *ақ, әл, ыс, іс, ор, ұл, үк, айт, өрт, ұрт, ұлт* т.б. сөздер тек тұйық буыннан құралып тұр.

б) бітеу буын – дауыссыздан басталып, дауыстымен жалғасып, дауыссызбен аяқталады немесе дауыссыздан басталып, дауыстымен жалғасып, дауыссыз, дауыссызбен аяқталады, мысалы, *тат, мыс, біл, бұл, бол, бүк, бес, тарт, қайт, жұрт, сұрт, төрт, қант, мұрт, салт* т.б. сөздер тек бітеу буыннан құралып тұр.

Қазіргі теориялық фонетика болсын, сондай-ақ практикалық фонетика болсын (оқу-әдістеме саласы) интерактив-инновациялық көрнекілікті кеңінен пайдалануға көшті. Біз де соның бір үлгісі ретінде буынның үндесім-үйлесім тұрқының интерактив моделін ұсынбақшымыз. Буынның үндесім тұрқы құрамындағы дыбыстардың әуез бірлігі, ал үйлесім тұрқы құрамындағы дыбыстардың іргелес бірлігі болып табылады. Буын тұрқының екі түрінің де жасалым-естілім (артикуляция-перцепциялық) дәйектемесі бар. Көрнекілікке де сол дәйектемелер негіз болады.

Мысалы, *-лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік)* жұрнағының әуез бірлігінің екі жасалым (артикуляциялық), естілім (перцепциялық) сипаттамасы болады:

*-лық (-дық, -тық)* тобының жасалымы *кейінді, езу* болса, естілімі *жуан, езулік* болады;

*-лік (-дік, -тік)* тобының жасалымы *ілгерінді, езу* болса, естілімі *жіңішке, езулік* болады.


Іргелес бірлігінің үш жасалым (артикуляциялық), естілім (перцепциялық) сипаттамасы болады:

*-лық (-лік)* тобының жасалымы *тербелімді* болса, естілімі *үнді* болады;


*-дық (-дік)* тобының жасалымы *тербеліңкі* болса, естілімі *ұяң* болады;

*-тық (-тік)* тобының жасалымы *тербеліссіз* болса, естілімі *қатаң* болады.


Төменде *-лық* тобының (1 сурет), *-дық* тобының (2 сурет), *-тық* тобының (3 сурет) интерактив моделін ұсынамыз. Бұл модельдер әзірге үлгі ретінде құрастырылып отыр. Модельдердің жіктелім үлгілерін дайындау ісі әрі қарай жалғаса түсетін болады. Қазақ фонетикасының құрылым (структуралық) бірліктері өзара жұптасып (жуан/жіңішке, еріндік/езулік т.б.) келеді. Мұның өзі қазіргі ақпарат технологиясын пайдалануды көп жеңілдетеді. Ендеше қазақ фонетикасының осы бір табиғи икемділігін кеңінен пайдаланып отыру керек.



1 сурет. [lɪq] үлгісінің моделі



2 сурет. [dɪq] үлгісінің моделі



3 сурет. [tɪq] үлгісінің моделі

**Әдебиет:**

1. Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – Москва: Высшая школа, 1979. – 312 с.
2. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 308 с.
3. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым, 1975. – 302 б.
4. Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 с.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. –
6. Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 247 б.
7. Жүнісбек А. Введение в сингармоническую фонетику. – Алматы: Арыс, 2009. – 109 с.

**МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ БОЙЫНША КӘСІПТІК АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ОҚЫТУШЫНЫҢ РӨЛІ**

**ӘБДІГАПБАРОВА А.И.,  
 КУРБАНАЛИЕВ Б.Б.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

Ел президенті Н.Ә.Назарбаев Жолдауында “Ендігі міндет - әр азамат, әр ұжым, осы Жолдаудан туындайтын өзінің жауапкершілігін сезіне білуінде. Қазіргі ауыл шаруашылығында ауыл кәсіпкерлерінің қолындағы техниканы меңгерудің өзі жоғары білімді, тәжірибелі мамандарды талап етеді, өйткені оны шебер, озық тәжірибелі жоғары іскерлікпен маманданған кадрлар меңгергенде ғана егістіктер мен комплекстерге бар күш-қуатын жұмсай алуы болашақ механизатордың кәсіби шеберліктеріне сай болуы өте қажет [1].

Кәзіргі уақытта кәсіптік-техникалық, ауылшаруашылық колледждердің кәсіптік әдістемелік даярлықтарын өзгерту, теория мен әдістемелік білімдерін арттыру, педагогикалық дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру өскелең заманымыздың өзекті мәселелерінің бірі.

Оқытушы бағдарлама жасағанда егер оқу материалы топтық жұмысты қажет етсе, топта оқытудың формасы мен әдісін көрсетеді. Тәжірибелік жұмыстарға түсініктеме беріп, теориялық және тәжірибелік тапсырмалар, білім алушылардың білімін тереңдету үшін қосымша әдебиеттер береді.

Мерзімдік бақылаулар арқылы білім алушылардың игере алмаған тақырыптары анықталып, қайталау жұмыстары жүргізіледі. Модульде әр элемент бөлек-бөлек параққа жасалады да ақпарат өзгерген жағдайда өзгертіліп отырады.

Модульдік оқыту білім алушының шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндіктер жасайды. Модульдік оқыту технологиясы білім алушыларды өздігінше тапсырмаларды орындап, мәселені

шеше алуына, өз пікірін қорғай білуіне, алға қойған мақсатқа жету үшін белсенділігін, қабілетін арттыруға септігін тигізеді. Мысалы, «Ауылшаруашылық машиналар» пәнінен «Жүгеріні егіп өсірумен жинауға арналған машиналар» тақырыбына модульдік оқыту әдісін пайдаланған кезде, оқытушы жүгеріні жинау бірнеше технологиялық әдіспен жүргізілетінін және егер жүгері мал азығы үшін жиналатын болса, онда көк кезінде сүрлем комбайнымен орылып, сабағы мен собығын тұтас ұсақтап турады да сүрлемге салады; ал жүгеріні дән үшін жинаған кезде толық піскеннен кейін жүгері комбайнымен жиналады.

Комбайн жүгері сабақтарын сүрлемге турап, собықтарын бөліп алады да, сыртындағы орамдарынан тазартады. Тазаланған собықтарды арнаулы молотилкаларда бастырып дән алады. Оқытушы тақырыпты модуль жиынтығымен көрсетеді және әрбір модульдің өзінің жеке мәні, автономды болуы мүмкін. Бірнеше модульдерден тұратын курс құрылымы мынадай болуы мүмкін:

Модульдік курс құрылымы

<b>Модульдік курс тақырыбы:</b> «Жүгеріні егіп өсірумен жинауға арналған машиналар»
<b>1 модуль:</b> Жүгеріні сүрлемге немесе дәнге жинағанда қолданылатын машиналар;
<b>2 модуль:</b> Жүгері жинайтын комбайн мен собық үзетін аппарат;
<b>3модуль:</b> Собық тазалағыш машиналар

Оқытушының сабақ жүргізудегі рөлі – ол әр білім алушының санасына әсер ете алуы, пайда болған педагогикалық ситуацияларды шешіп, білім алушылардың теориялық білімін жетілдіріп, оны іс жүзінде қиындықсыз орындалып, жақсы маман болып шығуына үлкен үлесін тигізеді.

-Ауылшаруашылық машиналар пәнін жетік білу.

-Сабақ өткізу әдістемесін жетік меңгеру.

-Технологияны сабақ ерекшелігіне сәйкестендіріп, таңдап алу.

-Таңдалған технологияға сай сабақ мазмұнын құрастыру.

-Көрнекілік, дидактикалық жабдықтарды дұрыс таңдап, тиімді пайдалана алу.

-Білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ажырата білу.

-Білім алушылардың ерекшеліктеріне байланысты сабақ барысында түрлендіріп отыру.

-Білім алушылардың танымдарын жетілдіретін, шығармашылық жұмыстарын дамытуға бағытталған, өз беттерінше ізденіп, білім жетілдіруге мотивация беретін тапсырмалар құрастыра білу.

Оқытушының сабақты жақсы, әрі мазмұнды өткізу мақсаты-білім алушылардың политехникалық және экономикалық ой өрісін кеңейту, ауыл шаруашылығының мұқтажына байланысты мамандықты саналы түрде игеруге көмек көрсетуі болып табылады.

Оқытушының сабаққа дайындығы – тек оқу материалының тиянақты талдауы, оны оқып білу кезеңдеріне сәйкес құрастыруы ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың оқу материалымен жұмысы кезінде пайда болатын проблемалық сұрақтары, жауапты пайымдаулары, оны қабылдауы, түсінуі болып табылады.

Оқытушы нақты міндеттерді анықтап, оларды ұйымдастыру формаларын, білім алушылармен өзара байланыстылықты таңдап, өз іс-әрекетін ұйымдастырады.

Оқытушы тұлғасы – оқытушының мәдениеті, өзін-өзі басқару шеберлігі моральдік қасиетімен адамгершілік нормасының күнделікті оқу-тәрбие процесіндегі жаңа сипатқа ие болуда.

Болашақ оқытушының кәсіптік колледжде дайындығының мазмұны, құрылымы мен әдістері біріншіден, қоғам дамуының бағытымен, екіншіден, педагогика ғылымының дамуымен, үшіншіден, педагог мамандығының ерекшеліктерімен белгіленеді.

Қазіргі оқытушының бойында гуманистік бағыттағы жалпы құндылықтарға сүйену, кәсіби қабілеттілік шығармашылық қабілеттерді, психикалық дайындығы және әдістемені меңгеру қасиеттерімен бағаланады.

Оқытушы – бұл болашаққа ұмтылған адам. Оның қызметі адамды қалыптастыруға солардың алдағы жағдайларының өзгеруіне қарай белсенділігін арттыруға бағытталған. Л.Н.Толстой былай деп жазған екен: «Болашаққа жарамды адамды тәрбиелеу үшін, оларды тамаша жетілген азамат етіп тәрбиелеу қажет, тек сонда ғана тәрбиелеуші өз ортасында өмір сүретін ұрпақтың лайықты мүшесі бола алады». Олай болса, әрбір студенттің, колледж тәрбиеленушісінің міндеті–таңдаған мамандығына сәйкес өз қабілетін үнемі жетілдіріп отыру, алғашқы күнінен бастап педагогикалық шеберлік сырларын меңгеру.

Білім алушыларға мамандықты меңгерту барысында әрбір оқытылатын пәннің маңызы зор. Соның ішінде ауылшаруашылық мамандарын даярлау кезінде «Ауылшаруашылық машиналары»,



«Тракторлар және автомобильдер», «Мелиоративтік машиналар», «Теориялық механика», «Машина бөлшектері», «Автомобиль құрылысы» т.б. пәндердің маңызы зор және бұл пәндер бір-бірін толықтырып, бірін-біріне байланысып тұрады. Мысалы, мелиоративтік машиналар пәнін оқи отырып, «АШМ» пәнінен алған білімдерін одан әрі толықтырып, жетілдіре түседі.

Бұл пәндерде бульдозерлер, катоктар, канал қосқыштар, қопсытқыштар, автогрейдерлер, эксковаторлар, эксковатордың құрылысы, жұмыс принциптері туралы оқып үйренеді. Сонымен бірге, лабораториялық-практикалық сабақта осы ауылшаруашылығы машиналарын бөлшектеу, шашып-жинау, жұмысқа әзірлеу, реттеу жұмыстарын меңгереді. Ал бұл машиналарды қолдану арқылы ауылшаруашылық жұмыстарының барлығы жүзеге асып, өнім алу деңгейі жоғарылайды. Мамандарымыз өз білімін біліктеріне сүйене отырып, тиімді жұмыстар атқарып, білім алушы алған білімдерін іс жүзінде практикада қолданады.

Кәсіптік білім беру мекемелерінде ауылшаруашылық машиналарын даярлаудың өзіндік небір қиын, керекті мәселелері бар. Солардың бірі әрбір маман болашақта нені білу керек, нені жасай алу керек? Олардың бойында қандай білім, білік, дағды қалыптастыру керек деген сұрақтың жауабы. Осы орайда әрбір ауылшаруашылық машинасына оқытылатын әрбір пәндегі әрбір тақырыптың маңызы зор. Білімді, іскерлікті, дағдыны бағалау мен тексеру оқу процесінің өте маңызды және қажетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқытушыға білім алушылардың жаңа материалды қалай меңгергенін, олардың қажеттілігін білу жаңа тақырыпты меңгеру кезінде өте маңызды.

Түрлі жағдайларға байланысты тапсырудың түрлері:

- Ағымдық: білім алушылардың сабақтағы күнделікті оқу тәрбие жұмыстары.

- Тақырыптық: оқу бағдарламасындағы белгіленген тақырыпта нені оқу жүйесінің материалын меңгеру.

- Периодтық: материалдың мазмұнына байланысты.

- Қорытынды: пәннің бүкіл шарттарын меңгеру.

Білім алушылардың белгілі бір білім дәрежесі бағалануы тиіс. Бұлардың ең маңыздылары:

- Білім алушы ғылым негіздерін үйрене отырып, фактілерді, құбылыстарды білуге және оларға дұрыс, ғылыми түрде түсіндіріп бере алатындай күйде болуы тиіс.

- Білім алушы ғылыми ағымдарды, заңдарды, ережелерді игеруге, жаңа фактілерді түсіндіргенде, түрлі мәселелер мен практикалық міндеттерді шешкенде бұларды пайдалана білуі тиіс.

- Өзінің жауаптарында білім алушы жеткілікті айқындылықты, ойының дәлдігін, өз көзқарастарын нақтап, оларды қорғай білуі тиіс.

- Білім алушы білімінің практикалық маңыздылығы болуы тиіс.

- Білім алушылардың ауызша және жазбаша талаптары сақталу керек.

Ауызша жауаптар толық, логикалық дәлелденген болуға тиіс. Жазба жұмыстар оқытушының нұсқауларымен дәл сақталып, мұқият толтырылуы тиіс.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қозыбай А.Қ., Жексенбиева Н.Ж. Кәсіптік білім беру жүйесіндегі қазіргі оқыту технологиялары. Оқулық, Алматы, 2011.

2. Қоныспай Қ., Қозыбай А. «Ауылшаруашылығында машина пайдаланудың анықтамалық деректері» (оқу құралы) Алматы: Қаз Мем Агрү 1996.160-бет

## **ОҚУ ОРЫНДАРЫН ДІНИ САУАТ АШУ ОРТАЛЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕРЕК**

**ӘЛІМ Ә.А.,**

*Әл-Фараби ат.ҚазҰУ, аға оқытушы*

Егер студент қандайда бір діни радикалды ағым мүшелерімен араласып, олардан әсерленген болса, оның ұстанған бағытының күдікті екендігін оқытушы оған дәлелді айғақтармен түсіндіріп, баланың ой-пікіріне қозғау салып, қате діни бағыттан қайтуына ықпал ете алады. Мұнан басқа қазіргі кезде жастардың ЖОО-да ақылы түрде оқи алатындығын ескерсек, діни ұйымдардың осы елде, өз пікірін қолдайтын азаматтардың болуы үшін студенттерді қаржылай қолдап, ақылы түрде жоғары білім алуына жағдай жасайтындығын да жоққа шығара алмаймыз.

Әсіресе, президенттің «Болашақ» халықаралық стипендиясы арқылы бакалаврден кейін жастардың алыс шетелдерге оқуға, өз біліктілігін арттыруға мүмкіндіктері бар, өмірден жиған тәжірибесі аз, діни сауаттылығы төмен студенттердің санасына шет елге шығуы арқылы діни ұйымдардың арбауына немесе алдауына түсуі де қаперден тыс қалмауы тиіс, ислам дінінің

ұстанымдарымен байланысатын діни экстремизм мен терроршыл іс-әрекеттерді қолдайтын ұйымдар тек мұсылман-араб елдерінде ғана емес, «Болашақ» халықаралық стипендиясы арқылы жіберетін Еуропа елдерінде де аз емес.

Ғғаламтор желілеріндегі қасиетті соғысты немесе жиһадты, терроршыл іс-әрекеттерді насихаттайтын бейне-роликтерді қоссақ, жастардың санасын улауға бағытталған ішкі және сыртқы сан түрлі факторлардың бар екендігін аңғарамыз, сондықтан оған қарсы іс-әрекет етіп, жастардың санасын діни экстремизм мен ланкестік пиғылдардан құтқарудың бір жолы-ЖОО-да Құран мәтінін дұрыс бағытта таныту жорлға қойылуы керек.

Еліміздегі дінаралық келісімге келу, дін мәселесінде тағатты болу мәдениеттің қалыптасуы, азаматтардың діни сенім бостандығы, ұлтаралық татулықтың маңыздылығы Қазақстан Республикасының Конституциясымен негізделеді. Ата Заңның 14-бабының 2 тармағына, «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез-келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды», 39-баптың 2-тармағына сай, «Ұлтаралық татулықты бұзатын кез-келген әрекет конституциялық емес деп танылады» деп нақты көрсетілген, яғни кез-келген азаматтың құқықтарын сақтай отырып, соның ішінде діни сеніміне байланысты еркіндік бере отырып, келісімге келудің заңнамалық негіздері көрсетіледі. Осындай заңнамадағы кейбір пункттерімен таныстықты-студенттің университетке келгендегі алғашқы қадамдарынан бастау керек.

Қазақстан көне заманнан бері сан-алуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Қазіргі қоғамда саяси үдерістердің дамуы, сөз бостандығы, адам құқы мәселелері өткір қойылып, билік пен оппозицияның, діндер мен этностардың, салт-дәстүр мен мәдениеттердің бәсекелестігі мен бейбіт өмір сүруі үнемі назарда болып келеді. Сондықтан, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап айтқанындай: «Бізге төзімсіздік немесе діни фанатизм жат. Бұл рухани дәстүр, бұл қандай шеңберде болмасын Құдайдың Сөзіне деген ашықтық. Бұл-Қазақстандағы конфессияаралық келісімнің ең маңызды негіздерінің бірі. Біз әлемге өзіміздің толеранттығымызбен, ұлтаралық, конфессияаралық келісім мен диалогты сақтауымызбен танылдық. Біздің еліміздің өскелең дүниетанымдық әлеуеті бұдан әрі қарай да сақталуға, дамуға тиіс».

Толеранттылықтың миссиясы міндетті түрде дінмен байланысты болатынын ұмытпау қажет. Діни толеранттылықты қалыптастыруда қазіргі таңда ЖОО-дағы білікті кәсіби мамандардың, яғни оқытушының рөлі артып отыр.

Әсіресе, толеранттылық тұрғысынан, дінтанушыларға артылған жауапкершілік өте зор.

Бүгінде ұстаздар жастардың діни сауаттылығын көтеру аса қажет деген пікірмен бірауыздан келіссе де, оның қалай іске асатындығын әлі ізденуде, әсіресе жоғары оқу орындарында діни білім берудің әдіснамалық негізі қандай сипатта және мазмұнда болу қажеттігі жайында түрлі пікірлер айтылуда.

Мұндай сан түрлі пікірлердің болуы, әрине, заңды құбылыс, бұл түптеп келгенде жастарға ЖОО-дың діни білім беруде тиімді әдіснамалық негіздерін жасауға себеп болады деп санаған дұрыс.

Осы ретте ЖОО діни білім берудің әдіснамалық негіздері туралы өз көзқарасымызды ұсынуымызға болады.

Жастарға діни білім беру бұл танымдық, ағартушылық бағытта және бүгінгі жаһандану заманында зайырлы қоғамдағы түрлі көзқарастар мен пікірлерді құрметтеп, олармен сұхбаттасуға, ымырашылдыққа шақыруға, сондай-ақ кез келген діни экстремистік, терроршыл іс-әрекеттің алдын алуды көздейді. Осылайша жастар арасында діни экстремизм мен терроризм пиғылдарына қарсы профилактиканы жүргізу арқылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы: «Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек» деген сөзін діни білім берудің негізгі мақсаты деп белгілеп алсақ, осы мақсатқа жету үшін не істеу керектігін пайымдауға болады, бұл ең алдымен қазіргі діни жағдайды саралап, діни сауаттылықтың деңгейін айқындауды қажет етеді.

ЖОО-да дінтанулық білім беруде зайырлылық ғылыми этика, объективтілік принциптері арқылы беріледі.

Бұл ретте оқытушының осы принциптерден ауытқымауы бірден бір шарт, дінтанулық білім берудегі зайырлылық принциптерін сақтауда білім беруші Қазақстан Республикасының Конституциясына, білім туралы заңына, ғылым туралы заңына, діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңына және жоғары оқу орнының студенті мен оқытушысының ар намыс кодексіне жүгінеді.

Толеранттылық ұғымы ерте заманнан ізгілік, рақым, шыдамдылық, төзімділік, адамгершілік идеялары негізінде көрініс тапқан.

Толеранттылықтың маңыздылығы күн өткен сайын артып келе жатқан жайы бар. Ол бөгделердің пікірін жатсынбау, өзге наным-сенім иелеріне, олардың ішкі сезіміне, таным-түйсігіне түсіністікпен қарау, сыпайылық сақтап, кеңпейілділік таныта білу қасиеті.

Қазақстандағы толеранттылық ата-бабамыздан, дәстүрімізден келе жатқан құбылыс бола отырып, бұл ретте қазақ халқының басқа ұлттарды, этномәдениетті жатсынбайтын ашық этнос ретінде қалыптасуын айта кетпесек болмас. Толеранттылықтың миссиясы о бастан әлеуметтік дерт пен қоғамдағы жалаңаштыққа қарсы күрес жүргізу болып келеді. Бұл күрес ұлттың өз ішінде де толеранттылық болуынан туындаған болу керек.

Толеранттылық принциптері адамды адам ретінде құрметтеу, адам деген асыл атауға лайықты адамзат баласын жанына жақын тартуға бағытталған. Дегенмен айта кетерлік мәселе, толеранттылықты көп жағдайда «төзімділік» деп түсіну бар. Төзімді болу немесе кең болу, яғни тағаттылық таныту дегенде барлық сенімдерге, барлық діндердегі айтылғанға төзу дегенді білдірмеу керек, бұл арада таңдампаздық қажет. Дін саласындағы толеранттылық мәселесін зерттеу барысында дінаралық келісім, дінаралық сұхбат, үнқатысу ұғымы тиянақтала түседі. Діндер арасында өзара түсінісудің бір формасы ретінде «басқанын» «басқа» екендігін түсіну жолындағы ізденістер болып табылады. Дінаралық келісімге қол жеткізудің мүмкін екендігін діндердің табиғатындағы үндестіктің болуымен түсіндіруге болады. Кез келген діннің жалпыадамзаттық құндылықтарды, этика, эстетика, ғылымның іргетасын құрауы келісімге келу мүмкіндігін аша түседі. Діндер арасындағы үнқатысудың болуы-адамзаттық құндылықтардың, рухани қажеттіліктердің ортақтастығында.

ЖОО-да діни сауаттылықты арттыратын курстар, қосымша сағат болатын пәндер өткізу арқылы біз кейбір жастардың ислам діні жайлы тар түсініктердің қалануына, сондай-ақ түрлі радикалды ағымдарға түсіп кетпеудің алдын алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сай әр азаматтың діни сеніміне ешбір шектеу қойылмайды. Адамның азаматтық және саяси құқықтары туралы Халықаралық пакетте көрсетілген принциптер секілді әрбір қазақстандық азаматтың діни сенімі заңмен қорғалады және діни сеніміне байланысты шектеулер тек заңға қарсы болған, қоғамдық қауіпсіздік пен ел тыныштығын бұзған жағдайда және басқа азаматтардың денсаулығына, еркіндіктеріне, дәстүрлі құндылықтарға зиян келтірген жағдайда ғана орын алатынына кепілдік беріледі [1].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында атап кеткендей, «Біздің мемлекетіміздің зайырлы келбеті-Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты» болып табылады. Еліміздің зайырлы келбетін, діннің халықтың ара жігін ашушы емес, консолидациялаушы дүниетаным екенін түсіндіруде тәуелсіздік жылдарында қарқынды дамып, бүгінгі таңда күн өте сұранысқа ие болып келе жатқан дінтану ғылымының орны аса маңызды [2].

Ал, толеранттылыққа кері мағыналы сөз ол интолеранттылық. Яғни төзімсіздік. Кез-келген бөтен пікірді, наным-сенімді, ұстаным мен көзқарасты жатырқау, бөтенсу. Бұл жағдай көбіне адамдар арасындағы келіспеушіліктер мен дүрдараздықтарға, тоң-торыс қатынастарға соқтыратыны мәлім. Интолеранттылықтың адамдарға қажет еместігін көптеген философтар да мойындаған. Атап айтсақ, «Төзімсіздік-ақылдың әлсіздігі» (Пьер Буаст), «Төзімсіздік-ардың тирандығы» (Адриан Декурсель), «Төзімсіздік көптеген ұлы ойларға кедергі келтіреді» (Конфуций). Мына сөз де Вольтерге тән екендігі айтылады: «Мен сіздің пікіріңізге қосылмаймын, алайда жеке пікір ретінде сол сөзді айта алуыңыз үшін өмірімді құрбан етуге бармын» [3].

Дінтану ғылымының қажеттілігі, оның қоғамдық сананы қалыптастырудағы маңыздылығы зайырлы мемлекетте дін мәселесіне қатысты өте нәзік шешімдерді қабылдауға ықпалдасатынымен бағаланады. Діни жағдайды қалпында ұстап тұрудың жолы-дінтану білімі арқылы қоғамдық сананы дұрыс қалыптастыруда болып тұр, себебі қазіргі кезде еліміздегі дінге сенушілер әртүрлі сенім жолдарын ұстануда. Бұрынғыдай ұлт пен діннің қатар айқындалуы бүгін мүмкін емес. Исламды ұстанғандар ішінен де көзқарастары келіспей, бірінікін бірі теріске шығарып жатқандар да бар.

Толеранттылық термині Елбасымыздан бастап қарапайым адамның сөздік қорында жиі кездесетін сөз болғанымен, бұл сөздің байыбына бара бермейтіндер де табылады арамызда.

Көптеген ғылыми әдебиеттер мен әлем тілдерінің сөздіктеріне жүгінетін болсақ, испан тіліндегі сөздікте «tolerancia» сөзі-«өз пікіріне қайшы келетін идеялар мен пікірлерді қабылдау қабілеті», немісше-орысша сөздікте, «tolerant»-«біреудің пікіріне шыдау» дегенді білдіртсе, қытай тілінде, толеранттылық-«басқаларға кеңпейілділікпен қарау», парсы тілінде-«шыдам, шыдамдылық, төзім,

татуласуға дайындық», француз тілінде-«шыдамды, мейірбан», ал, «tolererare»-«төзу, қолдау көрсету» ұғымына саяды.

Қазіргі шетел сөздерінің сөздігінде толеранттылық «tolerantia» деген латын терминінен бастау алады. Бұл сөздің мән-маңызы-біріншіден, ағзаның кез-келген бір улы заттың қолайсыз жағдайына төзімділік, екіншіден, біреуге, бір нәрсеге деген шыдамдылық, жұмсақтық деген түсініктеме сөздер арқылы арта түспек.

Ларусс сөздігіне сәйкес «tolerance» сөзі алғаш рет 1361 жылы қолданылған.

Оксфорд сөздігінде: «толеранттылық-тұлғаны немесе затты қарсылықсыз, күштеусіз қабылдауға дайындығы және қабілеті», -деген анықтама берілген.

Толеранттылықтың маңыздылығы күн өткен сайын артып келе жатқан жайы бар. Ол бөгделердің пікірін жатсынбау, өзге наным-сенім иелеріне, олардың ішкі сезіміне, таным-түйсігіне түсіністікпен қарау, сыпайылық сақтап, кеңпейілділік таныта білу қасиеті.

Толеранттылық және бірігіп өмір сүру дәстүріне байланысты осыдан тура 20 жыл бұрын, нақтырақ айтқанда, 1992 жылдың 18 қазанында ең алғашқы I Дүниежүзілік Рухани келісім конгресі өткізілгені бәріміздің есімізде. Қазір ол да тарихтың өткен күндер еншісіне айналды. Сол жылы тұңғыш рет бір шаңырақ астына жиналған барлық дін өкілдері, барлық рухани қоғамның мүшелері мен мәдениет қайраткерлері адамзат баласының алдындағы үлкен рухани мәселелерді талқылаған еді.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдарындағы айқын оқиғаның бірі-республиканың қоғамдық-саяси көкжиегінде этносаралық қатынастарды үйлестірудің жаңа институты-Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы болып табылады. Ассамблея ұлтаралық тұтастық пен келісімді сақтауға іс жүзінде өз үлесін қосып, бейбітшілік үлгісі мен көпұлтты халықтың рухани-мәдени қайта өркендеуіне ұйытқы болды.

Осындай мемлекеттік бастамалар арқасында қазіргі кезде Республикамыздың бірқатар елдерінде түрлі съездер мен конференциялар өтуде.

Дегенмен, бізге қазіргі заман қақтығыстарға толы екендігін ұмытуға болмайды. Олардың көпшілігі діни факторды пайдалану әрекетімен байланысып, ИГИЛ сияқты-2013 жылдан бері Сирия мен Ирак аумағында әрекет етіп жатқан Ирак пен Левантаның ислами мемлекеті яғни, мемлекеттілігі танылмаған халықаралық исламдық суниттік террористік ұйымның қаупі бүкіл әлемге таралғаны белгілі. Бұл бірлестік әлемге 2014 жылдың 29 шілдесінде Сирияның Эр-Ракка қаласында құрылып, өзінің штаб-квартирасы бар, шариғат заңдарымен басқаруды мақсат еткен, танылмаған квази-мемлекет ретінде танылған.

Бұл шиеленістердің себептері жаһандану үдерістері мен ақпараттық ашықтықпен тығыз байланысты болып, мемлекетімізге жалған діндердің кіруіне оңтайлы себеп туғызады. Тек мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам институттары, конфессиялардың діни көшбасшыларының белсене қатысуымен ғана қоғам жалған діни сипаттағы доктриналарды жамылатын агрессияның және зорлық-зомбылық актілерінің шынайы бейнесін ажырата алады.

Осындай халықтың тыныштығын бұзатын, Аллаға деген сенімді бұрыс пайдаланатын, соғыс ошақтарына себеп болатын ұйымдармен күресті әлем болып жұмылу маңыздылығын Елбасымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының (бірегей халықаралық ұйым) кезекті жиынында атап өткен болатын.

Бұл күресті Қазақстан Республикасының әр саналы азаматы, оның ішінде ЖОО-ның оқытушы-профессор құрамы біріншіден, өз отбасынан, қызмет ету ортасынан, шәкірттерінен бастауы-үлкен жауапкершілікті жүктейтінін ұмытпауымыз қажет.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Курманалиева А.Д. «Қазақстандық қоғамда рухани құндылықтардың модернизациялануы» атты іргелі ғылыми-зерттеу жобаларының аясында өткен Республикалық ғылыми-теоретикалық конференция материалдары: «Толерантты сана қалыптастырудағы дінтанулық білімнің орны», «Толеранттылық және ынтымақтастық Қазақстандық қоғамды модернизациялау аясындағы мәдениаралық коммуникация негізі ретінде» мақалалары, «Қазақ университеті», 2015 жыл, 45-48 бет.

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына жолдауы, 2012 жыл, 14 желтоқсан, 135-137 бет.

3. Затов К. «Қазақстандық қоғамда рухани құндылықтардың модернизациялануы» атты іргелі ғылыми-зерттеу жобаларының аясында өткен Республикалық ғылыми-теоретикалық конференция материалдары: «Толеранттылық ұғымы жайлы», «Толеранттылық және ынтымақтастық Қазақстандық қоғамды модернизациялау аясындағы мәдениаралық коммуникация негізі ретінде», «Қазақ университеті», 2015 жыл, 10-12 бет.

## **МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ СТОРИТЕЛЛИНГ ӘДІСІ**

**ӘЛІМЖАНОВА А.Б.,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың*

XXI ғасырда ақпараттық-коммуникативті технологиялар қоғам мен БАҚ-тың дамуына әсер ететін маңызды факторлардың біріне айналды. Соңғы жылдары ҚР БАҚ жүйесі айтарлықтай өзгеріске ұшырауда. Компьютерлік технология саласындағы жылдам ілгерілеу, ғаламтордың пайда болуы мен дамуы, заманауи ақпараттық-коммуникативтік ортаға үлкен өзгерістер әкелуде. Ғаламтор ҚР қоғамдық өмірінің белгілі деңгейін қамтитын қуатты ақпараттық ортаға айналды. Жаңа ортада ғаламторлық БАҚ белсенді дамып, айтарлықтай орынға ие болды. Елімізде мультимедиалық журналистиканың пайда болуы және дамуымен бірге, бұқаралық коммуникация саласында еңбек ететін адамдарға, журналистерге, қоғаммен байланыс бойынша қызмет етушілерге де талап күшейді. Бұл сала ертеректе тек гуманитарлық бағытқа жатқан болса, қазіргі уақытта компьютерлік және ғаламторлық технологияларды білу жүйелік БАҚ салаларында нәтижелі еңбек етудің шартына айналды.

Қазіргі заманда ақпараттық ілгерілеудің жаһандануы, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен басымдығының арқасында ақпараттың маңызы бұрынғыға қарағанда арта түсті. Осы ақпараттық тасқында Қазақ журналистикасы жаңа заманның технологияларын қаншалықты меңгере алып жүр? Жаһандану процесі мен ақпараттық төңкеріс нәтижесінде «бүкіл планетаның бірыңғай жаһандық ақпараттық кеңістігі» қалыптасты және «жаңа технологиялар қашықтық ұғымын жоққа шығарып жатыр». Қоғамның дамуындағы осы кезең қазіргі замандағы ғылымда «ақпараттық заман» деген атауға ие болып отыр.

Дамыған елдерде ақпараттық қажеттіліктің үнемі өсуін және ақпараттық өнімдер мен қызметке төлем жүргізе алатын сұранысты қамтамасыз етіп отыратын нәтижелі қызмет атқарып тұрған экономикасы, ақпараттық қызметтің негізгі тұтынушысы болып табылатын қуатты орта тобы бар. Дамыған мемлекеттерде өндіріс орындары мен тұрғындарға ақпараттық өнімдер бойынша қызмет көрсете алатын инфрақұрылым, компьютерлік білім қалыптасты және ғаламтор ұсынатын қызмет түрлері де қарқынды дамып келеді.

Оның ішінде ең маңыздылары:

Заманауи мультимедиалық құралдарды дамыту саласындағы қатынасты құқықтық реттеуді жетілдіру;

Азаматтық қоғам үшін мемлекеттің ақпараттық айшықтығы, мультимедиалық құралдарды кеңінен қолдану негізіндегі мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара нәтижелі қатынасы үшін алғышарттар жасау;

Мультимедиалық журналистиканы дамыту арқылы билік органдарын, мемлекеттік және қалалық басқарманы модернизациялау;

Білім беруді, ғылымдағы кадрлық әлеуетті дамыту, жалпыға қолжетімді мәлімет қоры мен электронды кітапханаларды демеу, мультимедиалық орталықтар құру;

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, мультимедиалық құралдарды ендіру арқылы тәуелсіз БАҚ-тың дамуына қолдау көрсету.

Multimedia лат. Multum – көп және media-medium – құрал деген сөздерінен шыққан. Ақпараттың бірнеше түрін: мәтін, фото, графика, дыбыс, бейне, анимация – электронды тасымалдаушы [1,15].

Мультимедиалық журналистика – журналистиканың ерекше түрі. Сондай-ақ, интернетте тәуелсіз журналистиканың дамуына үлкен әсер ететін мықты механизм. Негізгі артықшылықтарына сараптама жасап көрейік.

Біріншіден: көптеген басылымдар өздерінің интернеттегі баламасын жасап жатыр, біреулері интернет-сайт, блог ашуда. Тәжірибе көрсеткендей, жүйедегі БАҚ-тың танымалдылығы да жоғары болуда. Бірақ мультимедиалық редакцияларды әлі де құруға қауқарсыз. Өйткені жаңа технологияларды меңгерген мамандар жеткіліксіз.

Екіншіден: интернет-технологиялардың базасында функцияланатын БАҚ дәстүрлі БАҚ-тан біршама өзгерістерге ұшырауда. Олар жер шарының кез келген нүктесіне тарайды, ақпарат жедел түрде таратылып, жарияланады. Осы ретте екінші бағыт, бұқаралық ақпарат құралдарындағы плюрализмнің дамуы заңды құбылыс.

Үшіншіден: БАҚ интернетте заңдық нормада бақыланбайды. Сондықтан пішіні және мазмұны бойынша дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға сай келмейтін материалдарды интернетте жариялауға мол мүмкіндік бар. Яғни цензураны орнатуда публицистиканың альтернативті әдістерін көрсетеді.

Төртіншіден: журналистер мен ақпараттық қоғам арасында байланысты одан әрі күшейтеді. Тіпті, олардың арақашықтықтарына да қарамастан байланыстырады. Яғни шетелде тұрып-ақ, отандық сайттарға мақала жазу, ақпарат беруге болады.

Бүгінде интернет сайттар дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының бір бөлігі іспеттес. Алайда, екеуінде де ұқсастықтар бар. Ортақ міндеттері ақпарат тарату. Дегенмен, қоғам дамыған сайын ақпараттық ортаның дамуы да заңды нәрсе. Мысалы, XX ғасырда журналистикаға жаңа сипат – интернет журналистика еңсе, XXI ғасырда интернет журналистиканың жаңа қыры – мультимедиалық журналистика дамуда. Яғни әлемде ақпарат таратудың жаңа үлгісі қолданылуда. Сондықтан заманауи ағымның ығына сай ақпарат алу, қолдану қазіргі таңдағы тұтынушының да талабы.

Мультимедиалық журналистикада бүгінде *сторителлинг* әдісін қолдану тиімді болып отыр. Сторителлинг – ақпаратты оқырманға мәтін, графика, анимация арқылы кезең-кезеңмен жеткізудің ерекше түрі [2]. Яғни, оқиғаны нақты фактілермен, қызықты мәліметтермен сипаттау арқылы оқырман есінде сақталып қалады. Алғаш бұл тәсілмен АҚШ-та «Armstrong International» корпорациясының басшысының New York Times газетінде жариялаған материалы миллиондаған аудитория жинады. Ол өз компаниясының жұмысын таныстырып, жаңадан келгендерді қалай үйрететінін баяндаған. Кейіннен осы әдістің арқасында қандай жетістіктерге жеткенін кітап ретінде жазып қалдырады.

Сторителлинг әдісімен мультимедиалық материал дайындау үшін неге мән беруіміз қажет деген орынды сұрақ туындайды.

*Контент дайындау.* Оқырман үшін қызықты және қажетті материал құнды болмақ. Сондықтан оқыған адам өзіне қажеттісін ала алатындай болуы қажет. Ол пирамида әдісімен құрылғаны жөн. Сонымен қатар түрлі көзқарастардың тақырыпты ашуға пайдасы болуы мүмкін. Эксперттің сөзі визуалды фото, графика, анимация түрде берілсе сенімдірек болады. Оқиғаны немесе зерттеуге алынған тақырыпты тарихынан бастаған жөн. Контентті дайындауда фотосессия, эмбиент-видео, иллюстрация және инфографиканы қолдану арқылы көптеген мәліметтерді жинақы түрде беруге болады.

*Тақырып таңдау.* Тақырыпты қоюда ең алдымен қысқа және нұсқа, түсінікті болуға мән беру керек. Өйткені афоризмдермен, фразеологизмдермен, мақал-мәтелдермен тақырып қою жаңа медиада кездеспейді. Өйткені әлемдік стандарттарда ақпарат беруде бес сөзден аспайтын тақырыптар тиімді саналады. Ал сұхбат жанрында цитаталармен тақырып қою кездеседі. Сандық көрсеткіштермен берілген тақырыптар көп оқылады. Тақырып тартымды болмаса, бүгінде оқырман жазған еңбекті, контексті бағаламауы, тіпті оқымауы мүмкін.

*Жобалау.* Мультимедиалық редакциялар аудиторияның қажеттілігін зерттеп, оқырмандардың қажеттілігіне анализдер жасап отыру керек. Өйткені қажет емес ақпараттар адамның жүйкесін ауыртып, интернет журналистикаға күмәнмен қарауға мәжбүрлеп отыр. Сондықтан дұрыс жобалап заңдық тұрғыдан жазбалар жарияланғаны жөн. Сторителлинг әдісін қолдану да жобалау тұрғысынан тиімді тәсіл. Берілетін материалдар әртүрлі жанрда тартымды болса ғана аудиториясы тұрақты болады. Сторителлинг әдісін әртүрлі салада қолдануға болады. Әсіресе салалық сайттарда бизнес, әлеуметтік сала, өндіріс өнімдері туралы таныстырылым сайттарында, психотерапияда, медицина саласында кеңінен пайдалануға болады. Бірақ өкінішке орай Қазақстандық салалық сайттар өз бағыттарын айқындай алмай, веб-редакторлары жаңа технологияларды меңгермей аудиторияларын жинай алмай отыр. Сондықтан елімізде тек көп қаралатын сайттар қатарына ақпараттық порталдар ғана кіріп отыр.

Қазақстандық сайттардың ішінде қай сайт сторителлинг әдісін қолданатынын зерттеп көргенімізде тек massaget.com, szh.kz сияқты жастардың танымдық сайттары ғана қолданып жүргенін байқадық. «Қазақ хандарын білесіз бе?», «Сіз оқуға тиіс 10 кітап», «Қазақ киносының үздіктерін таңдаңыз» т.б. осындай материалдар адамның рухани санасын дамытып, танымын арттырады. Қысқа әрі тұщымды дүнелерді жаңа технологиялар арқылы оқырманға ұсыну заман талабы.

Әрине, жаңа жаһандық жүйенің өзіне тән ерекшелігі де болары хақ. Заманауи мультимедиалық редакциялардың ерекшеліктері төмендегідей талаптарға сай болу керек:

- ақпараттың үнемі жаңарып тұруы;
- сайттарды тұтынудың жоғарылығы;
- тұтынушылардың өздері баға беріп отырады, басқа сайттармен салыстыра алады;
- веб-басылымның беделдігі, ақпараттық жобаның танымал болуы;
- кәсіби дизайн (сапалы, мазмұнды);
- аудиторияның әр алуандығы;

- өзектілігі және таңдау мүмкіндігі;
- мұрағаттау мүмкіндігі;
- интерактивтілігі;
- мультимедиалығы;
- аудиториямен тығыз байланыс, тұтынушы тікелей байланысқа шыға алуы;
- ақпарат алудың жаңа мүмкіндіктері [3];

Мультимедиа – журналистикаға бұрынғыдан өзгеше қалып, жаңаша мән әкелді. Финляндияның ірі басылымының бірі - «Хельсингин Саномат» газетінің шолушысы Пентти Садениеми мультимедиа дәуіріндегі журналистің қызметіне былай деп сипат береді: «Жаңа технологиялар журналистің жұмысын жеңілдетеді әрі жайландыра түсті. Барлығында жеке компьютері бар, бұрынғысынша жүгіру, жан-жаққа телефон шалу, мекен жайларды іздеудің қажеттігі жоқ. Әріптестерімізбен электронды пошта арқылы байланыс орнап тұрғандықтан, сұрау саламыз да, арғысына көп мазасызданбаймыз. Әсіресе, шетелдегі журналистермен қарым-қатынас жасау аса қолайлы». Осыдан келіп, еңбектің авторы интернетпен қоса пайда болған журналистиканың сапасына алаңдаушылығын да жасырмайды.

Бүгінгі БАҚ-ның қоғамдық міндеттерінің азайып, ендігі оның коммерциялық мақсатта көбірек қолданылуы да оның сапасына әсер етуде. Сондықтан көп кешіктірмей мультимедиалық редакцияларды, орталықтарды дамытуды қолға алып, әлемдік жаңа технологияларды меңгере алатын жас журналистерге мүмкіндіктер берілуі тиіс. Оларға мемлекет тарапынан қаржылар қарастырылуы қажет. «Қазконтент» сияқты ірі компаниялар жаңа технологияларды оқыту курстарын ашып, маман даярласа мультимедиалық журналистика өз алдына жеке сала болып дамитынына күмәніміз жоқ. Сонда әлемдік мультимедиа саласында қолданылатын сторителлинг сияқты әдіс-тәсілдердің алуан түрлері заманауи БАҚ-та қолданылары сөзсіз.

#### **Әдебиет:**

1. Что такое мультимедийная журналистика? Плоды медиареволюции [Электронный ресурс].-<http://yenot-online.com/multi-media/> (дата обращения: 06.03.2015)
2. А.Симмонс. Сторителлинг. Как использовать силу историй. М.; 2013 ISBN 978-5-91657-507-1
3. Сұлтанбаева Г.С., Әлімжанова А.Б. Мультимедиалық журналистика. Алматы: «Қазақ университеті», 2016. -126 б.

## **АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ (ТІЛДЕР МӘСЕЛЕСІ НЕГІНДЕ)**

**ӘРІПОВ Ә., ЖАҢАБЕКОВА М.А., КЕНЖЕКАНОВА К.К.**

*Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, шетел филологиясы және аудрама  
ісі кафедрасының оқытушылары*

Тәуелсіздігімізге қайта қауышқан сәттерден бері Қазақ журналистикасы мен Отандық БАҚ өзіне тән жылдамдығымен дамып келеді. Қазіргі таңда БАҚ-ның кеңістігінде Қазақ тілінде ақпарат беретін газеттер мен журналдар, телеарналар жұртшылықпен байланыс қызметтерін атқаратын жарнама және ақпарат агенттіктері жетерлік. Десек те, біздің БАҚ-ның әлі де әлемдік деңгейде өзінің тиісті жоғары деңгейіне жете қоймағанын айтуымыз керек. Бұның әрине көптеген себептері бар. Оның ішіндегі ең бастылары біздің БАҚ өкілдерінің журналистикалық білім ордаларында және ғылыми орталықтарда белгілі бір дәрежеде көпшілігінің мемлекеттік тіліміз бен дамыған елдердің тілдерін, атап айтсақ ағылшын, француз, неміс тілдерін кеңінен меңгермеуінде және ақпараттық қажеттілікке толыққанды пайдаланбауында болып тұр.

Сонымен қатар, журналистиканың техникалық, ақпараттық, ұйымдастырушылық-басқарушылық инфрақұрылымында қызмет атқаратын мамандарды дайындайтын оқу орындарында арнайы мамандықтардың болмауы, тіпті элективті курстарға да кредиттердің аз бөлінуі болып табылады. Соңғы жылдары БАҚ атауларында *пресса, масс-медиа, Интернет, пиар, лайк, фриланс, сайттар, база, сейл, онлайн, портал, отсар* деген ұғымдардың қолданылуы қазіргі ақпараттық техника мен технология жетістіктерінің нәтижесінен туындаған халықаралық сөздер. Осы ұғымдардың өзі әлемдік ақпараттық кеңістіктің өзі де байланыстың электрондық жүйесінің элементтерінің қорытып тұр десек те болады. Осыған орай ағымдағы БАҚ өкілдері жарыққа шығаратын туындылар сипаты да ақпараттық кеңістікте еркін үн қатуда да заман талабына сай болуын талап етеді. Ақпараттық технологияда білім беру, тіл үйрену, хабар тарату дегеніміз – электронды тоштаны қолдана алу, басқару жүйесіндегі адамдардың жұмыс функцияларын әлемдік желіде, спутниктік байланыста қолдана алуы, алып компаниялармен техника, технология, әлем тілдерінде тілдесе алуы, ғаламдық

ақпарат желісін пайдалану арқылы жұмыс объектілерінің ағымдағы ақпараттармен қарулануы, электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдерге қолжетімділік сияқты автоматтандырылған жүйенің іске асуы.

Еліміздегі ақпараттық кеңістік, ашығын айтқанда, көршілес мемлекеттің мемлекеттік тілінің қыспағында қалып келеді деген түсінік те жоқ емес. Сонау 2009 жылы Қазақстан Республикасының сол кездегі премьер-министрі К. Мәсімовтің тарапынан “Қазақстан Халқының елу пайызының өз Еліміздің емес, Ресей федерациясының ақпараттық кеңістігінде өмір сүріп жатқаны” айтылған еді. Әрине, бұндай деректер көп нәрсені аңғартады. Негізінде бір елдің халқының басқа бір елдің ақпараттық ықпалында болуы өте қауіпті жағдай екені белгілі. Алайда, 1991 жылдан бері дербестігін қайтарып алған Қазақ Елінің бұл күрделі проблемамен айналыспай келе жатыр деу де дұрыс емес.

Қазіргі таңда Мемлекетіміздің аумағында 2700-ден астам БАҚ-ы бар. Олардың елу пайызынан астамы басылымдық құралдар. Біздің Елімізде газет журналдарда мемлекеттің үлесі барынша азайтылған. Бұл әрине біздегі сөз бостандығы мен демократияның қаншалықты деңгейде дамығанының айқын дәлелі. Оның үстіне біздегі басылымдық құралдар яғни газет журналдардың барлығы дерлік саясаттандырылған деуге келмейді. Бірақ Қазақ Баспасөз Құралдарының басты проблемасы көршілес мемлекеттің мығым ақпараттық қыспағында қалып отырғандығы. Осы тұрғылас мәселелер әрине әр салада, әрқашан бола береді. Әр проблема жасалған әрекетке байланысты не прогреске жетелейді не де регреске апарарды.

Біздің БАҚ-ң Әлемдік немесе Халықаралық көлемдегі ақпаратты таратудағы ең басты проблемасы көп жағдайда орыс тіліне аударылған басылымдарға, немесе Ресей федерациясының басылымдарына жүгініп, солардың ақпаратын тікелей өзгертусіз аудару салуында болып келеді. Ресей ақпараттық құралдары шамадан тыс саясаттандырылғаннан соң, олардың пропагандалық бір бағытты саяси көзқарас пен ұстанымды қолдайтыны ешкімге жасырын қалған жайт емес. Біздің Еліміздегі шетелдік БАҚ-а берілген кеңістіктің үлесінің 90%-ы Ресей федерациясының БАҚ-на тиесілі. Бұл ешбір сылтаулар айтарлықтай жағдайы жоқ факт. Біріншіден, қаншама жерден “стратегиялық одақтас”ымыз болса да басқа елді өз ақпараттық кеңістігімізде олай “емін еркін” қимылдатып, бар мүмкіншілікті беріп қойғанымыз өзіміз үшін қауіпті. Екіншіден, біз өз Медиамыздың Әлемде ірі беделге ие болып, BBC, CNN, TRT деңгейіндегі атақты телеарналарымен барша дүниеге хабар тарататын мықты кәсіпқой мамандарға толы БАҚ-ы бар, ақпараттық жағынан дамыған Елге айналуымызды қаласақ шет тілдеріндегі, анығырақ айтқанда орыс тілінен басқа шет тілдеріндегі БАҚ-ын Еліміздің Ақпараттық кеңістігіне кіргізуіміз керек. Үшіншіден, біз өз БАҚ-ымыздың кәсіби деңгейін арттыру мақсатымен шет тілдерінен тікелей мемлекеттік тілімізге ақпаратты аударып жеткізіп беретін жоғарғы деңгейдегі дайындықтан өткен өз мамандарымызды көбейтуіміз шарт.

Қазақстанның ақпараттық кеңістігі өз халқына ықпалы жағынан ресейлік ақпараттық кеңістігінен әлдеқайда артта қалып отыр деген түсінік те жоқ емес. Әрине, орыс тілі – ұлы тіл, таралу жағынан әлемде алғашқы ондыққа кіреді. Сөз жоқ, Қазақстанның даму жолында орыс тілі белгілі жағымды рөл атқарды. Мемлекеттік тілдің ақпараттық кеңістікте кең өріс алуы үшін көршілес елдер тілдерін, әлемдік тілдерді жетік меңгерудің аса қауіпті де жоқ, тілдерді дұрыс мақсатта меңгерген адамдар сол тілдерді үйрену барысында өз ана тілімен салыстыру арқылы да айтарлықтай нәтижеге жетуге болады, ол үшін дұрыс идеология мен мақсат қою қажет деп ойлаймыз.

Қазақстанның БАҚ өкілдері шет елдерде сол жергілікті шет тілдеріндегі ақпаратты басқа бір шетел тіліне одан соң ғана өз мемлекеттік тілімізге аударып уақыт жоғалтуға мәжбүр емес. Уақыт пен ақпараттың ат басындай алтыннан да құнды болған қазіргі заманда бұл салада да шынайы кәсіпқойлыққа тән жедел қимылдар жоғары бағаланады. Біз өз Қарулы Күштерімізден қаншалықты деңгейде жоғары кәсібилікті талап етсек, соншалықты деңгейде Бұқаралық Ақпарат Құралдарынан да талап етуіміз керек десек еш қате болмайды. Өйткені, қазір Елдер арасында қарусыз ақ ақпараттық шабуылдар мен соғыстар жүзеге асырылып жатады. Әскери қимылдар болып жатқан жерде Ақпараттық соғыс та болады. Соңғы жылдары болып жатқан жағдайлар, әсіресе Украина мен Сириядағы әскери қимылдар Ақпарат пен БАҚ-ның қаншалықты маңызды екенін дәлелдеді.

Еліміздің ақпараттық кеңістігінде шетелдік БАҚ-ның үлесіне келсек 2392 басылым құралдары, 83-тей телебағдарлама және жер серіктері арқылы таратылатын арналармен қоса 1000-ға жуық телеарна бар. Осылардың тоқсан пайызы орыс тілінің үлесінде екен. Ал қалған бес пайызы ағылшын тілінің және тағы бес пайызы да басқа да шет тілдерінің үлесінде болып отыр. Осыдан кейін әрине Еліміздің халқының тең жартысына дерлік ресей телеарналарының көрермені болып, көршілес мемлекеттің идеологиялық әрі мәдени экспансиясына душар болады. Ал бұл біздің Мемлекетіміздің, БАҚ-ымыздың да ірілі-кішілі көптеген мүдделеріне теріс болып келеді. Осы сұрақ бойынша басты



“бәсекелесіміз” бен шекарамыздың да тым ұзын екенін ескерсек, ресейлік телеарналар мен газет журналдарға жаппай тыйым салу әрекетінің де өте тиімді шешім болатындығын болжап айту қиын. Оның үстіне ғаламтордың ықпалы қағаздан мықты заманда бұл мәселе өте күрделі.

Сонымен бірге “Soft Power” саясатын ұстанатын мемлекетіміз үшін бұл әрекет онша жарай қоймайды. Алайда қол қусырып қарап отыру да жақсылыққа апармасы белгілі. Сол себепті біз Елімізде сепаратизм, түрлі арандатушылық әрекеттердің алдын алу үшін басқа салалардағыдай Ақпараттық салада да Мемлекеттік тіліміз бен Ағылшын тілінің үлес салмағын арттыра беруімізге тырысу біздің мүддемізге керекті шешім бола алар еді. Себебі, дүние жүзі мойындаған мәдениет, ғылым, жаңа технологиялар, ұлтаралық қатынастар тілі - ағылшын тілі. Сонымен бірге біздің Елімізде тек Республика аумағындағы Қазақтілді азаматтардың аудиториясымен ғана шектелмей, Дүниежүзіндегі барша Қазақтілділердің өмір тірлігінен хабар беріп, олардың басты ақпараттық құралы бола алатындай телеарналар мен интернет газет журналдарын жасап дамыту да біздің басты мүдделеріміздің бірі деп ойлаймыз. Мысалы, көп уақытын Қазақ тілінде телебағдарламаларға жұмсайтын “Балапан” телеарнасының қазіргі таңда тек Қазақстан аумағында ғана емес сонымен бірге шекаралас Моңғолия республикасының батыс бөлігінде Баян Өлгей аймағында да тарағандығы сол аталмыш аймақтағы қандастарымыздың туған тілін ұмытпай керісінше Қазақстандағы сөйленетін Қазақ тіліне еркін бейімделуге өз септігін тигізіп жатыр деп нық сеніммен айта аламыз. Моңғолияда шамамен 150-300 мың арасында қандастарымыз бар. Ал Ресей, Өзбекістан және Қытайдағы қандастарымыздың саны әрқайсында 1,5 млн-нан артылады. Яғни біздің Ақпараттық құралдарымыздың аудиториясы барынша үлкен. Жоғарыда аталмыш Медиа саласындағы ВВС, TRT іспеттес телеарналар бір жағынан өздері тиесілі мемлекеттің мүдделерін қарусыз қорғайтын, әрі солардың мәдени кспансиялық бағыттағы саясатын жедел әрі қансыз дамытатын күүралдары. Біздің Елімізге де сондай құралдар керек. Әрине, өзі басқа Елдің ақпараттық ықпалында отырған мемлекетке бұндай саясатты жүзеге асыру бастапқыда күлкілі әрі еш мағынасыз көрінуі әбден мүмкін. Өйткені Ақпараттық еркіндік пен Тәуелсіздік бір-бірінің кепілі. Ақпараттық тәуелсіздікке ие елдің бодан болып кетуі екіталай. Ал көршілес мемлекеттің ақпараттық ықпалына кіріптарлыққа түбегейлі түсіп кетпесіміз үшін алдымен мемлекеттік тіліміздің сосын да ағылшын тілінің ақпараттық кеңістігімізде қолдану аясын барынша кеңейтуіміз қажет.

Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевпен кездесуінде: «Бүгінде басты міндеттердің бірі – ақпарат кеңістігіндегі түрлі сын-қатерлерге тиімді қарсы тұра білу. Сонымен қатар, халық арасында экономикалық өсімді және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ету бағытында мемлекет қабылдап отырған шаралар туралы түсіндіру жұмысын тиісті деңгейде жүргізу қажет», – деді Қазақстан Президенті Н. Назарбаев [1]. Сонымен қатар, Елбасы өз сөзінде мемлекеттік БАҚ-тың басшылық құрамын қалыптастыру ісіне мұқият болу қажеттігіне назар аударды. «Жоғарғы талаптарға сай келетін, шетел тілдерін меңгерген және ақпарат кеңістігінің басты үрдістеріне сапалы талдау жасай алатын адамдарды таңдау керек. Жалпы, мемлекеттік ақпарат саясатының мәселелері менің басты назарымда. Министрліктің қызметіне тікелей өзім және Президент Әкімшілігінің басшысы бақылау жасайды. Басқа тұлғалардың араласуына жол берілмейді», – деді Мемлекет басшысы.

Әдебиет:

<https://www.dalanews.kz/19694>

## **СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАНЫҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ СФЕРАСЫНЫҢ ДАМУЫНА АТА-АНАЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ**

**БЕКБАЕВА З.Н.,**

*п.ғ.к., аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Арнайы білім беру кафедрасы*

**САУРЫҚОВА Б.,**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің*

*6М010500 «Дефектология» мамандығының*

*II-курс магистранты*

Мотивация теориясы қоршаған  
орта факторын есепке алуы керек....

А.Маслоу

Балалардың мотивациялық-қажеттіліктер сферасына ықпал ететін факторларды теориялық зерттеу барысында мектеп жасына дейінгі балалар үшін тұлғалық маңызды субъект ретінде ата-аналары танылады екен. Әйгілі американдық психотерапевт, отасылық кеңес берудің негізін қалаушылардың бірі В.Сатир: «Баланың алғашқы 5-6 жасында оның өзін-өзі бағалауы отбасында қалыптасады. Сыртқы ықпал етулер отбасында меңгерілген жоғары немесе төмен деңгейдегі өзін-өзі бағалауды күшейте түседі... Ата-аналар тарапынан айтылған әрбір сөз немесе бет кейпі бала өзінің құндылықтарынан алатын ақпарат болып табылады. Осыған орай біз зерттеу жоспарына баланың логопедиялық сабақтарындағы мотивацияның қалыптасуына ықпал ететін ата-аналардың және олардың балаларының өзара қарым-қатынастарын кіргізуді жөн санадық. «caregiver» деген арнайы термин, баланың қамқорлығын қамтамасыз ететін тұлға деп танылады (С.Н. Цейтлин, 2000). Баланың сөйлеу тілінің дамуы көп жағдайда анасының сөйлеу тілдік әрекетімен анықталады.

Шет елдік әдебиеттерде тіпті ерте кезеңнен бастап анасының баласымен ролін айқындайтын «maternal care» (аналық қамқор), «mothering» (аналық) (Т.А.Силич, 1991) терминдер пайда болған. Батыста жүргізілген кейінгі зерттеу жұмыстары аналардың екі түрінің бар екендігін анықтады: біріншілері – балаларына не істеу қажеттілігін талап етіп отырса (императивті стиль), екіншілері – болып жатқан жағдайлар туралы айтып отырады (қарым-қатынастың декларативті стилі). Шын мәнінде екі стильдер жиі кездесе бермейді, себебі, ата-аналар көп жағдайда біріншісінен екіншісіне ауысып отырады. Қарым-қатынас стиліндегі айырмашылықтар өте маңызды бола отырып, ол көп жағдайда баланың когнитивті және сөйлеу тілдік әрекетін анықтайды [1, 2, 3].

Жалпы, балалардың сөйлеу тілінің дамуы анасының сөйлеу тілдік тактикасына байланысты болып табылады. Бірақ бұл жағдайлар ғылымда толыққанды зерттелмеген.

М.Ф.Бергу, J.Eisenson баланың сөйлеу тілінің дамуына кері әсерін тигізетін ата-аналар ұстанымдары мен мінездемелік сипаттарын бейнелеп көрсеткен. Баланың үйіндегі манералар, өзара қарым-қатынастар баланың сөйлеу тілінің дамуына ықпалын тигізіп отырады. Егер ересектердің сөйлеу тілдері ашуды білдіру үшін қолданылса, егер отбасы мүшелері үнемі ашу мен ызаға толы жауап беріп, ол дауыстарынан беріліп отырса, онда баланың сөйлеу тілі осындай қарым-қатынаспен елестенеді. Бұнда кішкентай бала үшін сөйлеу тілінен қашу, жағымсыз жағдайдан қашумен тепе-тең келеді. Оның ұстанымдары келесі түрде болады: Егер адамдар сөйлесе олар бақытсыз болады. Мен сөйлемей мен ересектермен қатынасқа түспей, бұндай жанжалдан ауаша боламын». Кей ата-аналар олардың балаларының сөйлеуден бас тартуын, үй ішіндегі жанжалдардан кейінгі жағдайлар мерзімімен де сәйкестендіріп жатады [4, 5].

J.Eisenson мен M.Ogilvie сияқты америкалық зерттеушілер (1957) сөйлеу тілінің бұзылыстарының этиологиясын (туындау себебін) пайымдай келе, баланы қоршаған орта мен оның айналасындағы ата-аналармен қарым-қатынастарына аса зор мән бергеннің дұрыс екендігін көрсеткен.

Зерттеушілер аталмыш жағдайды сегіз жастағы қызды мысал келтіре отырып сипаттаған. Дыбысты түзету жұмыстары аса қиындықпен жүретін қыздың ата-анасы оған тек жақсы оймен қиын тапсырмаларды беріп, талап қойып отырған. Баланың өзіне деген сенімсіздігі басым және өз кемістігінен ұялатын болған. Психологтың «психологиялық қысымды» шешу бойынша жүргізген арнайы жұмысы логопедтің жұмысын айтарлықтай жеңілдетте түсті. Сондықтан авторлар әр баланың жеке тұлғасын жіті зерттеп, оны қоршаған әлеуметтік ортаға да мән беру керектігін айтқан. Олар логопедиялық жұмыстар көп жағдайда баланың негізгі мәселесінің салдарын ғана жойып, бірақ негізгі мәселе сол қалпы қалатындығын айтқан. Ал себептерді жою, оның салдарын жоюды жеңуге мүмкіндік береді екен [4].

J.Eisenson мен M. Ogilvie жұмыстарында дыбыс бұзылыстары әлеуметтік дезадаптация ретінде қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың дезадаптацияның себептері көп жағдайда отбасылық микроклиматпен байланысты болады. Осы көзқарастар тұрғысынан ата-аналар мен отбасылық жағдайларды зерттеу логопедиялық жұмыстың үзілмес бір бөлігі болып саналады.

Американдық авторлар психологтың жұмысы логопедтің жұмысымен үйлесімді және байланысты болады деп айтады және ол дұрыс пікірлерінде саналады. Логопедия бойынша америкалық әдебиеттерде біз K.Wood (1946) жүргізген зерттеу жұмыстрының мәліметтерін алдық. Онда автор балалардың сөйлеу тіліндегі дыбыс айтудың кемшіліктерін тексерілген балалардың эмоциональды-тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты болатындығын айтқан. Сондықтан зерттеуші аналарды психотерапиялық тұрғысынан емдеудің қажеттілігін айтқан. Емдеуден өткен балалардың аналары зерттеу көрсеткендей, түзету жағынан жақсы нәтиже көрсете білген. K.Wood бұл жағдайды өзінің бойындағы алаңдаушылықты, т.с.с жеңе білген аналар балаларға толық позиция сыйлап, балаларға қосымша мотивациялық факторларды қалыптастыруға себеп болады [5, 6].

М. Seeman (1962) сөйлеу тілі бұзылыстарын емдеу барысында бала емдеу барысында болатын ғана емес, одан тыс уақытта да болатын сыртқы ортаның сәйкес бағыттылығын маңызды жағдай ретінде атап өткен. Ал кішкентай бала үшін оның сыртқы ортасы – оның отбасы, ал үлкен балаларда ол – мектебі болып саналады.

К.Р. Becker мен М. Sovak (1981) бала үнемі қарым-қатынасқа түсетін ата-аналар, тәрбиешілері (қараушы) т.с.с өзге де тұлғалар аталмыш бұзылыстарға педагогикалық тұрғыдан дұрыс әрекет ете алмауы мүмкін. Бұл баланы аяушылық немесе мүлдем қатаң талаптар қоюымен, жазалауымен сипатталуы мүмкін.

Аталмыш факторлардың барлығы сөйлеу тілі бұзылысының бекітілуіне немесе ары қарай күшейе түсуіне әкеледі.

Marvin L. Hanson (1983) аталмыш мәселеге қатысты ата-аналардың түсіну ролін заманауи тұрғысынан қарастырып, сөйлеу тілінің патологиясы бар балалар мен олардың ата-аналары логотерапиялық ойындарды 40 жыл бұрынғы жайтпен салыстырғанда белсендірек қатыса бастағандығын көрсетті. Оған Oakland (Michigan) Schools Prevention Plan (Stephenson, 1974) және Communicative Disorders; Prevention and Early Intervention (Wiess and co – workers, 1981) сияқты мұғалімдер мен ата-аналарға көмек ретіндегі арнайы бағдарламалар ықпал етті.

Бұл аталған бағдарламаларда ата-аналар өздерінің балаларының сөйлеу тілін дұрыс мотивациялаудың провайдерлері ретінде қарастырылады. Әрбір ата-аналар мен логотерапиялық мекемелер арасында рәсімделетін арнайы келісім-шарттар бар. Олар негізінде ата-аналардың ресми түрде серіктестік ретінде бекітіліп, барлық түзетушілік үрдіс барысында және емдеу бағдарламасы аяқталғаннан кейінгі кездерге ата-аналардың араласу бекітіледі [7].

Логопедия бойынша отандық әдебиеттерді талдау барысы ата-аналармен аталмыш жұмыстың байланыстығын алға тартып, сонымен қатар ата-аналар мен логопедтердің жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру кезіндегі нәтиженің маңыздылығын көрсетті. М.Е. Хватцев (1961) «Ата-аналар көп жағдайда балалардың сөйлеу тіліндегі кемістіктерге үйреніп, сол үшін оларға дұрыс сөйлеу тілін меңгеру үшін көмектесе алмайтындығын айтқан» (86б). Бірақ, көп жағдайда оның ойынша отбасымен байланыс баланың үлгерімін жақсатып, оның жұмысын жеңілдетуге көмектеседі екен. Осы байланыстың арқасында баланың және оны қоршаған ортаның дұрыс сөйлеу тілдік режимі туындайды екен (нақты, асықпайтын, түсінікті) [8].

А.С. Марголис (1968) логопедиялық стационар негізіндегі ата-аналармен жұмыстың негізгі формаларын сипаттап берген. Автор бала үшін әдетті отбасы жағдайында сөйлеу тілдік дағдыларды бекіту шынайы және жеңіл түрде түрлі іс-әрекет үйлесімділігінде болып, сондықтан ата-аналармен жұмыс кешенді емдік-педагогикалық жұмыстың ажырамас бөлігі болып саналады. Бірақ, өкінішке орай тәжірибе барысы көрсеткендей, ата-аналар балалардың сөйлеу тілін үнемі жаттықтыру үшін жағдай жасай алмайды [9].

З.И. Часовскаяның пайымдауынша, (1972) таңдай жарықшасы бар бала отбасында аталмыш балаға көп көңіл бөлініп, онымен күнделікті жұмыс жасалса, сөйлеу тілі операциясыз да жақсаруы мүмкін [10].

Г.И. Семенчук және т.б (1977) таңдай жарықшасы бар балалардың сөйлеу тілін үй жағдайында қалпына келтіру туралы: «ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша стационар жағдайына қарағанда ата-анасы, ағасы, бауыры т.с.с көмегімен үй жағдайында да көп жетістіктерге қол жеткізуге болады. Әрине, бұнда ата-аналар сөйлеу тілін қалпына келтірудің дұрыс тәсілдерін меңгерген, оқытылған болуы керек» (149). Авторлар ата-аналардың саналы жұмысы, олар тарапынан мамандардың кеңестерін бұлжытпай орындауы аталмыш категориядағы балалардың сөйлеу тілін қалпына келтіруде маңызды ролді атқарады.

«Тұтықпа» монографиясының авторлары (1983): «Балаларда аталмыш тұтықпа белгілері пайда болған кезде ата-аналардың балаларға көмек көрсетіп, сөйлеу тіліне жағымды ықпал етуі сирек болатын жайт» (48). Олардың ойынша, көптеген балалар өздерінде пайда болған сын тұрғысынан және өзінің партнёрінің реакциясынан өзінің сөйлеу тіліндегі қателіктер мен жетіспеушіліктерді түсініп отырады. Ал, ересектер осы жайттарға мән беріп, олардың қателіктерін абайлап түзетудің орнына көп жағдайда оларды жарақаттап жатады.

Г.А. Волкова (1992) балаларда тұтықпаның көрініс табуына аналар көп жағдайда сезімтал келеді екен. Оның ойынша, әкелері аналарына қарағанда аталмыш кемістікке деген көзқарас тұрғысынан тұрақты болып келіп, балаларды тәрбиелеудің дамытушылық және мадақтау тәсілдерін жүргізеді екен. Олар аналарға қарағанда көп жағдайда кемістіктің күрделілігін бағалай алмайды. Автор балада тұтықпаның туындауы балаға деген назар аударуды арттыра түседі. (зерттеу барысы көрсеткендей, бұл көріністер аналардың 22.7% , әкелердің 26,7% болады). Кейін ата-аналарда бала кемістігіне деген

бейімделушілік туындап, олардың қатысуынсыз кемістік бара-бара өзі кетіп қалады деген ойлар да туындайды [11].

И.О.Калачева (1992) балада тұтықпа пайда болған соң отбасында қарым-қатынас жүйесі бұзылып, көп жағдайларда патологиялық қарым-қатынастар туындай бастайды. Сол үшін автор логопед жұмысымен қатар жүретін отбасылық психотерапияны жүргізуді ұсынады [12].

Атап өтетін жай, кейінгі кездері көптеген ресейлік зерттеушілер дамуында ауытқушылықтары бар балаларды отбасында тәрбиелеу мәселелеріне назар аударып, оған «Балалардағы бұзылыстарды ерте анықтау мен түзету, профилактикасы» атты 1993 ж 19-24 қыркүйегінде Мәскеуде өткен Бірінші Халықаралық Конгрестің материалдары дәлел. Бірақ, содан кейінгі басылымдар баланың мотивациялық сферасын қалыптастыру негізіндегі ата-аналармен жұмыс барысын қарастырмайды. Сөйлеу тілінде зақымдалуы бар балалардың ата-аналарымен жұмыс барысына арналған зерттеу жұмыстарының саны аз, тіпті шектеулі деп айтуға болады (О.Usanova, 1993).

И.Б.Козина (1995, 1997) тарапынан логопедиялық топтың ата-аналары отбасылық қарым-қатынас ерекшеліктерінің баланың тұлғалық сипаты мен олармен түзетушілік жұмыстың нәтижелілігіне ықпалын бағалау нәтижесінде зерттелінген. Автор алынған нәтижелерді интерпретациялау барысы дыбыстап айтуында ауытқушылықтары бар логопедиялық топтағы балалардың ата-аналары педагогикалық бақылаудың төмен дәрежесіне ие болды. Аталмыш ата-аналар балаларының тұлғалық ерекшеліктерін ескермей, олардың өздерінде кемістік сипатына орай алаңдаушылықтардың болатындығын білмейді екен. Бұл ата-аналар сауалнамада бала бойындағы сөйлеу тілдік қиыншылықтарға алаңдайтындығын атағанымен, нәтиже көрсеткіштері өзгеше болған.

Өкінішке орай отандық психологиялық және психотерапиялық әдебиеттерде бұл мәселелер толыққанды зерттелмеген. Сондықтан, «How to Manage Communication Problems in Young Children» еңбектерін жазған сияқты британдық әріптестеріміздің тәжірибесіне сүйенеміз. Психотерапевт Monica Gray, сөйлеу тілінің түрлі дәрежедегі артта қалушылықтары бар ата-аналармен және отбасылармен жұмыс жасау барысында аналары мен әкелерінің реакцияларының түрлі болатындығын, бірақ барлығының дерлік берілмейтіндігін атап өткен. Ата-аналар психотерапиялық сессияларға қатыса отырып, диагноз қойғаннан бастап, өзін-өзі кінәлау, ашулану, қайғыру, фрустрация, көңілі қалуы, т.с.с сезімдерді бастан кешіріп, яғни диагноздарды қабылдау ұзақ және қиын жүреді. Тіпті жылдар бойы оны мойындамайтын ата-аналар да кездесіп жатады.

Оларда автоматты түрде психологиялық қорғаныш механизмдері іске қосылып, «проблеманың бар екенін мойындамай, емдеудің орнына сан қилы жолдарды іздеулері» іске асырылады (107 б, С.В ауд). Бұл феномендер ата-аналарға «қайғы жұмысынан» кейін бейімделуге немесе «өңделмеген уайым-қайғы» болып, отбасы өмірін өзіне толық бағындырып алуы да мүмкін.

Бұл әрекеттердің бала мен ата-ананың қатынасына, түзетушілік жұмысқа ықпалы туралы айтудың қажеті бар ма?

Сонымен, кемістік жайындағы ата-аналардың ұстанымдары, кемістікке деген эмоциональды қатынасы «ата-ананың» ең алдымен балаға беріліп оларда екіншілік кемістікті туындатуы мүмкін.

#### Пайданылған әдебиеттер

1. Сатир В. Вы и ваша семья. Руководство по личностному росту. Пер. с англ. М.: Апрель Пресс, 2000.
2. Цейтлин С.Н. Язык и ребенок. Лингвистика детской речи. -М., Владос, 2000.
3. Силич Т.А. Социальное и биологическое в онтогенезе речевой деятельности. Автореф. дисс. канд. фил. наук. Иваново, 1991.
4. Eisenson J. Ogilvie M. Speech correction in the schools. Queens college. The Macmillan company. - N.Y., 1957.-468p.
5. Speech disorders: principles and practices of therapy / Mildred Freburg Berry, Jon Eisenson Imprint London: Peter Owen, 1956.
6. Wood K.S. Parental Maladjustment and Functional Articulatory Defects in Children // Journal of Speech Disorders, XI (December, 1946), p. 255-275.
7. Marvin L. Hanson. Articulation. Philadelphia, 1983
8. Хватцев М.Е. Логопедия. М., Учпедгиз, 1959.
9. Марголис А.С. Работа с родителями // Воспитание и обучение детей с расстройствами речи / -М., Просвещение, 1968.
10. Часовская З.И. Применение обтураторов при врожденных расщелинах неба. Л., Медицина, 1972.
11. Волкова Г.А. Взаимоотношения в семье заикающегося ребенка // Заикание: проблемы теории и практики / -М., Прометей, 1992, с.88-100.
12. Калачева И.О. Использование семейной психотерапии в процессе реабилитации детей раннего возраста, страдающих заиканием // Заикание: проблемы теории и практики / Под ред. Л. И. Беляковой. М., Прометей, 1992, с. 100-107.

Қарым-қатынастың нәтижесін талдау сатысы көбінесе қарым-қатынас жасаудағы кері байланыс деп аталады. Кері байланыс оқытылған материалдың қаншалықты дәрежеде меңгерілгенінен хабардар етеді. Ол сұрақтар, жаппай тексерулер арқылы анықталады. Педагогикалық өзара әрекеттің бұл сатылары нақты өмірдегі педагогикалық қызметте үнемі осылай кездеспеуі мүмкін. Кейбір сатылар анық байқалмайды немесе басқаша қолданылады.

Педагогикалық өзара әрекеттің нәтижеге жетуі педагогтің коммуника-тивтік деңгейіне, оның кәсіби біліктілігінің қалыптасуына, өзін-өзі дамыту мен тәрбиелеуіне байланысты.

Педагогтің коммуникативтік мәдениетінің стихиялы түрде қалыптасуы оқушымен болатын қарым-қатынаста түсінбеушілік тудырады. Сабақтың сапасын төмендетеді, оқуға ынта болмайды.

Педагогтің коммуникативтік мәдениеті адамдармен қарым-қатынас жасай білуінен байқалады. Педагогтің адамдармен тез арада тіл табыса білуі оның коммуникативтік әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Педагог қарым-қатынас жасау кезінде өзін ұстай біледі, басқа адамның өміріне еркін араласып кете алады. Сондықтан қарым-қатынас жасай білмейтін педагогтар тез шаршайды, өздерінің мамандықтарынан ләззат ала алмайды.

Педагогтің коммуникативтік мәдениеті оның өзін өзі тәрбиелеу мен дамытуының дәрежесін байқатады. Оқушылар педагогтің мәдениеттілігін, интеллигенттілігін, әділдігін, кешірімшілділігін жоғары бағалайды. Педагог педагогикалық этикетті сақтай білуі қажет.

Педагогтің коммуникативтік мәдениеті оның коммуникативті дағдысы мен коммуникативтік қабілетін танытады. Педагогтің коммуникативті дағдысы өз эмоциясын ұстай білу, қарым-қатынас жасауда жетекші рөл атқару, тіл үйренушінің психологиялық ерекшелігін білу, олардың көңіл-күйін дер кезінде аңғару, жіті бақылай білуінен көрінеді.

Коммуникативті қабілеті коммуникацияның барлық түрін ұтымды қолдана білу, айтатын сөзін дұрыс жоспарлай білу, сөйлеу мәнері мен қажетті сөздерді ұтымды қолдана білуінен байқалады.

Педагогикалық өзара әрекет вербалды және бейвербалды амалдар арқылы жүзеге асады. Қарым-қатынас тілдік қатынасқа қоса хабарға немесе сөйлесімге көмекші қызмет атқаратын бейвербалды амалдарды қажет етеді. Себебі қатынас немесе көркем мәтін тілдік қарым-қатынастың сыртында дауыстың құбылмалы реңктерінен, тембрінен, қарқындылығынан, қимыл-әрекеттерінен, дене қимылдарынан, бет-әлпеттегі өзгерістерден де құралады.

Коммуникативтік мәдениеттің технологиялық жағын арнайы жаттығулар арқылы жетілдіруге болады. Педагогтің коммуникативтік тренингінен тұратын жаттығуларды пайдалану жоғары нәтижеге жетуге көмектеседі.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне жаңа сана мен қоғамдық мәртебе беру және оны айрықша сала ретінде қабылдау қажет, оның бірінші кезектегі міндеті – жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау, икемділік пен білімділік болуға тиісті», - деп көрсетілгендей, білікті маман ғана қоғамды дамытады, экономиканы өркендетеді. Маманның біліктілігі мен кәсіби деңгейінің жоғары болуы оқытуды дұрыс ұйымдастыра білумен байланысты.

Бүгінгі қазақстандық білім беру жүйесіндегі айрықша өзгерістер оны «адамның еркін дамуына» оның жоғары мәдениетін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін, бейімделгіштігін дамытуға бағыт береді. Жоғары кәсіптік білімді дамытудың қабылданған тұжырымдамасына үшденгейлі білім жүйесіне сәйкес бакалавриат, магистратура, PhD докторантура стандарттары жасалды. Тұжырымдамада «маман моделі» кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар белгіленген. Еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар жағдайында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру маңызды міндет болып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауының «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарының» 4-бөлімінде: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. ...Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да

зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деген тұжырымдамасында жеткіншек жастар мен болашық маманның сауатылығы мен білім, біліктілігіне ерекше мән берілген [1].

Осы тұрғыда кәсіби-бағдарлы технологиялар негізінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі. ЖОО-да –біріншіден өмір сүріп отырған заманның қажеттіліне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытып тәрбиелеу, екіншіден, жеке тұлғаны адамзат мәдениетінің барлық байлығы негізінде қалыптастырушы ретінде болашаққа қызмет ететін кәсіби білімді мамандарды даярлау. Жоғары оқу орындарында оқу материалын, курсты модульге бөлуде кәсіби мамандануда ойдағыдай нәтижеге жетуге, уақытты дұрыс пайдалануға, студенттердің өз бетімен ізденіп жұмыс жасауына, коммуникативтік құзыреттілігін дамытуына т.б. мүмкіндік жасалады.

Адамдағы қарым-қатынасқа ерекше әсер жасайтын психологиялық сапалық түрлеріне терең талдау жасаған еңбектер қатары өсті. Онан еңбектерде әсіресе дара тұлға (жеке адам) коммуникативтік компетенттілігі (сайма сайлығы) түсінігі жан-жақты зерделенді [2].

Атап айтқанда жағдайды объективті тұрғыда көре білудің ең маңызды шарты адамдағы коммуникативті сезімталдықты әсіресе бақылағыштық сезімталдылық сипатын айқын көрсету іске асты. Яғни бақылағыштық сезімталдылық дегенді басқа адамды бақылай және не айтқанын есте ұстап қалу қабілеттілігі – деп көрсетті. Сондай-ақ теориялық сезімталдылық қағидалары да көрсетілді. Мұнда басқа адамның іс-әрекетіне, ой-өрісіне, сезіміне дәл көрегенділік айту үшін теорияны қолдану және таңдай алу қабілеттілігі, өзінің эготалаптарын мойындау мінез-құлқына өзгеріс жасау қабілеті, өзін қоршаған орта үшін өз іс-әрекеті мінез-құлқы жасай білу қабілеттілігі – сезімталдылық теориялық тұрғыдағы қабілеттіліктер болып табылатындығы дәлелденді. Сондай-ақ коммуникативті сайма-сайлылық (компонентность) адамның қарым-қатынастың әртүрлі құралдарын қаншалықты меңгергеніне, ситуацияға қатысу нормалары мен ережелерін білу шамасына, мінез-құлық амалдарын пайдалана білу қабілеті шамасымен өзінің жекебас ресурстарын қолдана білу амалдары мүмкіндіктеріне тәуелді болатындығы көрсетілді.

Әсіресе оқымысты адам мотивациясын (сылтау-себептерін) сипаттайтын қадір-қасиеттерді қарауға болады. Оларға доминанттық көңілшілік тіл алғыштық байсалдылық (салмақтылық); әлеуметтік мазасыздану, үрейлілік, мазасыздануға бейімділік, т.б. оқымыстының дәлелдеуі бойынша өзара ықпалдастықты жүзеге асыруды бірден-бір қамтамасыз ететін сапалық белгілерге: бейімділік және көтермелей білу біліктілік; қарым-қатынастағы серіктестікті эмоционалды қолдап тұру; қоян-қолтық байланысты іске асыруға жағдай жасаушы біліктілік; әлеуметтік өзара әсер жасауға бақылау жүргізе білу қабілеттілігі; ынтымақ ұстап тұра білу және серіктестіктің мінез-құлқына қарай өз мінез-құлқына үйлесімділік жасай білу қабілеттілігі; қарым-қатынасқа түскен серпінді дұрыс түсіну үшін сонымен қоса қайтымды (қарсы жақтан болатын) байланысты алу үшін талаптанатындар: сезімталдық, яғни адамның әртүрлі қылықтарына сезімталдық білдіріп тұру, яғни адамның психологиялық қасиеттерінен, оның әлеуметтік сипатынан, нәлді қабылдай алу қабілеттілігінен мәліметтер танытатын іс-әрекет қылықтарынан сезімтал көзқарас жасау. Сондай-ақ қарым-қатынас процесін жүзеге асыру үшін өзіңе-өзің сене білуіңмен өз-өзіңе сенімділігінің болуы сияқтылар жатады.

Орыс оқымыстысы К.К.Платонов қарым-қатынас жасауға ықпал жасаушы дара тұлғаның динамикалық функционалдық құрылым концепциясын жасады. Концепцияға байланысты жеке адам қабілетін құрылым ішінен 4 кіші құрылымы бөле-жара қарастырады [3, 32].

Бірінші кіші құрылым адамның адамгершілік (моральдық) танытатын ерекшелік белгілерін топтайды. Бұлар тәрбие жолымен қалыптасады. Мұны әлеуметтік кіші құрылым деп атауға болатыны ескертілген.

Екінші кіші құрылым адамдағы білім, біліктілік дағды және әдеттерді (өз іс-әрекет, үйрену жолымен қалаған) топтайды. Мұны «тәжірибелік» кіші құрылымы деп атау ұмытылған. Кейде бұл кіші құрылымды «жекелік мәдениет» - деп те атауға болатыны ескертіледі.

Үшінші кіші құрылым адамдағы жеке – даралық ерекшеліктің кейбір психологиялық процестері: қабылдау, еске сақтау, ойлау, эмоция сияқтыларды топтастырады.

Төртінші кіші құрылым адамдағы қызуқандылық, жыныстылық және жас ерекшеліктерді топтайды [4].

Қорыта айтқанда, адамның барлық қасиет қадірі басқа адамдармен қалай қарым-қатынас жасағанынан білініп тұратын: оның бағыт-бағдары, білім меңгеруі, біліктілігі мен дағдылары, еске сақтау ерекшелігі, ойлампаздылығы, эмоция және қызуқандылығы қарым-қатынас жасау барысында

көрініс береді екен. Әйткенмен есте сақтайтын бір мәселе әр деңгейдегі қадір-қасиет адамның коммуникативтік мінез-құлығына бірдей дәрежеде әсер қалдыра алмайтынын ойда сақтау қажет.

Студенттердің қоғамдық ғылымдары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудағы педагогикалық бағыты - ЖОО барлық оқу көлемінде, сонымен бірге, студенттерді болашақ кәсіби қызметіне дайындау үшін белгілі мүмкіндіктерін жасауға көмектеседі. Ғылыми конференцияларға қатысу студенттерде баяндаудың өзіндік дайындығы мен көпшілік алдындағы баяндамаларын жасау дағдыларын, шығармашылық дискуссияларда қатысу ептіліктерін дамытуға көмектеседі, бұл олар үшін өндірістің болашақ спорттың ұйымдастырушылар ретінде өте маңызды.

Қоғамдық кәсіп факультетінде дұрыс ұйымдастырылған шаралар-студенттің болашақ кәсіби қызметіне тиімді дайындық жасауына көмектеседі. Мамандарды дайындаудың қазіргі заманғы талаптарында оқытушының кәсіби деңгейіне, педагогикалық шеберлігіне және жеке басы ерекшелігіне деген талаптар ерекше күшейтілген. Зерттеу барысында, біз жоғарғы оқу орындары оқытушыларының қарым-қатынас мәдениеті-болашақ денешынықтыру және спорт мамандығы студенттерінде мәдениетті қалыптастыруға әсер етуші маңызды факторлардың бірі болып табылады деген қорытындыға келдік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Балтабаева Ж.Қ. Жоғары оқу орнында студенттер тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері(қазіргі қазақ тілінің морфология саласы бойынша); Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. –Алматы, 2009.–3 б.

2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-практикалық негіздері. Алматы, 1996.-178 б.

3. Буева Л.П. Человек, деятельность и общение.–М.: Мысль, 1978. –216 с.

4. Злобина Е.Г. Общение как фактор развития личности. –Алматы: Ғылым, 1981. –115 с.

#### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ**

**ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА Р.С.,**  
*Әл-Фараби ат.ҚазҰУ, доцент*

Оқу мен оқыту – біртұтас үрдіс қандай жағдайда болсын оқыту оқытушы мен студенттің ой бірлігі негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі студенттердің шығармашылық ойлауын жетілдіру, іс-әрекет қажеттілігі мен шеберлігін тәрбиелеуге дербес ықпалдылық танытуға мүмкіндік туғызатын құралдар мен әдістер баршылық.

Дәріс сапасын арттыру – барлық оқытушыларды толғандыратын маңызды мәселе. Бұл ретте білім деңгейінің төмендеу себептерінің бірі – күнделікті сабақты өткізудің стандарты, көптеген оқытушылардың сабақ үрдісін түгелдей дерлік жаулап алған дәстүрлі сабақтарды айтуға болады. Күн сайын жаңа сабақты түсіндіру, үй тапсырмасын сұрау және қорытындылау сияқты жаттанды кезеңдерден тұратын классикалық немесе дәстүрлі сабақ студенттерді жалықтырады, білімге ынтасын төмендетері сөзсіз. Сондықтан, әр оқытушы өз жұмысында сабақты жандандырудың әдіс-тәсілдерін іздестіруді, бұған студенттерді тарта білуді, олардың белсенді шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыра білуі міндет. Бірақ, бұдан жаңа әдіс-тәсілдер дәстүрлі сабақтарды толық алмастыруы керек деген ой тумауы керек. Олар дәстүрлі сабақтарды толықтырып, жандандыра түсуі, студенттің білімге қызығушылығын арттыруы тиіс, сонда ғана оқу үрдісі жетілдіріле түседі.

Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы мен дамуы оқытудың алдына жаңа міндеттер қоюға ықпал етеді. Студенттерге білім берумен ғана шектелмей, олардың бойына шығармашылық ойлаудың, дербес ақыл-ой еңбегімен айналысу шеберлігі мен дағдыларының қалыптасуы мен дамуына ықпал жасайды. Бұл тапсырмаларды жүзеге асырудың тиімділігі оқытудың сапасына, студенттердің жоғары кәсіби дайындығына байланысты болады.

Демек, студенттердің өз бетінше білім алуына оны іс жүзінде пайдалануына, ізденіске, талабын ұштауға және білім деңгейін жетілдіріп, жаңғыртуға ықпал жасау. Яғни, студенттердің шығармашылық қабілетін, өз бетінше әрекеттенуін, тапқырлығын дамыту аса қажет. Қазіргі заманның мамандары дүние танымы кең, жан-жақты жетілген, өмірлік белсенді ұстанымы бар азамат болуы тиіс. Студенттердің шығармашылық қабілеті мен белсенді ой еңбегін дамытуды ұйымдастыру, оқу үрдісінде жаңа құралдар мен әдістемелерді енгізуді қажет етеді.

Оқыту қарқынын күшейту – білім беру мерзімінің ұзақтығын сол қалпында қалдыра отырып, студенттерге барған сайын ауқымды ақпарат беру мүмкіндік іздестіру. Бұл мәселені шешу тұлғаның шығармашылық қабілет ұлғайтатын оқу-танымдық іс-әрекетте барынша жетілдірілген, ғылыми негізделген әдістерді басшылыққа алуды талап етеді.

Оқытудың мазмұнын қарастыратын басты мәселелерге мыналар жатады: теорияларда берілген оқу материалының мазмұны студент психологиясына әсері, оқытудағы әдіс-тәсілдердің оқу материалына сай ерекше болуы, оқытудың тиімділігі, білім беру арқылы студенттің тұлғалық және дара ерекшеліктерін дамыту т.с.с.

1. Жалпы оқу пәні бойынша сабақты жоспарлау және ұйымдастыру.
2. Оқытудың міндеттерін құра білу.
3. Түсіндіру, меңгеру және бақылау міндеттерін реттеу.
4. Дәрісті ұйымдастырудың және оқытудың белсенді әдістерін меңгеру.

Ең алдымен, әрбір дәріс мәтінінің мазмұны мен сапасына көңіл аударуымыз шарт. Ол үшін дәріс мәтінін үш шартта дайындауымызға болады, мәселен:

- *негізгі* (терминдер, олардың анықтамалары, негізгі деректер, құбылыстар, оқиғалар; заңдар, теориялар, т.б.);

- *қосымша* (құжаттар, хрестоматиялық және анықтамалық материалдар, өмірнама деректері, статистика мәліметтері, т.с.с.);

- *түсініктеме* (ескертулер, сөздіктер, т.б.).

Айталық, алғашқы дәрісте этика терминінің мәні мен мазмұнын, ойшыл ғалымдардың этика тарихы жөніндегі теориялық пікірлерін саралап өтеміз. Этиканың зерттеу нысанасы мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты зерттеген Әл-Фараби ілімін нақты мысалдар арқылы ұғындырамыз.

Одан кейінгі дәрістерімізде дәстүрлі ұлттық құндылықтардың дамуы мен қалыптасуына негіз болатын салдарларды, этикет ұғымына анықтама, ұлттық тәрбиеге негізделген хадистердің мәні мен мазмұнын, эстетикалық талғам мен танымды жан-жақты аша отырып, тұжырымды ойларымызды нақты фактілер арқылы дәйектейміз. *Осы тұста түсіндіру, меңгеру және бақылау міндеттерін алдыңғы орынға қоямыз.*

Студенттердің үлгерімін бағалау олардың білім, іскерлік, дағдыларын тиімді игерудің критерилеріне сай жүргізіледі.

*Дәріске қойылатын талаптарды атап өтсек:*

1. Әрбір дәрісте білім беру, даму және тәрбиелеу мақсаттарының бірлігі сақталуы керек.

2. Студенттердің теориялық білімдерін тәжірибемен байланыстыра білуге ынталандыру, теориялық қорытындыларды өз бетінше тұжырымдау дағдысын қалыптастыру қажет.

3. Дәрістің барлық кезеңінде студенттердің танымдық қызметін жандандыру мақсатында оқытудың әр алуан әдіс-тәсілдерін пайдалану. Мәселен, студенттер сергек болуы үшін дәріс эмоционалды болуы керек, бұл – олардың белсенділігін арттыру тәсілдің бірі.

4. Әрбір дәрісте студенттердің білімін үздіксіз есепке алу жүргізілуі керек. Оқыту процесі кез-келген дәрісте тұрақты кері байланыс болған жағдайда тиімді болады. Дәрістің әрбір кезеңінде оқытушы студенттің оқу материалын игеру деңгейін біліп отыруы керек, өйткені, осы деңгейдің үнемі өсіп отыруына жағдай туғызуы керек. Сондықтан, студенттердің білімін бақылаудың әр алуан түрлерін пайдалану керек. Осы мақсатта әр түрлі компьютерлік бағдарламаларды, жазбаша тапсырмаларды, сауалнамаларды, психологиялық тренингтерді, түрлі ойын түрлерін пайдалануға болады. Бұл әдіс білімді тексерудің нәтижесін бірден алуға мүмкіндік береді. Бұл тұста ең бастысы, әр оқытушыда студенттің дәрістегі танымдық қызметінің нәтижесін бағалау үшін байқағыштық қасиеті жақсы дамуы керек.

Осы ретте оқытудың тиімділігін арттырудың басты құралы оқытудың белсенді әдістерін былайша жіктеуімізге болады:

1. Проблемалық оқытудың түрлерін пайдалану.
2. Студенттерді оқу материалын терең меңгеру процесінде белсенді ойлау мен тәжірибелік іс-әрекетке жұмылдыру.
3. Студенттің шығармашылық деңгейінің дамуын қамтамасыз ету.
4. Студенттердің оқуға деген талпынысын, жалпы және дербес тапсырмаларды орындауға құлшынысын арттыру.
5. Осы заманға сай оқытудың техникалық құралдарын қолдану.
6. Оқытудың белсенді түрлеріне сай ойын әдістерін қолдану, мәселен, іскерлік ойындар, студенттердің баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, психологиялық тренингтер, дөңгелек столдар, пікірталас және т.б.

Белсенді оқыту – қазіргі педагогикалық ізденістердің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінде оқытуды ұйымдастыру жаңа бағытта болуы керек: дайын білімді жаттаудан жеке басты қалыптастыруға, шығармашылықпен оқуды дағдыландыруға көшу керек. Сондықтан, жаңа



оқыту әдістері бойынша оқытушы оқытпайды, тек жетелейді, ал студент өзінің іс-әрекеттік процесінде өзі оқиды. Егер студенттің танымдық іс-әрекеті жоғары белсенді болса, менгерудің тиімділігі де жоғары болады.

Бұл жағдайда оқытушының рөлі студенттің оқу іс-әрекетінің ұйымдастырушысы ретінде болады. Мұндай ұйымдастырудың себебінен студент ақпаратты ықпалсыз қабылдаушы емес, керісінше ақпаратты белсенді «табушы» және өндіруші ретінде болады. Мұндай оқу іс-әрекетін қамтамасыз ететін оқытушының әдістерін оқытудың белсенді әдістері деп атаймыз.

Қорыта келгенде, студент ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және жеке адам игерген ұжымдық тәжірибенің фрагменті жөнінде оқытушының беретін білімімен шектеліп қана қоймай, оны ары қарай өз бетінше жеке практикасында белсенді, нысаналы танымдық іс - әрекеті нәтижесінде игеруі тиіс. Осыдан келіп, студенттердің танымдық ізденімпаздығын дамытуды арнайы ұйымдастыру, дәрістің эмоциялық – интеллектуалдық қуатын арттыру, оқу процесін ойдағыдай ұйымдастырудың негізгі шарты болып табылады.

Сабақтың эмоциялы әсерлі, интеллектуалды қуатты болуы – сабақты тиісті мәнде ұйымдастырып, түрлендіре білуге байланысты. Ол үшін сабақты айнала өмірімен байланыстырып, белсенді әсерлігін арттыру, эмоциялық сезім туғызарлықтай, күш-қуатын арттыру керек.

Оны мынадай жолдармен жүзеге асыруға болады: Біріншіден, оқитын материалды қызықты-тартымды етіп хабарлау, қызықты мысалдар келтіру, мысалы, кейбір тәжірибелі мұғалімнің тарих сабағын түсіндіргенде келтірген

Екіншіден, сабақты ғылыми-жаңалық ашушы ғылымдардың өміріне байланысты қызықты-тартымды материалдар беру, олардың жаңалық ашудағы шығармашылдық қасиеттері оның ақыл-ой парасаттылығына сай келетіндігін мысалдармен әсерлеп айту.

Үшіншіден, дәрісте студенттердің шығармашылық ісіне түрткі боларлықтай материал беріп, проблемалар туғызып, ынталарын соған аудара білу қажет.

## **ЖАСТАР ТӘРБИЕСİNДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ-ТЫҢ РӨЛІН ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ**

**ҚАБЫЛҒАЗИНА К.,**

*Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, профессор*

Қазақстандық электронды ақпарат құралдары - телевизия, радио, баспасөз және интернет-шетелдік әріптестерден үлгі ала отырып, дамып жатыр. Негізгі бағыт тағылымдық, тәрбиелік функциялар екінші планға қалып, көбінесе ойын-сауықтық, көңіл көтерушілік бағытқа қарай ойысуда. «Заманың қалай болса, бөркінді солай бұр» деген ұстанымға қарай өмір сүретін ұлттың журналистері де ғаламдық жаңалықтардан тыс қалмай, барынша ұқсап бағуда. Әрине, бүгінгі өмір сүріп отырған қоғамды ақпараттық құралдарсыз елестету қиын, өйткені олар халықпен, бүкіл қоғамдық өмірмен бірте қайнасып кеткен. Дүние жүзінде болып жатқан оқиғалар тек осы әр тілдегі, әр бағыттағы БАҚ өкілдері арқылы әлемге таралып жатады. “Журналистика – халық – қоғам” деп аталатын үштік бірімен бірі тығыз байланыста қызмет етеді.

Сонымен қатар қай қоғамда болмасын БАҚ өкілдері кімді, нені жақтаймын, қандай мәселені көтеремін десе де еріктері, өйткені, демократиялық бағыттағы үкіметтің ұстанған саясаты осындай. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: “Қазақстан қоғамы жаһандану мен ұлттық мемлекетті жаңа тұрғыда нығайту процесін бастан өткізуде. ... жоғары дамыған материалдық байлық қоғамдық ортада жоғары дамыған рухани кеңістікке жол ашады. Яғни, еліміздің табысты тіршілігі мен тәуелсіз, әрі бәсекеге төтеп беретін мемлекет болу кепілдігі –біздің адамдарымыз. Біз, қазақстандықтар, сан жағынан шағын елміз. Алайда, басты мәселе тек халық санында ғана емес, алдымен, сапада, жоғары рухани мәдениеттілік, интеллект пен патриоттық үйлесімінде. Қазіргі тарихи уақыт пен глобалды қауымдастыққа тепе-теңдік принципі негізінде тіршілік ету жаңа типті адам тәрбиелеуді алға қойды. Ол - білімді, тәрбиелі, коммуникативтік қабілеті жоғары, биологиялық және психологиялық дені сау, әлеуметтік бағдары мен рухани мәдениеті қалыптасқан адам”, - деген болатын. Яғни, елдің айнасы – бұқаралық ақпарат құралы, сол арқылы мемлекет мүддесі айқындалып, ұрпақ тәрбиесіне жол ашылып отыруы тиіс.

Қазіргі кездегі әр түрлі партиялық, экономикалық үрдістер, дүниежүзілік қарым-қатынастың күшеюі, соғыс әрекеттері тәрізді жайлар информациялық тасқынды күшейтіп отыр. Оқырман ба, тыңдарман ба, көрермен бе нені оқып, нені тындап, нені көрер мәселесіне халық ретінде аса талаппен қарайды. Осы тұрғыдан келгенде кез келген журналист өз өнімінің өтімді болуы үшін, өз рейтингі

жоғары болуы үшін күреседі. Өзіндік әдіс-тәсілдерді табу арқылы аудиторияны жаулап алу мақсатында халықтық менталитетке сай келмейтін мәселелер айтылып, батыстық үрдіс белең алды. Атыс-шабыс, қырғын-жойқын, нәпсілік азғындаулар емін-еркін көрсетілетін болды. Яғни, баспасөз бостандығы деген желеумен болашақ ұрпақ санасына кері әсер ететін мәселелер қозғалады.

Баспасөз бостандығы әрбір автордың өз ойын еркін білдіруімен, халыққа жеткізуімен айқындалады. Көрнекті дат философы Спиноза «бостандық пен қажеттілік ұғымы өте тығыз байланысты» деген. Яғни кейбір журналистер қажет болғанда сөз бостандығын насихаттаушы тұлға ретінде көрінсе, қажеттілігі болмаса, оның ұстанып отырған позициясы да өзгеріп шыға келеді дегені. Ал неміс ойшылы Гегель «Бостандық деген аузына келген не болса соны айту мен жазу емес, одан да жоғары түсінікті қажет етеді» деген ұғымға тоқтаған. Бұл пікірді түсіндіріп айтып жатудың өзі артық болар. Әрине оппозиция тарапынан демократия, сөз бостандығы дегендердің асыра сілтеп, теріс мақсатқа пайдаланғысы келетіндер де бар. Сөз бостандығы меніңше, одан да жоғары түсінікті қажет етеді. Сөз бостандығы – елдегі әділетсіздік, дұрыс емес фактілерді дәлелдеу, жақсы мен жаманның айырмасын әділ айқындау.

Дегенмен де ата-бабаларымыздың бай рухани қазынасын жастарды тәрбиелеуге жүйелі түрде пайдалану ұлттық БАҚ-ның еншісінде болуы міндетті. Бұл ретте электронды журналистиканың атқаратын қызметі зор. Яғни, халықтық педагогиканың мол құндылықтарын пайдалану. Оның қайнар бұлағы халықтың ауыз әдебиетінде, жыр-толғауларында, көнеден келе жатқан көсемсөздерінде, рухани мұраларында екенін жастар санасына құя білу. Ал халықтық педагогика деген – сан ғасырлар бойы жинақталған, ұрпақ тәрбиесі жөніндегі ой-пікірлер, білім, тәжірибелер жиынтығы. Келер ұрпақтың ұлттық келбетінен айырылып қалмауы үшін жастарға халықтың тәрбие беру әбден қажет. Дінтанушы Х.Зейдан “Дін және әдебиет” (“Религия и литература”) атты еңбегінде былай дейді: “Қай ұлт болмасын, өз бойын өзі ұдайы һәм ұқыптап тексеріп тұрмаса, ұлт ретіндегі ұлық және кішік сипаттарын, құлықтық көзқарасын, тақылет-тәрбиесін, автономды салт-санасын, мәдени өріс-қонысын жіті зерделеп және осы зерделенгеннен тағылымдық, тұрмыстық-тәжірибелік ғибрат алып отырмаса, қайбір қасиетсіз, әсірәңкі әдет-қылықтар атадан балаға ауысып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, әлгі ұлтқа мінез болып сіңісе бастайды. Асқына келе мұндай дерт ұлттық мінездің құрамдас бір бөлігіне, ажырамас серігіне айналып кетеді”.

Қазақ дәстүрінің тазалығы мен адалдығы емес, ұятсыздық пен озбырлық, өтірік пен ұрлық, нашакорлық, жезөкшелік секілді келеңсіздіктің бәрі жастар санасында орын алуында алдына жан салмай қызмет етіп отырғандардың бірі осы бұқаралық ақпарат құралдары. Бүгінгі таңда шет елдік ақпарат құралдары, әсіресе интернет пен теледидар жас ұрпақтың нөмірі бірінші тәлімгері болып отыр. Бұл мәселе тек қазақстандықтарды ғана ойландырып отырған жоқ, әлемдік деңгейдегі ауқымды мәселе болып табылады. Мысалы, атақты «Бригада» фильмі шыққаннан кейін жастар арасындағы қылмыстың өрши түскендігі жөнінде көптеген мәліметтер берілген болатын, ресейлік баспасөз құралдары жарыса жазып жатты. Тіпті сол киноның режиссерінің баласы әкесі түсірген кадрларды қайталап, жауапқа тартылғаны жөнінде де көптеп жазылды. Яғни, ата-ана, ұстаздардың орнын басқан теледидар сағат сайын қазақ ұлтының болашағын ұлттық төл қасиетінен айырып, дәстүрлі мәдениетінен көз жазып, рухани мәңгүрттендіруге апаруда. Жеңіс күніне орай күні шығыстың қос жұлдызы Мәншүк пен Әлия тұғырлы ескерткішінің алдында дәстүрлі еске алу кеші ұйымдастырылған болатын. Сол жерде журналистердің: “Мәншүк деген кім?” деген сауалына жастардың көбі жауап таба алмай қиналды. Ал бір оқушы: “Мәншүк деген атақты фотомодель” депті. Немесе мәңгілік махаббаттың символына айналған Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу жыры ЮНЕСКО көлемінде аталып жатқанда, арнайы сауалнама жүргізілгенде жауап берген жастардың түгелдей дерлігі ұлттық эпостық геройлардан гөрі әулие Валентиннің қалай ғашық болғаны, оның өмірі, тіпті қалай азаппен өлгендігін бүге-шігесіне дейін білетін болып шыққан. Ал қазақтың Қозысы мен Баяны туралы сұрағанда қазақ жастарының көбі жауап беруден қашқақтаған. Жастар қасірет пен құдіретке толы махаббат оқиғасы тұрмақ, олардың кім екендерін де білмейді. Ұлт шеңберінен шығындап шығып кеткен ұл - қыздарымыз белгілі қазақ жырауының, не қас батырының есімін білмей қалса оны намыс көрмейді, керісінше батыстың поп жұлдыздарының бірінің, мәселен Дженифер Лопестің немесе Бейонстың соңғы шыққан альбомның атауын өзгелерден кеш естіп қалса кәдімгідей өкінеді.

Ақпараттық дақпырт пен қиял ұлттық рухты тұншықтырудың болуы мүмкін сұмдықтарын ашық –жарқын көрсетуде. Әлі өмірде болмаған сұмдықты жастар өздерінің ішкі түйсіктері арқылы, басқаша айтқанда фантазиясына қанат бітірумен ұштайды. Мұндай тәсілдің тигізер кеселі сол, олар көріп жүрген шетелдік бағдарламалары мен киноларындағы атыс-шабыс, адам өлімі, жезөкшеліктің құйтырқы суреттері, суық қаруды қолданудың әдіс-тәсілі, алдау-арбау, маньяк-террорист туындататын сұрқия ойлары арқылы бойындағы инабатты атап өтеді. Жастардың бойындағы

имандылықты жоюға жас ұрпаққа елімізде шектеу қойылмаған фильм сценарийлері мен кітап мазмұндары, әр түрлі жастар журналдары көп көмектесуде. Мұндай сюжеттердің өмірден көрініс тауып үлгергені жасырын емес. Ал, енді ұлтының тілі мен дінін, салт-дәстүрін қастерлеуге келгенде жастар неге бас тартады? Ұлағаты мен қасиеттілігі қатар өрілген халықтық тәрбиенің табиғатын түсінгілері келмейтін, шетелдік саяз білімді місе тұтатын ұрпақты ұлттық құнсыздандудан қорғау БАҚ-ның әсіресе телевизия мен радионың міндеті болуы тиіс және өзінің ұлттық ерекшелігінен жерінбеуге жігерлендіруі қажет.

Ұлттық БАҚ халықтық тәлім – тәрбиені терең насихаттауы үшін ұлттық педагогиканы заң жүзінде бекіту қажет. Халықтық педагогиканы жүзеге асыруға мемлекеттік тұрғыдан мән берілуі – айтуды, жазуды қажет етпейтін ақиқат. Мысалы, республикамыздың Білім және Ғылым министрлігі тарапынан нақты іс-шаралар жасалуы керек. Тиісті орындар, маман-ғалымдар қозғалған мәселе төңірегінде жастардың өз ұлттық тілі мен дінін, салт-дәстүрін қадір тұтатын, барша құндылықтарын бағалайтын арнайы тұжырымдама қажет. Сонан соң, әрбір отбасында, балабақшаларда, оқу орындарында салт-дәстүрді, әдет-ғұрпымызды насихаттау кең жолға қойылуы керек. Насихаттың бірден-бір күшті құралы ретінде бұл жерде тағы да БАҚ-ың рөлі үлкен.

Себебі, әлемнің білікті социологтарының зерттеу қорытындысы бойынша, мәдени–рухани институттары дамыған елдің өзінде жас ұрпақ тәрбиесі мен үлкендердің құндылық бағдарын (ценностная ориентация) қалыптастыруда БАҚ-ның соның ішінде теледидардың үлес салмағы 40-45 пайыз екен. Демек, бұл бүгінгі электронды БАҚ қандай болса, ұлт та сондай болады деген сөз.

Қазіргі дүние біртұтас жүйеге айналып келеді. Мұнда оның жекелеген бөліктерінің жай – күйі жалпы жаһандық жүйеге тікелей тәуелді. Әлемдік жүйенің әр бөлігі басқа бөліктерге ықпал етеді және өзі де солардың ықпалына түседі. Бұл кез-келген салаға-саясатқа, экономикаға, қауіпсіздікке, ғылыми – техникалық, ақпараттық және басқа да салаға қатысты. Ақпараттық және басқа технологиялардың осы заманғы дамуы, шектеусіз әлемдік рынокқа шығу, бүкіл дүние жүзімен сауда жасау мүмкіндігі, әлемдік білім мен ақпараттың негізгі ортасына қосылу мүмкіндігі, бүкіл әлеммен еркін байланысқа түсу, басқа елдерден үйрену, өзге халықтардың мәдениетін білу арқылы рухани баю мұның бәрі қазіргі дүниенің бізге беретін нәрсесі. Әлемде озық технологиялардың дүниеге келуімен ақпарат кеңістігі де айтарлықтай ұлғая түсті. Ұлы державалар да өздерінің техникалық және өзге де жетістіктерін пайдаланып, өз ықпалдарын, пәрменділігін жүргізуге ұмтылуда. Әрине, әлемдегі болып жатқан мұндай өзгерістерден табиғи және адами байлығы мол Қазақстан шет қалуы мүмкін емес.

“Ғаламдық жаһандану арқылы адамзаттың алдынан жаңа постидеологиялық кезең ашылды. Оның бізге не берері бүгінгі ұрпақтың білімі мен білігіне байланысты. Менің пайымдауымша, күллі әлем үшін ашық та айқын ақпарат таратуға негізделген жаңа заманға бастайтын жаһандану БАҚ-тарға қойылатын талапты күшейте түсті. Сондықтан олар өздерінің әрбір сөзі үшін моральдық жауапкершілікті терең сезінуі керек. Баспасөздің еркіндігі мен оның қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігі арасындағы тепе-теңдікті таба білу – бүгінгі форумның күн тәртібіндегі ең басты мәселелердің бірі болады деп есептеймін. Сөз бостандығы шексіз емес. Ол табындыратын ғана емес, талқандайтын да қуатты күш. Ол саясатты қана жасап қоймайды, сонымен бірге ел тағдырына ықпал ететін қоғамдық пікір мен қалың бұқараның санасын да сомдайды. Сондықтан сөз бостандығы дегенді журналистік ар-ұждан жауапкершілігі деп те танығандарыңыз жөн. Тәулсіз БАҚ дегеніміз – аса қымбат құндылық. Сондықтан ол ешқашан “ақпараттық соғыстардың” “сойылына” айналмауға тиіс. Журналист қандай мәселені қаузаса да парасат шеңберінен шықпауы керек. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдағы, экономикадағы және іскер топтардағы күштердің ара салмағын да айқындайтын құрал. Газеттер жеке тұлғалар мен корпорациялардың иелігінде болса да, сөз бостандығы тек халықтың құзырында екенін еш уақытта естен шығармаған жөн», – деген болатын ҚР Президенті Н.Назарбаев

Тыңдарманға мағлұмат беру, жаңалықты жеткізу, мәлімет тарату мәселелері электронды журналистикада өзіндік сұрлеуін тапқан. Сенсация тудыру шеберлігін де отандық журналистер үйрену үстінде. Тиянақты ой, шешімді түйін, ұсыныс, пікір қалыптастыру дәрежесі де жоғары деңгейде қалыптасуда. Алайда, көптеген журналистерде мәселені көтеру, аудиторияға жеткізу бар да оны шешу жолдарын көрсету, бағытын ұсыну жағы кемшін тартуда. Қоғамдағы шешімін таппай жатқан жайларды көру, айту керек. Ал оның шешілу жолын тиісті орындармен келісе отырып көрсетуге тырысқан хабарлар рейтингісі асқақтайтыны ақиқат. Түйіні табылмай жатқан мәселелерді құр айта беру халықты тығырыққа тірейтін факторлардың бірі болып табылады. Мәселені қорыта айтқанда, шет жұрттық журналистиканың тағылым, тәсілдерін үйрене отырып, отандық журналистика өз халқының ұлттық құндылықтарын сақтауы және насихаттауы тиіс.

## Х. ӨЗДЕНБАЕВТЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

**ҚАЗЫБЕК Г.Қ.**

*ал-Фараби ат. ҚазҰУ, профессор м.а., ф.э.к.,*

*Алматы қ., Қазақстан*

*e-mail: Kazybek\_\_68@mail.ru*

Аударма қайткен күнде де оқырманға автордың толық стилімен, көркемдік кестесімен, кемел шеберлігімен түпнұсқаны жеткізсе, құнды болатындығы бұрыннан белгілі. Х.Өзденбаев өзінің аударма ісінде аударманың барлық түрін қолданған. Әсіресе еркін және сөзбе-сөз аудару принципін берік ұстанған. Аудармашы 1936 жылы М.Шолоховтың "Көтерілген тың" романының бірнеше кітабын М.Жұмабаевпен бірге, екінші кітабын жеке өзі аударған.

Шығарма қай тілге аударылса да аудармашылардың басты міндеті – түпнұсқаның қасиетін сақтай білу, сөйлемнің мазмұнын бұзбай, автордың стилін сақтап, өте түсінікті әдеби тілмен көркемдетіп, аударылуы тиіс. Осы айтылған толғамдар "Көтерілген тыңның" қазақшасында айқын көрінеді. Х.Өзденбаев әсіресе табиғаттың құбылыстарын ерекше талғампаздықпен тәржімалаған.

Мысалы: "Земля набухла от дождевой влаги и, когда ветер раздвигал облака, млело под ярким солнцем и курилось голубоватым паром. По утрам из речки, из топких, болотистых низин вставали туманы. Они клубящимися волнами перекатывались через Гремячий Лог, усремяясь к степным буграм, и там таяли, невидимо растворялись в нежнейшей бирюзовой дымке, а на листьях деревьев, на камышовых крышах домов и сараев, всюду, как расыпанная каленая дробь, прилипшая к траве, до полудня лежала свинцова-тяжелая обильная роса."

Аудармасында: "Жер жаңбыр суына бөгіп, бусанып жатыр; жел тұрып, бұлт ыдырап, күн көзі жарқыраған сайын балбыраған жер бетінен көгілдір бу көтеріледі. Өзен бойына сай-сала, саз батпақты ойпаттарға таңертен тұман түседі. Гремячий Лог хуторының үстінен будақ-будақ шудалана көшкен қою қара тұман бел-белес жондарға қарай жөңкіле барып қонақтайды да, сонда көзге көрінбейтін үлбіреген көк торғын сағымдарға айналып, бірте-бірте сейіледі, ал ағаштардың жапырақтарына, үй-жай, қора-қопсылардың қамыс шатырларына – бүкіл жер бетіндегі шынының сынығындай түскен, шөп басын майыстырған, қорғасындай қалың шық ұлы әскеге дейін жатады."

Сол сияқты: "К концу первой половины июня погода прочно установилась, ни единой тучки не появилось на небе, и дивно закрасовалась под солнцем цветущая, омытая дождями степь!"

Аудармасында: "Маусым айының орта шенінде ауа райы әбден ашылды: аспанда шөкімдей бұлт жоқ; жаңбыр жауып, күн нұрына кенелген гүл жайнаған кең дала масатыдай құлпырып шыға келді!"

Міне, осы мысалдарда табиғат суреттері орыс тілінде қандай әсем сипатталса, қазақша аудармасында да сондай көркем, тамаша берілген. Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы да бір мысал келтірейік.

"В начале июня часто шли необычные для лета дожди: тихие, по-осеннему смирные, без гроз, без ветра. По утрам с запада, из-за дальних бугров, выползла пепельно-сизая туча. Она росла, ширилась, занимая пол неба, - зловеще белели ее темные подкрылки, - а потом снижалось так, что прозрачные, как кисея, нижние ее хлопья цеплялись за крышу стоявшей в степи на кургане, ветрянной мельницы."

Аудармасында: "Маусымның бас кезінде жаңбыр жиі жауа берді: шілдеге тән емес, күздегідей бірсыдырғы сылдыр найзағайы, желі, жоқ ақ жаңбыр еді. Ертеңгі мезгілде батыс жақтан, алыс белестерден сұрғылт-көкше бұлт көтеріледі. Содан соң бірте-бірте қомақтанып ұлғая келіп, аспан әлемінің тең жартысына жайылады да, қара қошқыл бұлттың шет-шеті бірте-бірте ағара бастайды. Ал үлбіреген жұқа матадай селдір шудалары төмен қалықтап, төбе басындағы жел диірменнің қанатына іліне жаздайды".

Х.Өзденбаевтың аудару ісіндегі жетістіктері адамның сырт-бейнесін, кескін-келбетін сипаттаған кезде анық байқалады. Түпнұсқада Л.Нагульнованың бет-бейнесін Давыдов есіне алып отырған кезде былай елестетеді: "Удивительные глаза были у Лушани Нагульновой! Когда она смотрела немного исподлобья, что-то трогательное, почти детско-беспомощное сквозило в ее взгляде, и сама она в этот момент была похожа скорее на девочку-подростка, нежели на многоопытную в жизни и в любовных утехах женщину".

Аудармасында: "Шүркін Лушаня Нагульнованың көзі қандай тамаша! Қабағының астынан наздана қараған кезде, оның назарынан мейлінше әсерлі, жас нәрестенің жәудірей қарағанындай,

дәрменсіз бір сезім аңғарылады, сол сәтте оның өзі де, өмір, махаббат ләззаті жөнінде тәжірибесі мол сақа әйелден гөрі, жас өспірім қызға ұқсайды."

Байқап қарасақ тәржімашы "наздана қараған", "дәрменсіз сезім", "махаббат ләззаті" секілді сөз баламаларын дұрыс табуып қоя білген. Мұндай адам келбетін бейнелеуді тамаша үлгілерін Х.Өзденбаевтың басқа аудармаларынан да кездестіреміз.

Х.Өзденбаев О.Бальзактың "Философиялық этюдтер" деп аталатын шығармалар тізбегіндегі "Шегірен былғары" романын қазақ тіліне тәржімалаған.

Жартылай фантастикалы "Шегірен былғары" романы эпикалық жоспарда баяндалатын психологиялық нұсқадағы шығарма. Асылында аудармашының баса көңіл бөлетін шығарманың осы қасиетін әлсіретпей қазақ тілінде бере білуінде болуға тиіс. Біз оқып танысқан Хасен аудармасындағы "Шегірен былғары" осы талапқа қанағаттанарлық жауап береді. Жазушының стилі осы шығарманың көркемдік бағыты аудармада сақтала ма? Қазақ оқушысы "мынау Бальзак шығармасы" деп айыра алатындай болып шыққан ба? Міне, осы тұрғыдан қарағанда аудармашының ізденгендігін, аударманы шығармашылық биікте түсінгендігін атап өтуіміз әділеттілік болады. Мәселен: "Я не заметил, как она перестала шивилиться. Мне стало страшно, но вскоре до меня донеслось ровное и сильное дыхание спящего человека: я отстранил шуршащий шелк занавесок, покинул свою засаду, подошел к кровати и с каким-то неопределенным чувством стал смотреть на нее. В эту минуту она была обворожительна. Она подложила руку под голову, как ребенок; ее спокойное красивое лицо в кружевах стало столь пленительно, что я воспламенился."

Аудармасында, орыс тілінде алған әсеріміз еш кемімейді: "...Мен сыбдырлаған жібек шымылдықты серпіп тастап, өзімнің жасырынған панаманан шығып, төсек жанына келдім де, әлденендей тұлғаусыз сезіммен графиньяға қадала қарадым. Сол минуттарда ол жаныңды сиқырларлықтай еді. Ол нәрестеше, қолдарын басының астына қойып, жантайыпты, шілтері жастыққа көмілген оның дидары ес тандырарлықтай еді, менің азап бойымды жалын шарпыды".

Әрине, осындай мысалдарды аудармадан көптеп келтіруге болады. Бірақ біздің айтайын дегеніміз көркем шығарма мен аударманың көркемдік шеберлігінің тұтастығын осы кішкене үзінділер арқылы да тануға болатынын да аңғарту еді. "Шегірен былғарыда" күрделі сөйлемдер жиі кездеседі. Х.Өзденбаев жазушының сөйлем құрудағы шеберлігін, пікір жеткізудегі көптеген өзгешеліктерін еске ала отырып, түпнұсқаны дәл түсінуге ниеттенген. Бірақ осы үлкен еңбектің осыншалық қуанарлық, қанағаттанарлық қасиеттері көп бола тұрса да, көзге оғаш көрінген тәуір аудармаға мүлдем лайық емес сөздер мен сөйлемдер кездеседі. Салақ та олақ аударылған сөздер мен сөйлемдер кейде автордың пікірін теріс мағынада баяндап, кейде мағынасы дұрыс болғанымен көркемдік дәрежесі ақсап жатады. Мәселен: "То было воплощение игры" деген сөйлемді "Құмар ойынның толық тұлғасы еді бұл жаниесі" деп аударған. Бұл сөйлемге аудармашы өз жанынан бірнеше сөз қосқан: "құмар", "толық", "жаниесі" деген сөздердің "ұғымы түпнұсқада жоқ. Сол сияқты: "Знаете, что я вам скажу, - заговорил совершенно пьянный Бьяншон, - большая или меньшая доза фосфора делает человека гением или же злодеем, умницей или же идиотом, добродетельным или же преступным" деген сөйлем аудармасында былай оқылады: "Мен сіздерге бір қызық айтайын, білесіздер ме, - деді шіп-шикі мас болған Бьяншон, - фосфордың мөлшері аз немесе көп болуы адамды я данышпан, я жауыз, я ақылды, я аусар, я мейірбан, я қылмыскер етеді.". Міне, осы сөйлемдердегі бірнеше сөздердің аудармасына дау айтуға болады. "Совершенно пьянный" - "Шіп-шикі мас" деп алынған. Біздіңше бұл сөз логикалық тұрғысынан, қазақ тілінде қолданылуы жағынан қарағанда "қып-қызыл мас" немесет "өлердей мас" болмаса "удай мас" болып аударылса, қазақша жатық та түсінікті де. Ал "Шіп-шикі" дегеннің басқа жағдайларда қолданылатын заңды орындары бар. Мәселен, "Шіп-шикі өтірік", т.б. "Идиот" - "аусар" деп алынған. Тіпті келмейді. "Аусар" деген орыс ұғымындағы "легкомысленный" деген сөздермен үндесіп жатқан жоқ па?! Ал "добродетель" - "мейірбан" деп аударылған. Біздіңше бұл да бір табан алыста тұрған тәрізді. Ал "добродетель" - "қайырымды" деп аударуға келетін сияқты. Айта берсек мұндай мысалдар біраз баршылық. Сонда да, көптеген қателіктеріне қарамастан, О.Бальзактың "Шегірен былғарысы" Х.Өзденбаев аудармасында қазақ жұртшылығының ұғымына сай, әрі түсінікті, әрі сүйікті шығармаларының біріне айналған. Бұдан соң да аударма шебері Х.Өзденбаев бос қарап жатпай, үлкен жұмыстар атқарды. Соның бірі, ол 1955-1956 жылдары бір топ тәржімашылар тәржімалаған М.Шолоховтың төрт томдық "Тынық Дон" романының аудармасының редакторы болып, аудармашыларға жұмыс үстінде консультация беріп отырды және екінші кей тарауларын өзі де аударды. "Тынық Дон" аудармасының ойдағыдай болуына бұл жағдайдың мол септігі тигені даусыз.

Н.Добролюбов "Аудару үшін – түпнұсқаның мағынасын сақтап, тілді дұрыс қолдану, тіл тазалығын бере білу – бұл ғана аз; аудару үшін түпнұсқадағы өмірді бере білу керек"- дейді.

"Тынық Дон" шығармасында ұлан байтақ кең дала мен өзендердің, адыр қырқалар мен таулардың, шоқы төбелер мен сай-салалардың, жел дауылдың, шыжыған шілде мен теңіздей толқындаған дала селеуінің пейзаждық көріністерін, қазақ өмірінің әдеп-ғұрпы мен тұрмыс-салтының суреттерін Өзденбаев сәтті шығара алған. Мұндай ерекше сәттіліктің себебі тәржімашы шеберлігінде. Мына бір мысал мұны қуаттайды. Осы кітапта М.Шолохов Дон жылқысының таза тұқымы – Мальбрук деп аталатын айғырды былай суреттейді: "У него маленькая, сухая, змеинная голова. Уши мелки и подвижны. Трудные мускулы развиты до предела. Ноги тонкие, сильные, бабки безупречные, копыта обточены, как речной голыш. Зад чуть висловатый, хвост мочалтст. Он кровный, в жилах его ни капли инородности, порода видна во всем. Кличка его Мальбрук."

Қандай ғажап, жанды тұжырымды сурет! Орыс казактары сияқты, өмірі жылқы маңында өтіп келе жатқан қазақтар да жылқының тұқымын, қасиетін, сын-сипатын, мінезін, әдетін жақсы таниды: "Басы жыланның басындай, кішкене ашаң, қайшылығыш қамыс құлақ. Омырауының бұлшық еттері мейлінше шымыр, жіліншектері жіңішке, мықты бақайларында түк қаяу жоқ. Тұйяқтары өзеннің тақыр тасындай мінсіз қашалған. Сауыры сәл салаңқы, күлте құйрық нағыз Дон жылқысының тұқымынан. Ол ол ма?: мұның қаны тіпті асыл қан, тамырларында бөтен қаннан бір тамшы да аралас жоқ, таза нәсілден екені барлық мүшелерінен де көрініп-ақ тұр. Аты оның - Мальбрук".

Қазақ өмірінде аттың атқаратын қызметіне байланысты көптеген метафоралар мен теңеулерді біз эпопеяның бүкіл өн бойында кездестіріп отырамыз. Бұл метафоралар мен теңеулер Х.Өзденбаев тәржімасында өте жақсы шыққан.

"Вырыл он ногами в снегу глубокою яму и еще бы бил, как добрый конь на привязи, если бы не докончили его сжалившиеся казаки".

Аудармасы: "Ол аяғымен тепкілеп, қардан терең шұңқыр жасады, жаны ашыған казактар оның демін тітірмегенде ол байлаудағы арғымақтай, тебінуін көпке дейін қоймаған болар еді". Хасен стилінің өзгешелігі өзі тәржіма жасаған еңбектерде жақсы беріледі. Мұнымен қабат тәржімашы түпнұсқадағы автор сөзінің үн екпіні, ырғағын дұрыс саптай білген. Әсіресе, М.Шолоховтың кереметтей лирикалық үн екпіні қазақшасында да мейлінше көңіл тебіренерліктей болып шыққан. М.Шолоховтың халықтық ауыз әдебиеті нұсқасының түрінде бейнелеген осындай бір лирикалық шегініс мынадай: "Рви, родимая, на себе ворот последней рубахи! Рви жидкие от безрадостной, тяжкой жизни волосы, кусай свои в кровь искусанные губы, ломай изуродованные работой руки, и бейся на земле у порога куреня. Нет у твоего куреня хозяина, нет у тебя мужа, у детишек твоих сирот, никто не избавит тебя от непосильной работы и нищеты, никто не прижмет к груди твою голову ночью, когда упадешь ты, раздавленная усталостью, и никто не скажет тебе, как когда-то говорил он: "не горюй, Аниська! Проживем". Аудармасында: "Ақтық көйлегіңнің омырауын жырт, аяулым! Азапты ауыр тұрмыстан селдір тартқан шашыңды жұл, тіс батып қанталаған ерніңді тістеле, бейнеттен күс басқан қолыңды қайырып, қаңыраған үйіңнің босағасына жатып, жер тепкіле. Енді үйіңе тұлға болар бас ие жоқ, сенде күйеу балаң да, әке де. Есіңде болсын, енді сені де, жетім балаларыңды да еркелетер ешкім жоқ, әлжетпес бейнет пен қайыршылықтан сені құтқарар ешкім жоқ, шаршап-талып жығылғанда түнде басыңды бауырына басар ешкім жоқ, және бұрынғы бір кездегідей: " қамықпа, Аниська! Бір тіршілік етерміз" деп көңіл жұбатар да ешкім жоқ". Мұнда Аниська дейтін әйелдің атынан басқа бір орыс сөзінің бірде-бір белгісі жоқ, сондықтан мұны аударма екенін де айыру қиын. Мұнда түпнұсқаның мағынасы да, көркі де, тартымдылығы да сақталған. Және қазақтың жанды, құнарлы халықтық тілімен жазылған. Жазушының лирикалық шегіністеріне өзгеше эмоциялар, сыр, бояу, нәр беретін поэтикалық сөздің барлық тәсіл-құралдары қазақшасында шебер берілген. Мысалы, "рви", "кусай", "ломай", "бейся" деген етістіктердің дағдылы тәртібін өзгерту, алмастыру арқылы немесе "нет", "никто" деген сөздердің басқы әріптерінің қатар келуі арқылы құрылған қаратпаның қатаң ырғақтары қазақшасында да толыққанды естіліп, "жырт", "жұл", "тепкіле", "тістеле" деп етістіктерді бадырайта бөлу арқылы берілген. Ал қаратпаның әндік, өлендік, музыкалық, әсем үндестігі "ақтық", "аяулым", "азапты", "есімде", "еркелетер", "ешкім" сияқты келетін жазушының сөздер қатарынан осылай аудару арқылы өте жақсы келтірілген.

Хасен Өзденбаев М.Шолоховтың "Адам тағдыры" шығармасын "Тынық Дон" аудармасы бағытында тәржімалаған. Ал осы аударма М.Шолоховтың қазақша берудің күні-бүгінге дейін үлгісі деп саналып жүр. Рас бұл аудармада басқа туындылардай аңырап қалатын, сұршектеп оқи алмайтын, жаңсақ түсетін жерлері аз ұшырасады. Х.Өзденбаевтың мол тәжірибесінен шебер тілінің таңбасы бар. Мысалы, мұндағы кездескен мақал-мәтелдерлі тәржімашы өте тамаша аударған. "И волки сыты и овцы целы", "Қасқыр да тоқ, кой да аман", "Чем богаты, тем и рады", "Барымен базар" деп тамаша аударған. Сонда да "Адам тағдыры" әңгімесі көптен етек басты болып келе жатқан ескі сараннан алыс кетпеген. Мұнда да жолма-жол көшіру әдісінен шыға алмаған. Тіпті, аударманың едәуір әдеби,

жатық тілде берілуінің өзі кейде шығармаға нұсқан келтіріп жатады. Оның басты себептері: аудармашы түпнұсқаның сөзін ғана көшіреді, мағына қумайды. "Нет, думаю, не дам я тебя, сучьему сыну, выдать своего командира". Аудармашы "свои" есімдігін "өзім" деп алып "сен иттің баласына өз командирімді ұстап бергізе алмаспын" деп қойып қалады. Аударма ісі кемшіліксіз болмайды. Х.Өзденбаев аударған шығармалары қателіктері кездесе де сол заманның үлгісіне сай көркем аудармалар еді. Сондықтан Х.Өзденбаевтың есімі дарынды аудармашылар мен бірге аталуы тиіс. Х.Өзденбаев аудармаларын талдау аса жауапкершілікті көп ізденуді талап етеді.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бальзак О. Шагренеавя кожа. Москва, 1973 год.
2. Бальзак О. Егірен былғары. Алматы, 1976 жыл.
3. Дәукенов К. Көтерілген тың аудармасы туралы. // Лениншіл жас. 1938 жыл. 28 қаңтар. № 22
4. Гончаров И.А. Белгілі әңгімелер. Алматы, 1958 жыл.
5. Қаратаев М. Туған әдебиет жайлы ойлар. Алматы, 1971жыл .
6. Мариме П. С. Әңгімелер. Алматы, 1973 жыл.
7. Мауленов С. Сексеннің сенгірінде. // Торғай таңы. 1984 жыл, 9 қыркүйек.
8. Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар. Алматы, 1974жыл.
9. Шәкенов Н. О.Бальзак романы қазақ тілінде // Қазақ әдебиеті. № 30. 27 шілде. 1956 жыл
10. Өзденбаев Х. Көркем аударманың кейбір проблемалары. // Жұлдыз. № 11, 1958.

### МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ-СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

**КАРАЕВА М.М.,**

*№81 мектеп-гимназияның*

*11-сынып оқушысы*

Мағжан поэзиясының көркемдігі мен сұлулығы, сыршылдығы мен жыршылдығы, суреткерлігі мен ойшылдығы талай рет оқырманын тамсандырып, талай дуалы ауыздардың ілтипатын иелендіріп, өзіне тәнті еткен. Атын атауға жасқанып, бұқпантайлаған заманда да тасты жарған тас бұлақтың суындай нәрлі поэзия жасырын оқыған талай жүректі өзіне баулап, өзгеше күйге бөлегені шындық. Мағжан поэзиясының осынау құдірет күшін өз замандастары толық мойындап, кейі ашық, кейі жұмбақтап болса да жазып та, айтып та кеткен.

«Мағжан - культурасы зор ақын. Сыртқы кестесінің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай», - деген еді Мұхтар Әуезов [1]. Өз замандастарынан тума таланты мен білім деңгейі жағынан, жарты ғасыр алға жылжып кеткендіктен, оның сырға толы астарлы ойларын түсінуге төңірегіндегі шала сауаттылар қауқарсыз болды. Бұдан Мағжан қолданған әдеби әдіс тек Европа мен орыс әдебиетіне ғана тән жетістіктер екен, ол қазақ топырағына жат болған деген пікір тумауы тиіс. Мысалдап сөйлеу, ойын астарлап, бірдемеге меңзеп, тұспалдап айту қазақтағы шешендік ділмарлық өнердің ежелден келе жатқан кәнігі тәсілі болған. Мағжан қазақтың шешендік өнерін әлем әдебиетіндегі озық үлгілермен толықтырып, жетілдіріп, жаңа әдеби тәсілдерді енгізді.

XX-шы ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік бейнешілдік стилімен дараланған, Мағжанның жаңашылдығы әлем әдебиетіндегі символизмнің пайда болуымен де байланысты.

Символизм алғаш әлем әдебиетінде романтизммен бірге болды. Кейін романтикалық сарын өршіл және кері тартпа болып екіге бөлінгенде, ойды бейнелеп жеткізуде шындық пен жалғандықтың ара салмағын өлшеп көрсететін әдеби құралға айналып, XIX-шы ғасырдың ортасында әдебиетте романтикалық сарын мен реалистік шындыққа қосымша - жаңа әдеби әдіс болып, Европа және орыс әдебиетінде қалыптасады.

Қоғамдағы саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты, бірде күшейіп, бірде жоғалып отырады. Оны пайдаланушылардың да көзқарастары әр түрлі болады. Өмірдің шындығын шығармада ашып жазудың қажеті жоқ, оқыған адам қалай қабылдаса солай болуы керек дегендер, сөз сиқыры арқылы айтпақ образды ойларын оқырман санасына сендіру арқылы жеткізіп, қайғыртып, қуантып, түрлі көңіл күйге бөлеуі керек деушілер де табылды. Символизмге: «Оқырман мен суреткерді жақын табыстыратын тәсіл», - деп А.Толстой жоғары баға береді [2].

Символизм күш ала келе әдеби стиль ғана емес, қоғамда өзгерістер жасайтын саяси қару, экономикасы тұралап жатқан елдердің, ішкі ынтымағын ыдыратып, төңкеріліс жасап, басып алу мақсатындағы соғыс тәсіліне де айналады. Ол мақсаттарды іске асыру үшін мағынасыз қимыл мен жекелеген сөздерді пайдалану арқылы, санаға әсер етіп, адамдардың ашу-ызасын қоздырып,

қытығына тиген. Сондай-ақ символизм - қоғамдық басқару жүйесіндегі кемшіліктермен көзқарасы келіспегендерді қоғамнан аластаудағы, қоғамдық бәсекелестік күшейгенде, тәртіп сақшыларының қолданған қаруы да болған. Бұдан символизмнің үлкен күрделі процестерді бастан кешіп, дамып келе жатқандығы, оның өміршеңдігі ғана емес, тағдырының да көп жағдайда қоғамдық билікпен тікелей байланысты болғандығына дәлел. Себебі ашық айтылған ой бақылауға алынып қудаланса, баспасөзде жазылған пікірлерді цензура жібермеді. Осыдан келіп мағынасы сырғымалы, ойы екі ұшты, тұманды тұйыққа тірейтін, абстрактылы, философиялық шығармалар пайда болды. Ол бастапқыда поэзияда көрініс берсе, кейін прозаға ауысты.

Мағжанның символисттік тәсілі екі арнада қалыптасты. Алғашқысы, этногенетикалық тегімізбен байланысты. Себебі, Мағжанның шығармашылығы қазақ әдебиетінің ояну дәуірімен тұстас келгендіктен, ұлтының көне тарихын тірілту арқылы ұлттық санасына қозғау салуға ұмтылды. Екіншісі, Европа және орыс әдебиетінің озық тәсілдерін пайдалана отырып, қазақ әдебиетін жанрлық және көркемдік жағынан байытты. Этногенетикалық тарихымызға назар аударсақ, қазақ символизмінің алғашқы бастауы тау шатқалдарындағы қашап салынған суреттерден басталған. Ата - бабаларымыз дүние танымдарын аңдардың, құстардың образында бейнелеп отырған. Бұл сол кездегі ата-бабаларымыздың ойларын суреттермен образдап айта білгендігін дәлелдейді. Демек, қазақ даласындағы тау шатқалдарына қашап жазылған суреттер образды ойлау адам жаратылысымен бірге келе жатқандығын дәлелдейді. Мысалы жартастағы суреттер. Ойды символдап айту, символдап беру тәсілі қазақ топырағына жат болмаған. Оның шығу тегі: «Адамзат табиғат құбылыстарын түсініп болмаған, айналасындағы қас күштердің қастандығынан қауіптеніп, оларды алдап, астарлап сөйлесу керек», - деген наным мен де астасып отырған, - дейді профессор Ш.Керім. Символист ақындар ақсүйектер әдебиетінің өкілдеріне жатады. Ендеше ойды бейнелеп айту тәсілі, этногенетикалық қанымызбен қабысып, көнеден келе жатқан дәстүр десек, С.Кенжахметов: «Қазақ халқының символизмі, ұлттық психологиямызға негізделген. Ол ішкі сезімдер мен іс-әрекетті сөзбен айтпай, ыммен, ишарамен, қимылмен, еппен сездіретін ұғымдар болып табылады. Мұны әдет-ғұрып деп атайды», - дейді [3].

Мағжан ойды бейнелеп айтатын генетикалық көне дәстүрді, поэзиясында ойларын образды бейнелеу үшін пайдаланған. Сөйтіп оқырманның сезімін басып, көңіл күйіне ықпал етіп, ойын толқытқан. Бұл арқылы Мағжан поэзиясына Европа мен орыс әдебиетінің әсері болмаған екен деген ой тумаса керек, керісінше ол Европа мен орыс әдебиетінің үздік тұстарымен кеңінен танысқан, нәрімен сусындаған адам. Оның XX-шы ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен көрінген символисттік тәсілі Сарыарқаның ызғарлы көктемнің арасынан басын көтерген бәйшешектей болды.. Себебі, осы кезеңде 1906 және 1914 жылдарды қамтыған орыс революциясының ызғары, қазақ даласына да сезіліп, өз өктемдігін жүргізе бастаған. Сол кездегі қоғамдық қысым оның символисттік шеберлігін шыңдап, бейнешіл ақын болып қалыптасуына септігін тигізді. Ендеше, Мағжан - Батыс әдебиетінде XIX-шы ғасырда, орыс әдебиетінде XX-шы ғасырдың басынан гүлдене бастаған символизмді, қазақ әдебиетінің топырағында түрлендірген ақын. Бейнешілдікті халықтың әлеуметтік тұрмысымен байланыстырған қазақ әдебиетіндегі символизм мектебінің іргетасын қалады. Ұлттың ұйықтап қалған сезімін ояту үшін жазылған өлеңдерінде қатаң дауысты дыбыстарды іріктеп пайдаланды. Оған «Түркістан» және «Қазақ тілі» өлеңдерін мысал етуге болады. Онда буындарды үндестіру арқылы азамат соғысының салдарынан әлсіреп, иықтары түсіп кеткен этностың намысын оятып, мақтанышын қоздырып, жанына жігер, бойына ерік пен күш дарытып, ұлттық рухын оятып жігерлендіруге әрекет жасағаны өте сәтті шыққан [4]. Осы өлеңдегі сөздердің сиқырлы күші оқырмандарының бойына қуат беріп, делебесін қоздырып, көкірегінде ыстық қанын ойнатып, ұлттық рухын динамикалық қозғалысқа келтіреді. Мағжан оны ашаршылық пен азамат соғысының қасіретіне ұшыраған қазақтың сезімін сергітіп, намысын оятып, бойына қуат, ойына от беріп, жасыған жанын жадырату үшін пайдаланған. «От» өлеңінде қанында оттай ойнаған қуатты екпін мен жігерлі сөз нөсерінен отты құйын ойнатады. Сол арқылы, халықтың белсенділігін арттырып, жігерлендіріп, бойына күш-қуат құюға ұмтылады. Олардың өліп жатқан санасындағы қорқынышты отпен аластап қуалап, қатердің алдына тосқауыл ретінде алып шықпақшы болады. Өлеңнен оттай қуатты сөз нөсері мен өршіл екпін байқалатыны содан. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы көркемдік ерекшеліктер, тіл құдіретінің образ жасаудағы икемділігі мен қолданылу ерекшеліктері қызықтырады. Өлеңдерінің тақырыптық және идеялық мәні, образ жасаудағы ізденістері мен ақындық мәдениетінің тереңдігі мен кеңдігі туралы келтірген дәлелдері жеткілікті. Жұмысты жүйелі түрде, өзіндік танымы тұрғысында ақын шығармаларын, көркемдік қасиеті, шеберлігін нақты мысалдармен орынды талдай алған. Жасаған талдаулары мен қорытындылары орнықты және дәлелділігімен ерекшеленеді.



М.Жұмабаев поэзиясы – қазақ поэзиясындағы ерен құбылыс. Ұлы Абайдың ақындыққа, сөз өнеріне қойған талаптарының биігіне шығып, толық жауап бере білген ХХ ғасырдың алғашқы кезеңіндегі айтулы ақындарымыздың бірі.

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасыр басындағы жарқын жұлдыздарының бірі – Мағжан Жұмабаев. Өмірі мен өлеңі бір кезде аңызға айналған ақынның аты соңғы жарты ғасырдан артық уақыт бойы айтылмайтын болған. Сол себепті кейінгі буын бұл ақынды аз біледі. Ақынның кітаптары тиым салу салдарынан сарғайып, тозып, жыртылып, жоғалып жатты. Ақты қара, қараны ақ деп түсіндірген зорлық-зомбылық дәуірінің құрбағы болған ақын тағдыры аянышты.

Мағжан шығармашылығымен тереңірек, молырақ танысқан шақта оның поэзиясының қай қырын ерекше сөз еткен орынды болар еді деген сұрақ туады. Мүмкін ақын туындыларының уақыт сынына төтеп берерлік бүкіл ұлттық, адамзаттық мазмұн-тақырыбын, тіл құнарлығы мен ой тереңдігін, сөз қолдану шеберлігін басты ерекшелігі деп айтуға болар. Өйткені ақынның нағыз өзіндік бет-бағдары мен айрым қырлары осы маңайдан табылмақ. Тәңірдей талантының, дарын табиғатының көрінісі, осы бұлақтай мөлдір поэзиясынан көрінетіні анық. Ол поэзияға шын беріліп, тәнті боласын. Мағжан Жұмабаевтың ақындық ерекшелігін дәл бағалап, көпшілікке жеткізу аса қажет іс екені анық. Ой, қиял ұшқырлығы, молдығы, сөз кестесінің әрқилы, сан айшықты болып келуі мүлде еншісі бөлек жайлар.

Мағжан Жұмабаев көлемді поэмалар жазуда аса өнімді еңбек еткен. Оның өте-мөте белгілі поэмасы «Батыр Баян». Сондай-ақ «Ертегі», «Қорқыт», «Жүсіпхан», «Токсанның тобы» сияқты басқа да поэмалары кезінде баспа жүзін көрген. Осылардың ішіндегі күрделісі, көркемдік тұтастығы жағынан да, сюжет желісі мен сұлулығы жағынан да ерекше асып тұрғаны «Батыр Баян». Мұнда айтылған оқиға бір кездегі қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік заман жайынан. Ақынның жазуы бойынша, бұл хикаяға Абылай ханның кезінде екі ел арасындағы бейбітшілік, досытық қарым-қатынас орнағанға дейінгі оқиға өзек болған. Ашу үстінде қол бастаушы батыр Баян өзі қамқор болып жүрген кіші бауыры Ноян мен сұлу қалмақ қызын өлтіріп салады. Жазығы – олардың көңіл қосып елден қашуы. Бұған дейін Батыр Баянның өзінің жас қалмақ қызына көңілі ауған еді, бірақ қыз ыңғай бермеген соң, оны қарындас ретінде ұстаған. Алайда екі жастың Баянның айтқанына көнбей, қашып қығуының аяғы трагедиялық жағдайға әкеп соғады.

Поэмада әрі қарай бұл трагедиялық жайды суреттеу Мағжан ақындығының тағы бір көрінісі. Жан тебіренетер, іш толғантар ұшқыр өлең жолдары ағыла береді. Үстіне көк аспан құлап түскендей ер Баян жайы күйінішті-ақ.

Биік романтикалық сарынға құрылған аса көркем поэмалардан екі түрлі жайды аңғарамыз: бірі батырлық, достық, махаббат, мейірім дүниесі болса, екіншісі – ашу, ыза, онан барып әділсіз қантөгіс, өкініш. Қаһарманның мінеасаулығын, бірбеттілігін, бірақ ниетінің ақ екенін суреттеп, ақын поэманы романтикалық шарықтау шегіне жеткізеді. Шиеленіскен оқиғаны ақын тау мен судың, күн мен аспанның, кейіпкерлердің бірін-бірі қимас, күйін, қалмақ қызының сұлулығын, айнала табиғат сырларын суреттеу арқылы сезімнің қоюланып, ширығуына, күннің күркірегеніндей, найзағайдың ойнағанындай бітіспес мінездер соқтығысына алып барады, іштей өкініш толғанысына әкеп тірейді.

М.Жұмабаев поэмаларының композициясы өзінше, ерекше тұтастықты, ұтымдықты танытады. Шеберлігін, әрі көркемдік талғамын байқаймыз. Еркін, тартымды оқылады. Бұған оқиғалардың айрықша құрылым, кестесі, сөз қолданыс әдісі айрықша әсер береді. Мағжанның ең соңғы ірі туындыларының бірі – «Токсанның тобы». Бұл поэмада ақын жаңа өмір жолына үніле қарап, оған шын көңілімен ден қойғанын мойындайды. Бүкіл халықтың жаңа тұрмыс құруға бет алғанын, өзі де оған қосылатынын айтады. Токсан деп көпшілікті, жүздіктің онын емес, тоқсанын қолдаймын дейді.

«Қорқыт» поэмасының мазмұны ақынның бүкіл әуре-сарсаң өміріне дәл келіп тұрғандай. Белгілі оқиғаны қайта жырлағанда, бар болмыс-қалпын, тағдыр жайын өз түсінігінен, өз ой елегінен өткізіп бергендей. Қорқыт пен өлім Мағжан үшін аса жұмбақ тақырып. Басқа да өлең-жырларында өлім жайын көп айтып, көп толғанғаны белгілі. «Ой», «Мені де, өлім, әлдиле», «Зар» тағы басқа өлеңдері осындай [5].

Ақынның көптеген өлеңдері, поэмалары, әңгімелері, аудармалары кезінде шығып тұрған газет-журнал беттерінде, олар әлі толық жинала қойған жоқ. Мұның бәрін ыждағатпен жинап, тыңғылықты, тиянақты зерттеп М. Жұмабаев мұрасын халық қолына жеткізу алдағы күннің ісі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мағжан Жұмабаев шығармалары 1-2-3 том. “Білім” 1995 ж.
2. Ж.Аймауытов “Мағжанның ақындығы туралы” мақаласы.
3. Шериаздан Елеукенов “Мағжан”, “Санат” 1995 ж.
4. Абай Құнанбаев. «Өлеңдер» жинағы, Алматы-1995 ж.

## САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ - ҚҰРАНДА

**ҚҰРМАНБАЕВА А.А.,**  
*Әл-Фараби ат.ҚазҰУ, доцент*

Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында « Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі», - деп атап көрсетті.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі деп алатын болсақ, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын заман келбеті екенін түсінуіміз қажет.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейміз. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек», - деп көрсетілген.

Білім алу мәселесіне келетін болсақ, Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз алған білім – адамның қас жауы» деген қағидасын жанымыздан шығарып бара жатқандаймыз. Өйткені саналы адамға, саналы тәрбие беру әр уақыттада бірінші кезекте тұратын мәселе болуы керек. Тәрбиенің бастауын мен Құраннан бастар едім.

Білім алу мәселесі адамзаттың басты мұқтажы екеніне бүгінгі күн айқындап беріп отыр. Себебі: қазірде білімсіз күн жоқ екенін әркім біледі. Демек, Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тіпті Қытайдан болса да білім алуға ұмтыл», «Бір сағат ілім үйрену, бір түн жасаған ибадаттан артық. Ал, бір күндік дәріс, бір ай ұстаған ораздан абзал», - деген Хадистеріне жұртшылықтың алдын ала зердесіне жетіп, саналы түрде қабыл алғандықтарынан немесе өмір талабының еріксіз итермелеуінен деп білу керек. Әсіресе, Алла Тағаланың соңғы расулының: «Жастықта алынған білім – тасқа ойылған нақыш», - деген ұлы дәйектемесі біздің бүгінгі таңдағы білім алу мәселесінде ұран етіп, көкке көтеретін ұранымызға бергісіз. Ал, сол білім-ғылымды игерудің қыруар соқпақ та ирелең жолы бар. Бүгінде жеке-жеке кітаптар, альманах, журнал, газеттер беттерінен осыдан, мың-миллиондаған жылдар бұрынғы ғылым жолын, тіпті келешектен күтулі жаңалықтарды, іздеген талапкерлер саны күннен күнге артылуда.

Адамзат «саналы» деген мәртебе алғаннан бері: «адам өмірі неге мәңгілік емес?» - деген сұрақ қалыптасқаны анық. Осы философиялық проблема төңірегінде ғұламалардың ой толғамағандары кем де кем болар. Біз білетін тарихшылар атасы Геродотқа сенсек, біздің эрамызға дейінгі 480- жылы парсы патшасы Ксеркс I кезекті майданға аттанбас бұрын жауынгерлерін аралап шыққан көрінеді. Содан кейін: «Адам өмірі осыншама қысқа екенін сезінгенімде, жаным қан жылайды. Себебі: жүз жылдың ішінде мына кісілерден ешкім қалмайды ғой», - деп көзінен жас алған дейді.

Міне, оған дейін де, одан кейін де өмір ұзақтығы турасындағы шешуін таппай келе жатқан – осы мәселе. Бұл мәселені «Нью-Йорк таймс» журналы «Олардың өмір сүргісі келеді», деген мақаламен тағы да проблема көтерді. Онда бір зерттеушінің: «Мәңгі тірі болатын тұңғыш ұрпақ біз екенімізге мен сенемін!» деген дәйексөзін келтіріпті.

Ғылымның осы заманғы жетістіктеріне сүйенсек, адамдардың ажалсыз өмір сүру мүмкіндігінің бір себебін адам ағзасының кереметтей ерекшелігінен қарастырған жөн. Ол турасында биолог Джерел Даймон қызықты деректер келтірді. «Біздің ішкі құрылысымыздың клеткалары бірнеше тәулік аралатып жаңарып тұрса, қуық клеткалары – әр екі ай, қызыл қан клеткалары әр төрт ай сайын өзгеріп тұрады, - дей келе, - табиғат күн құрғатпай, бізді «бөлшектеп» те, «жинап» та отырады, - деп тұжырымдайды. Бұдан нендей қорытынды жасауға болар еді? Сонда, біз 8 болмаса 80 не тіпті 800 жыл жасасақ та, денеміз жас күйінен айнамайтын болғаны!.. Тағы бір оқымыстының ойынша, «біздің организміміздің шамамен 98 пайызы жыл сайын ауа жұту, тамақ жеу және сұйық ішудің арқасында басқа атомдармен жаңарып тұратын болса керек...

Соған қарағанда, біздің тірлігіміз шексіз болуға тиіс секілді. Бұл жерде әңгімеленіп отырған тақырып біздің дәстүрлі ұғымымыздағы мәңгілік өмір болмақ. Әлгі жоғарыда аталған мақалада: «Келешекте қолдан генетикалық өзгерістер жасау арқасында қартаю процесін тежеп, тіпті кері бұратындай әдіс табылатынына шек келтірмеймін», - деген жолдар бар. Автор айналып келгенде:

«Технологиялар – жаңа құдайлар» деген де қағида айтады. Қазірде көптеген ауруханада адамға жасанды мүшелер салып жүрген жағдайлар сол «жаңа құдайлар – технологиялардың» бастауы емес пе екен?..

Біздің медицинамыздың осы бағыттағы зерттеу жұмыстары баяғыда-ақ Құранның Бақара сүресіндегі: «Сендер өлі едіңдер. Ол сендері тірілтті, кейін Ол сендерді өлтіреді, онан кейін қайта тірілтеді», - деген 28-аятындағы айтқанын жүзеге асырып жатқандай болса ше?.. Бұл әлі алда шешімін күтіп тұрған ғылыми проблемалардың күрделілерінің бірі екенін ешкімнің таласы болмас...

Тағы да құпиясы қырық қатпар нәрсе – жалпы Әлемнің о бастағы бастау алу логикасы. Өзіміздің планетамыздан бастап, Күн жүйесі, оның өзі тоғыз планетасымен, көп жұлдыздардың бірі боп енетін Галактика – Құс жолы және де, қазіргідегі астрономдар миллиондаған санды деп есептейтін қыруар Галактикалардың түп-төркіні не екенін білу оны теория жүзінде жорамалдау жәй болжам емес. Радио және сәуле толқындарының арқасында әзірше маман-ғалымдарымыз Аспан Әлемінен байқап, Күллі планеталық каталогқа тізген Көк денелерінің саны 100 миллиард Галактикаға жетеді деп біледі! Ал, әр Галактиканың өзінде миллиардтан-триллионға дейін Жұлдыздар болса керек!.. Міне, солардың «шыққан тегі» не екенін дәл анықтауға бүгінгі заманның озық техника мен технологиясының қауһары жете қоймағанмен, болжамды түрдегі «бейнесін» сипаттауға ұмтылу оқымыстыларды ғана қызықтырып қоймаса керек. Осы бағыттағы ізденістер туралы сөз ететін болсақ: «жыбырлаған» сансыз жұлдыздардың өзара қарым-қатынастарында қандай заңдылық бар? Қалайша олар бірімен-бірі «бас түйістіріп», соғысып, бірін екіншісі «күйретіп», «жарып» кетпей жүр? Ол аздай-ақ, өздерінің ара қашықтықтарындағы тұрақтылықтарды сақтауда қандай «сиқырлықтар» бар?.. Міне, алғашқы сұрақтар.

Аталмыш сауалдарға қатысты «Сайентифик америкэн» журналында «Әлем қалайша жаралған?» деген тақырыппен жарық көрген мақала бірсыпыра қызықты ойлар айтады. Өз материалында космостың туу тарихымен айналысатын мамандардың пікірлерін ортаға сала отырып, автор жұртты елең еткізетін ерекше соны ғылыми болжамдар жасайды. Кейбір мамандар Әлемнің пайда болуының себептерін қазіргі адамзаттың шеше алар мүмкіндігіне шек келтірсе, екіншілері оның бүгінгідей қалыпқа жетуіне саналы тіршілік иелері септігін тигізбей қоймаған дегендей дәйектер жасайды.

Егер әлем кездейсоқ дамыған дегенге келсек, оны «сәтті кездесок құбылыс» есебінде қарастыруға мәжбүр боламыз. Мысалы: «Әлем негізінде сутегі мен гелийдің қыруар қарапайым атомдарынан тұрады. Алайда, өмірдің пайда болуына тек қана сутегі мен гелийден басқа, олардан күрделірек көміртегі мен оттегі атомдарының қатысуы талап етіледі». Ал, сол қажетті атомдардың шыққан көздерінің қайдан, қалай екеніне ғалымдардың жауап бере алмай отырған жайы бар.

Белгілі алып жұлдыздар әлемінде, өмірдің дамуына қолғабыс жасайтын күрделі атомдар шоғырлануы кездейсоқ, ойда жоқта пайда болғаны ма? Сол алып жұлдыздардың кейбіреулері әлсін-әлсін «жарылып», қажетті атомдарын аспан әлеміне шашып, жаңа жұлдыздар жасайтындары кездейсоқтық па? Американың Астрономия орталығында осы жаңалықтар ашылуына мұрындық болғандардың бірі – профессор сэр Фред Хойлдың: Сол деректермен таныс ғалым: «Ядролық физика заңдары арнайы, сапалы түрде жасалған, деген қорытындыға келмесіне сенбеймін», - деген.

Сондықтан да Әлем құрылымы жөніндегі мәселеге едәуір тоқтаған жөн. Сутегі атомы өз тектестері арасында нағыз қарапайым саналғанмен, ол – біздің Күніміз тәрізді жұлдыздардың «жанармайы» есепті тіршіліктің тірегі. Сутегі атомы – өз ядросындағы бір протоннан және төңірегінде айналып жүретін бір электроннан тұратыны белгілі. Бөтен көміртегі, оттегі, алтын және сынап сияқты химиялық элементтердің протондар мен нейтрондардан «көз қамасатын» ядросын қыруар электрондар шыр айналып жүреді.

Шамамен 450 жыл бұрын ғылымда тек қана 12 химиялық элемент белгілі болатын. Келе-келе жаңалары ашыла бастағасын, олардың табиғи классификацияға бағынатыны аңғарылды. Ақырында Д. Менделеевке бағана-бағана, тор-торға бөлінетін периодтық жүйе кестесін құрастыру сәті түсті. Сол кесте арқасында әлі де «қолға түспеген» жаңа элементтердің рет санын, түсін, салмағын, валенттілігін тығыздығы мен балқу температурасын алдын ала, көрмей-білмей-ақ, «қаламның ұшымен ашатын» дәрежеге жеттік... Енді элементтердің табиғи жіктелуі табиғатта ұшырасатын 1-ші элемент – сутегіден 92-ші – уранға дейін протондардың рет санына негізделді. Осы да кездейсоқтық па?

Күллі Космосты ұстап тұрған осыншама ұсақ протон, нейтрон, электрондарда «қатаң табиғи тәртіп» болмаса ше? Былайша айтқанда, олардағы өзара электр магниттік байланыс «босансыса» ше? Онда әлемде химиялық реакциялар тумас еді! Бұл – бүгінгі біздің ұғымымыздағыдай өмірден жұрдай боламыз деген сөз! Мысалға, сутегінің екі атомы оттегінің, бір атомымен әрекеттенбесе, судан мақұрым қалар едік!..

Ал, осы ядроны ұстап тұрған атомдардың өзара тартылысы, қуаты электр магниттік тартылыстан 100 еседей күшті.

Турасына келгенде, бүгінгі заман талабы одан әлдеқайда биікте жатыр. Ал, сол ғылыми жаңалықтарының теориялық бастауы Қасиетті Құранда жатқанына жұртшылықтың көзін жеткізу үшін ғылыми басылым ұйымдастыру мұқтаждығы әлдеқашан туғанын түсінуіміз керек қой!.. Қазіргі тіршілігіміздің алтын бағанасы саналатын мархабатты ғылым прогресінің жетістіктерін және де өткен тарихының көмескі қалған тұстарын өз үмбеттеріне жеткізу-қасиетті шаңырағымыз – мешіттің міндеті. Керек десеңіз, білім-ғылым бастауы әлемтаным энциклопедиясы деп санауға болатын Құранды ту ғып көтеруге тиіс мешіттер болсын!

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) аузынан шыққан «Оқымысты немесе үйренуші, я тыңдаушы не оқымыстылықты ұнатушы бол»; «Менің бойыма білім құйып көмектес»; «Сендердің араларыңда кімде-кім өз білімін өзгелерге үйретсе, сол ең жақсы, ең пайдалы адам болғаны»; «Білімді игеру – әрбір мұсылманның міндеті»; «Өз білімдеріңді өзгелерге үйретіндер, оқушылардың оқуын жеңілдетіндер, білімнен айнытпаңдар»; «Білім үйрену ибадаттан да артық және ол – діннің де тірегі», «Білімді жазып бекіт!»; «Білімді бойына жинаған, бірақ, оны өзгеге таратпаған адам пайдаға асырылмай жатқан мол қазынаның сақтаушысына ұқсайды...» тағы да басқа Хадистер бізге бүгінгі таңдағы күрделі ғылымды уағыздауды жүктесе керек.

Осы сәтте Елбасымыздың Жолдауындағы: «Біздің моделіміз қоғам дамуының әртүрлі модельдерінің түйісуін бейнелеуге тиіс. Біздің моделіміз басқа модельдердің элементтерін сабақтастыра отырып, негізінен, өзіміздің ерекшеліктерімізге, тарихымызға даму кезеңдерінің нақтылығын еске ала отырып, ұмтылыстырымызға сүйеніп, өзіміздің жеке жолымызды белгілейтін болады», - деген жолдар халықтың интеллектісін арттыру бағытында Ислам танымдарына да зор мүмкіндік ашып отырғаны белгілі.

## **ЖУРНАЛИСТ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ БАРЫСЫНДА БАҚ-ТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ**

**ОШАНОВА О.Ж.,**

*Әл-Фараби ат.ҚазҰУ, доцент,  
филол. г. к.*

Қазақстанды тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде қалыптастыру үшін ел тұрғындарының құқықтық мәдениетін көтеру, олардың құқықтық санасын дамыту және құқықтық сауатсыздығын түбірімен жоюды мақсат еткен азаматтық қоғам құрудың негізгі критерийлерін алға тарту қажет.

Қазақстанда құқықтық мемлекет ретінде қалыптастыру үдерісі тұрғындардың құқықтық мәдениетін дамыту мақсатымен тығыз байланысты. Осыған орай ел азаматтарының қоғамдық санасында құқыққа әлеуметтік шындыққа, адамгершілік пен тұлғаның еркіндігі негізіндегі құндылық ретінде қарау және сауатты қарым-қатынас орнату керек деген ұғымдар берік орнығуы керек.

Бұл жерде баса айтылатын мәселе, қоғамдағы құқықтық мәдениеттің қалыптасуында еліміз БАҚ-тары маңызды роль атқарады.

Жоғары құқықтық мәдениет - демократиялық қоғамның негізгі көрсеткіші болып табылады. Ел азаматтарының заңдарды құрмет тұтуы және оларды қалтқысыз орындауы, бұл құқықтық қоғамның орнығуының басты шарттарының бірі.

Қазіргі кезде қоғам өкілдерінің, құқыққорғау органдарының және журналистердің бастамаларымен тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттыру жорлында ауқымды шаралар атқарылып жатыр.

Бұл орайда отандық өкілдерінің белсенді қызмет ұйымдастырып отырғанын айтпай кетуге болмайды.

Азаматтардың құқықтық мәдениеті және құқықтық тәрбиесі олардың өз құқықтарын қорғау тәсілдері арқылы көрінеді. Олардың көп бөлігі өздерінің әр түрлі сипаттағы дауларын құқықтық қорғау жүйелері арқылы шешуді жөн көрсе, ал келесілері өз мәселелерін заңсыз жолдармен шешу мүмкіндіктерін қарастырады, яғни пара беру, жоғарғы шенді немесе лауазымды таныстарын салу, негізсіз арыз-шағымдар жазу.

Ал бүгінгі күнде қорғанудың көпшілікке өте тиімді әрі танымал тәсілі, ол – журналистік зерттеулер жүргізу үшін журналистерге өтініш айту.

Бұл тәсіл қазіргі кезде өте жиі қолданылады әрі даулы мәселелерді шешудің ықпалды құралына айналып отыр.

«БАҚ заңнамасы және этика» пәнін оқыту барысында болашақ журналистердің құқықтық мәдениетін арттыру мәселесі бірінші кезекте алға тартылып, кәсіби журналистердің құқық алаңында сауатты жұмыс атқаруының әдіс-тәсілдері теориялық және тәжірибелік тұрғыдан талданады.

Сонымен қатар еліміздің БАҚ-тарына құқықтық тақырыпта сауатты материалдар әзірлейтін мамандар даярлау қажеттігін ескере отырып, осы оқу курсы арқылы ақпараттық құралдарды құқықтық мәселелерді көтерудің тәсілдері туралы және олардың заңдық және құқықтық қызметте кездесетін тәжірибелік мәселелерге орай студенттерді қажетті біліммен қаруландыру мақсаты көзделеді. Осы орайда студенттердің «БАҚ заңнамасы және этика» пәні бойынша алған теориялық білімдерін тәжірибелік тұрғыдан негіздеу үшін үш жүйеде негізделген тапсырмалар беріледі:

Бірінші - студенттердің құқықтық сауаттылығын жетілдіру және пысықтау мақсатындағы тапсырмалар;

Екінші – студенттердің өзіндік ойлау жүйесін және кез-келген жағдайдан шыға білу қабілеттерін арттыру мақсатында семинар өткізудің түрлі тәсілдерін қолдану;

Үшінші - отандық БАҚ-тардағы құқықтық мәселелердің көтерілу деңгейін анықтау үшін сараптамалық бағыттағы тапсырмаларды орындау.

Енді осы тапсырмалар жүйесіне жеке-жеке тоқталайық.

Студенттердің құқықтық сауаттылығын қалыптастыру және пысықтау мақсатында төмендегідей тапсырмалар ұсынылады:

Бірінші тапсырма. Журналист редакцияның тапсырмасымен беделді, жұртқа танымал тұлғадан сұхбат алуға барды делік, сол кезде аудиожазба жазатын аппараттарды (диктофон) қолдану үшін сұхбат берушіден рұқсат алуы қажет пе?

Бұл туралы Қазақстан Республикасының заңдарында арнайы айтылған ба? Айтылса, қандай заңдар екенін атап көрсетіңіз.

Екінші тапсырма. Қызмет барысында қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін журналист жеке басын қауіп-қатерге тіксе, бұл заңды болып табыла ма? Ал қандай жағдайда журналист тәуекелге бас тіксе, ол негізсіз деп танылады? Бұл туралы ҚР қандай заңында айтылған?

Үшінші тапсырма. ҚР заңдарына сәйкес журналистермен мәртебесі теңестірілген тұлғалар ретінде кімдер танылады?

Төртінші тапсырма. Қажетті ақпаратқа деген сұранысқа жауап берудің төрт жолын атаңыз.

Ақпаратты беруден бас тарту туралы хабарлама ақпаратқа деген жазбаша сұраныс алынған күннен бастап неше күн ішінде редакцияның өкіліне берілуі тиіс?

Бесінші тапсырма. ҚР «БАҚ туралы заңы» редакцияға тиісті мекемелердің және лауазымды адамдардың ақпаратқа деген сұранысты қанағаттандыру тәртібін орындамағаны үшін, қажетті ақпаратты ұсынудан бас тартқаны және ұсыну мерзімін ұзартқаны үстінен шағым түсіре алатын заңдық мүмкіндік береді. Егер сот орындары шағымның растығына көз жеткізіп, заң бұзушылықтардың орын алғанын растаса, онда түсірілген шағымның негізді екендігі туралы шешім шығарып, орын алған заң бұзушылықтың қалпына келтірілуін (сұратылған ақпаратты ұсыну) талап етеді және редакцияға келтірілген залалдардың, оның ішінде ұтылған пайданың орнының толтырылуын міндеттейді.

Осы аталған мәселеге қатысты еліміздің БАҚ-тарының шығармашылық өмірінен нақты мысалдар келтіріңіз.

Алтыншы тапсырма. *«Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының сайтында журналистердің сотқа жүгіну дерегінің орын алғаны туралы мәліметтерге талдау жасап, оларды заңдық тұрғыда негіздеңіз.*

Жегінші тапсырма. *Жұмыс берушілер тарапынан еңбек заңы бұзылып, журналист сотқа жүгінуі қажет делік, еліміздің заңдарына сәйкес журналист қандай қадамдар жасауы қажет?*

Сегізінші тапсырма. Азамат немесе заңды тұлға өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы ма? Заңдық негізде дәлелдеңіз.

Тоғызыншы тапсырма. Оқырман өз материалын газет немесе журнал редакциясына жіберді делік, бұл жағдайда бұқаралық ақпарат құралы редакциясын ол қабылдамай тастаған материалды жариялауға міндеттеуге оның құқығы бар ма, әлде жоқ па? Заңдық негізде дәлелдеңіз.

Оныншы тапсырма. Шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдар еліміздің газет-журналдарына бас редактор бола ала ма? Заңдық тұрғыда мәселені негіздеңіз.

«БАҚ заңнамасы және этика» пәні бойынша семинар өткізудің төмендегідей түрлері қолданылады:

Біріншіден, еліміздің танымал заңгер-журналистерімен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру. Ұсынылатын тақырыптар: «Журналист қауіпсіздігі қалай сақталады?» немесе «Журналистің құқықтық мәртебесі жеткілікті дәрежеде қорғалған ба?» т.б.

Екіншіден, оқытудың «сократтық тәсілі»: студенттермен нақты мәселе төңірегінде сұрақ-жауап ұйымдастыру. Мысалы: ҚР «БАҚ туралы Заңы» бойынша қандай адамдар газет-журнал редакцияларына басшылық ете алмайды, санамалап беріңіз және неліктен?

Үшіншіден, нақты бір оқиғадан шығу жолдарын табу үшін арнайы тапсырмалар беру. Мысалы, журналист кездейсоқ қарсылық акциясын ұйымдастырып жатқан адамдардың ортасына тап болады, осы жағдайда оның әрекеті қандай болмақ? Бұл акция туралы хабарлама жазу үшін арнайы рұқсат керек пе?

Отандық БАҚ-тардағы құқықтық мәселелердің көтерілу деңгейін анықтау үшін сараптамалық бағыттағы тапсырмаларды орындау:

«Заң» газетіндегі құқық бұзушылық жөніндегі мақалаларға сараптама жасау және тақырып жағынан жіктеу;

«Егемен Қазақстан» газетіндегі сыни мақалаларға сараптама жасау және тақырып жағынан жіктеу;

Еліміздің тәуелсіз басылымдарындағы құқықтық мәселелерге арналған мақалаларды тақырыптық және мазмұндық жағынан талдау.

## «АҚИҚАТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК РОЛІ

ӨЗБЕКОВА Г.

*Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, филол.ғ.к., доцент*

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының басында «Қызыл Қазақстан» деген атпен жарық көріп, бүгінгі тәуелсіз еліміздің айшықты басылымына айналған «Ақиқат» журналының тарихы тым тереңде. Басылым тарихы – ұлт тарихының айнасы дейтін болсақ, еліміздің күнгейлі шуақты, көлеңкелі ызғарлы тоқсан жылға жуық тарихы «Ақиқатпен» біте қайнасып жатыр. Уақыт бұл басылымды тар жол тайғақ кешуден өткізеді. Қазақ зиялыларының басына бұлт үйрілген зұлмат жылдарда осы журналдың қолымен от көседі, қаһарлы жылдар мен партияның қылышынан қан тамған одан кейінгі кезеңдер де өз қиыншылықтарымен тарих беттеріне жазылды. Солай бола тұра, ол қай кезде де өз халқының мінберінен сөйлеп, оның әрі тірегі, әрі жанашыры бола білді. Қандай қиын кезде де уақыт үрдісіне орай күрделі-күрделі мәселелерді көтеріп отырды.

Баспасөз болмысымыздың барометрі дейтін болсақ, «Ақиқат» та дәуір тынысына, заман рухына сай қоғамдық-әлеуметтік ойдың қалыптасуына өріс ашты. Халықтың саяси, рухани және мәдени жағынан түлеп, өсіп-өркендеуіне айтарлықтай ықпал етті. Еліміздің тарихы, қасиетті жері үшін өз басын құрбан еткен боздақтарымыздың өмірімен таныстырып, отаншылдық сезімге тәрбиелеуде де үлкен ықпал етті. Бұл, әсіресе, еліміз егемендік алып, журнал өз атын «Ақиқат» деп атағалы бері айқын аңғарыла бастады. «Ақиқат» демекші, журнал осы атты иемденгенше оның аты да, шығарушы құрылтайшылары да бірнеше рет өзгерді. Бастапқыда РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің журналы ретінде тұсауын кескен бұл басылым алғаш 1921 жылдың 15-ші қыркүйегінде жарық көрді. 1924 жылдан ол Қазақстан КП(б) өлкелік комитетінің органы болып шыға бастады. 1931-1932 жылдары ол оқырмандарының қолына «Қазақстан большевигі» деген атпен тиіп тұрады. 1932 жылы аз ғана уақыт «Ауыл коммунисті» деген шығып тұрды.

Журнал жылнамашыларының деректеріне сүйенсек, Ұлы Отан соғысының ауыртпалығына байланысты 1942-1944 жылдар аралығында уақытша жабылып қалған. Бұл Ұлы Отан соғысы жылдарының ауыр зардаптарының журнал өміріндегі бір көрінісі еді. 1945 жылдың басынан «Қазақстан большевигі» қайтадан өз оқырмандарымен қауышты. Ал 1947 жылы өз тарихында екінші рет «Коммунист» деген атауға қайта оралып, 1952 жылға дейін осы атпен жарық көрсе, 1952 жылдан «Қазақстан коммунисті» деген атқа ие болды. Журнал осы «Қазақстан коммунисті» атауымен 40 жылға жуық уақыт шықты. Еліміздегі демократиялық өзгерістер, қоғамдық сананы сілкіндірген соны леп бұл басылымның өміріне де өз жаңалығын ала келді. Сөйтіп, 1991 жылдың қараша айынан журнал «Ақиқат» деген атпен жарық көріп келеді. Оның не себепті «Ақиқат» деп аталғаны туралы журналдың сол кездегі бас редакторы, белгілі қоғам қайраткері Камал Смайылов өз естелігінде былай деп жазады: «1991 жылы Орталық партия комитеті тарап, журнал бұрынғы атпен шығуын тоқтатқанда, оны қалай сақтау керек деген мәселе туды. Ұлттық Ғылым академиясына, «Білім»

қоғамына барындар деді. Олардың өздері де жетісіп отырған жоқ, журналды қалай алсын. Содан ойланып, бір телефоннан соң сол кездегі Жоғарғы Кеңестің төрағасы Ерік Асанбаевқа бардым, әңгімелестім. Екеуіміз Орталық комитетте қатар қызмет істегенбіз. Оған жағдайды айтып едім, келісе кетті. Екі газеті бар Жоғарғы Кеңес енді екі теориялық-саяси журналды алса да көптік жасамайды ғой деп ұйғардық. Ендігі саясат – халықтыкі, идеология, теория – мемлекеттік дегенге келдік. Оның атын өзгерту керек болды. Редакцияда бәріміз жиналып, атын іздедік. «Саясат», «Шындық», «Ой көкжиегі» деген аттар ауызға айналды. Біреулер: «Парасат» деген ат тамаша келіп тұр, бірақ сіз оны ана журналға беріп кеттіңіз ғой» деді. Сонда маған «Парасатқа» ұқсас, мағыналас сөз еске келді. Мен «Ақиқат» деп атайық деген ұсыныс жасадым. Бәрі қостады. Осылайша, мен екі журналдың атының авторы болдым».

Журналдың аты неше рет өзгергенімен оның заты, ұстанған бағыт-бағдары өзгерген жоқ. Қайта ел егемендігімен бірге өзіне үлкен жауапкершілік жүктеп, заман талабына сай пайым-парасаты биік сан қырлы тың дүниелер бере бастады. Өйткені, тарих ақиқатқа түпкілікті айтылса, онда басылымның беті ашық, жүзі жарқын, жолы даңғыл, оқырманы көп болады емес пе? Журнал өзінің алғашқы қадамынан халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап, елдің мүддесі мен мақсатын көздей білді. Бұл орайда журналдың аяқтанып кетуіне сол тұстағы «Елім, жұртым, халқым» деп еңіреген ұлт зиялыларының барлығы атсалысты. Журналдың қайнар бастауында – Абдолла Асылбеков, Ерғали Алдоңғаров, Нәзипа Құлжанова, Нығмет Нұрмақов, Сейділда Төлешов, Смағұл Сәдуақасовтардың басылымға басшылық жасауы үлкен бедел әкелді. Олар салған сара жолды қоғам қайраткерлері – М.Атаниязов, Ә.Әйтиев, Н.Бозжанов, Ғ.Бұзырбаев, О.Жандосов, Т.Жүргенов, О.Исаев, І.Қабылов, С.Меңдешов, Л.Мирзоян, Т.Рысқұлов, атақты ақын-жазушылар С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, И.Байзақов, белгілі журналист-ғалымдар Ж.Арыстанов, С.Бәйішев, С.Бейсенбаев, С.Ордабеков, А.Елшібеков, С.Есова, Қ.Сәтбаев, Қ.Сағындықов, М.Мамажанов, К.Қазыбаев, Қ.Смайылов, С.Ақтаев, А.Жақсыбаев, Н.Оразбек сынды қайраткерлер іскерлікпен жалғастыра білді. Бұлардың қай-қайсысы болса да күш-қуатын басылымның ұстаханасына арналған. Бүгінгі «Ақиқат» сол тамыры терең жатқан, рухы биікте қалқыған үлгі-өнеге мектебін жалғастырып келеді.

Журналдың даму, өсу жолы ел тарихының айтулы, маңызды кезеңдерімен тығыз байланысты. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, қазақ халқының ғылым-білімге ұмтылысы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ел басына түскен қабырға қайыстырар ауыртпалықтар, тың игеру, одан бергі санамызда жаңғырған басқа да оқиғалар басылым беттерінен айшықты түрде көрініс тауып отырды. Ал журналдың соңғы жылдардағы сандарында республикамыздың егемендік алғаннан кейінгі қадамдары, оны нығайту жолындағы мемлекет, қоғам қайраткерлерінің, зиялы қауым өкілдерінің ой-толғаныстары, сыни пікірлері жарияланып келеді. Ана тіліміз бен дініміз туралы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріміздегі шындықты еш боямасыз жариялап келе жатқан да осы «Ақиқат».

1999 жылдың 12 маусымы. Бұл тәуелсіз Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде тұңғыш рет тұсауы кесілген «Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамы» атты қаламгерлер қауымдастығының Алматы қалалық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күн. Шынын айту керек, осы бір айтулы дата қазақ баспасөзінің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген қарапайым журналситер үшін көптен күткен сәт болғанымен, ал енді бір топ үшін күмәнді нәрседей көрінгені де рас еді. Нарықты экономиканың жойдасыз қылбырауына түскен қазақ баспасөзі осы бір жылдары тауқыметтің қақпақылына түскені ешкімге жасырын емес. Әсіресе, мемлекеттік қаржыландырудан тыс қалып, онсыз да қалт-құлт күнін көріп жүрген руханият апталықтары мен журналдары қайранға шығып қалды.

Ел ішіндегі жоқшылық пен қаржы тапшылығы газет, журналдарға жазылу науқанына да аз зардабын тигізген жоқ. Бір жылдардағы 100 мыңдық, 200 мыңдық баспасөз таралымдары әп-сәтте құлдырап, 2 мыңдық, 3 мыңдық деңгейге түсті. Ал басылымның таралым тиражынан айырылуы, оның қаржылық әлеуетіне едәуір соққы болғаны анық. Сөйтіп екі жақты қыспаққа түскен қазақ басылымдары баспахананың алдында шаш-етектен шығынға батты. Журналистер жылдап қаламақы алуды, айлап айлық алуды ұмытты. Газет-журнал өндірісіндегі осы бір қиямет-қайым әдебиет пен мәдениетті ардақтайтын оқырман қауымды рухани жұтаңдыққа, ақпараттық тапшылыққа алып келгені айдан анық.

Бұл үдерістің осылайша кете беруі мүмкін емес еді. Өйткені, ел тағдырын ойлайтын, халық камын жейтін азаматтар осы мәселенің қайткенде де бір шешім табуы жолында ой сабылтты. Сөйтіп, «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Ақиқат», «Жұлдыз», «Мысль», «Простор», «Уйгур авазы» секілді алды 70-80 жылдық тарихы бар басылымдардың басын мүліктік негізде біріктірген бір шығармашылық

қауымдастық құру керектігі айқын байқалды. Сөйтіп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы нұсқауымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитет төрағасының бұйрығымен «Қазақ газеттері» деп аталатын жабық акционерлік қоғам дүниеге келді.

«Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамы секілді үлкен қауымдастықтың басқару аппаратын құру, оның жұмысын жүйелеу, бір арнаға бағыттау ғана жеңіл болғанымен қыруар күш-жігерді қажет еткені сөзсіз еді. Бас-басына билік құрып, бұрыннан өз шаруашылығына бауыр басып, үйреніп қалған газет-журнал басшыларымен тіл табысып, жұмыс істеу бір жағынан мәмілегерлікті, екінші жағынан әкімшілік ресурстарды ұтымды пайдаланып, іске қосу өнерін қолдануды талап етті. Алғашқы екі-үш жыл, әрине, газеттер мен журналдардың өндірістік әріптестері алдындағы қарыздарын қайтарумен кетті. Мұның сыртында журналистердің жылдар бойғы алынбаған қаламақысы мен айлығы өтеу міндеті тағы тұрды.

2002-2003 жылдары акционерлік қоғам өміріндегі серпіліс алға ұмтылыс кезеңі десе де болғандай. Бұл кезеңде қауымдастыққа қарасты газеттер мен журналдар жаңаша түр, мазмұнмен, полиграфиялық безендірумен шыға бастады. Басылымдардың таралым ауқымы ұлғайды.

Бұқаралық ақпарат құралдары саласында өмірдің өзі ұстанып отырған талаптарға сай заманауи менеджмент мен маркетингті енгізу өзінің нақты нәтижелерін бере бастады. Газеттер мен журналдардың облыстардағы күндерін өткізу, басылымдардың әрқайсысы өзінің тақырыптық саласына байланысты ғылыми практикалық конференциялар ұйымдастыру, оқырмандармен сұхбаттасу, ашық күндерін өткізу секілді іргелі шараларды қолға алу дәстүрге айналды. Міне, осының бәрі айналып келгенде еліміздің ақпараттық кеңістігінде өзінің лайықты орнын алуға ұмтылған «қазақ газеттері» секілді шығармашылық қауымдастығы еңбек ұжымының ұмтылысының жарқын бір көрінісі.

2006 жылы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының талаптарына сәйкес «Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамы жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылды. Сөйтіп оның алдына бұрынғыдан да зор жаңа міндеттер қойылды. Ал, ол биіктен көріну газеттер мен журналдардың тұтқасында отырған басшыларға, басшы біреу болғанда өзгелері тіреу болатын еңбек ұжымдарына тікелей байланысты. Қазір жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрамында алты басылым бар. «Ана тілі» ұлт апталығын республикамызға белгілі білікті қаламгер Самат Ибрагим басқарса, «Экономика» газетіне Президент сыйлығының лауреаты Ахас Тәжұытов жетекшілік етеді. «Уйғур авазы» газетінде ұзақ жылдардан бері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Юлдаш Азаматов басшылық жасап келеді. Үстіміздегі жылдан бастап 90 жылдық тарихы бар, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналына филология ғылымдарының кандидаты Мұхитден Салқынбаев редактор болып қызметке кірісті. Республикамызға белгілі саясаттанушы Сейдахмет Құттықадам үш-төрт жылдан бері «Мысль» журналының тұтқасын ұстап отыр. Ал «Алаш» сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы Қуандық Түменбай «Үркер» журналының бас редакторы. Бір айта кетерлігі біз ғасырға жуықтап қалса, ал «Экономика», «Үркер» секілді басыламдардың өз оқырмандарының көзайымына айнала бастағанына бар-жоғы екі-үш-ақ жыл болды.

Қауымдастыққа еніп отырған газеттер мен журналдар тақырыптық жағынан бірін-бірі қайталамайтынын ескерсек, бұның өзі басылымдардың таралым аудиториясының әр алуандығында айқын байқатады. Айталық, оқырман қауымға тіл тағдырының ұраншысы болып отырған «Ана тілі» апталығының, «Ақиқат» пен «Мысль» секілді зиялылар басылымның ақпараттық кеңістіктегі өзіндік орнын нық белгілегенін оқырман қауым бұрыннан білетін болса, республикалық түкпір-түкпіріне енді-енді жете бастаған «Экономика» газеті мен «Үркер» журналы да осы үдерістен өз үлесін алып қалу үшін қажыр-қайрат жұмсауда.

Ұлттық қоғамдық-саяси «Ақиқат» журналының еліміздің ақпараттық кеңістігінде алатын өзіндік орны бар. Журналдың даму өсу жолы республика тарихындағы айтулы, маңызды кезеңдермен тығыз байланысты. Мәселен ауылшаруашылығын ұжымдастыру, елді индустрияландыру, қазақ халқының ілім-білімге ұмтылысы, Ұлы Отан моғысы жылдарындағы ел басына түскен оқиғалар басылым беттерінен лайықты көрініс тапты.

Ал журналдың 1991 жылдан бергі нөмірлерінде республикамыздың егемендік алғаннан кейінгі қадамдары, оны нығайту жолындағы мемлекет, қоғам қайраткерлерінің, зиялы қауым өкілдерінің ой-толғаныстары, ғылыми әлеумет өкілдерінің теориялық байыптамалары, сыни пікірлері жиі жарияланып отыр. Қазақстанның бір байлығы халықтар достығы мен қоғамдық келісім идеясын жүзеге асыру болса, осы мақсатта журнал айырықша роль атқарып келеді. Демек, бұл басылым өзінің о бастағы қоғамдық-саяси теориялық журнал деген мәртебесіне сай шығып отыр деген сөз. Бұған дәлел ретінде әріге бармай-ақ журналдың 2009 жылғы жарияланымдарына көз жүгіртсек болғаны. М.Әбілтайынның «Қазақтың рулық қоғамы» (№1, 2009 ж), М.Тәтімұның «Зұлмат пен зардап» (№5-



6, 2009 ж), С.Ақтаевтың «Мағжан мен Хамза» (№5, 2009 ж), Ғ.Есімнің «Ақме қоғам – Нұқ кемесі» (№9-10-11, 2009 ж) деген толғамы терең туындылары оқырмандар назарын аударғаны сөзсіз. Журнал редакциясында қазақ зиялы қауым өкілдерінің басқосуы жиі өтіп, онда қоғамдық өміріміздегі болып жатқан сан салалы мәселелер талқылау өзегіне айналады. Оның нәтижесі журнал беттерінде жарияланып, оқырмандар назарына ұсынылады. Сондай-ақ, журналдың «Заманхат», «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан», «Ізгілікті қоғамға барар жолда», «Дүниетаным диалектикасы», «Саясат пен парасат», «Экономика – пайым мен бағдар», «Ақтандақтар ақиқаты», «Тұлғалар тұғыры», «Мерейтой», «Ата тарих толғауы», «Тылысым дүние тағылымы», «Тарихтан тәбәрік», «Ғаламдық саясат ғибраты», «Зерттеу», «Дүниетаным» ділі, «Имандылық иірімдері», «Білгенге – маржан» сияқты салиқалы да салмақты және т.б. айдарлары оқырмандар талабына жауап беріп, көңілінен шығып келеді.

#### Әдебиеттер:

1. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы/ Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы. «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ж – 182 б.
2. Медетбек Т. Қайтпас та қайсар басылым // Егемен Қазақстан. – 2006. – 11-қазан
3. Кенжалин Ж. Халықшылдық рухтың қарекетін кестелеген // Ана тілі. – 2009. – 29 – желтоқсан

### «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ – ЕЛ ТӘРБИЕШІСІ

**ӨЗБЕКОВА Г.,**

*әл-Фараби ат. ҚазҰУ, филол.ғ.к., доцент*

“Қазақ” қоғамдық-саяси және әдеби газет. 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет шығып тұрды. Бірінші редакторы белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатов, бастырушы “Азамат” серіктігі. Құсайынов, Кәрімов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді.

“Қазақ” газетінің шығарушылар алқасы атынан берілген 1913 жылғы газеттің №1 санындағы құлақтандыруда: “Газетіміздің көп мақсатының бірі – басқарудан да алып, өзімізде барын жиып, қазақ тілінің бетін жөндеп, жолын ашпақ, сондықтан қазақтың мақалалары, тақпақ сөздері, басылған өлеңдер, қиссалар бәрі де қабыл алынады, басылмай қалған сөздер қайтарылмайды” делінген.

Газетте ХХ ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, қазақ шаруашылығының жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған құнды мақалалар жарияланды. Абайдың өмірі мен ақындығы туралы алғашқы ғылыми мақала, Шоқан Уәлиханов, Г.Потанин, Семенов-Тяньшанский т.б. жайында, қазақ әдебиетінің тарихына, кезеңдеріне, қазақ тіліне арналған А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановтың, М.Дулатовтың, Ш.Құдайбердиевтің мақалалары да бар. Газетте М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Дөнентаев, Б.Майлин, С.Торайғыров, Ғ.Қарашев, А.Мәметов, Б.Серкебаев, Р.Малабаев, Қ.Қоңыратбаев, т.б. мақала өлең әңгіме, очерк жариялаған. Аудармалар туралы сын мақалалармен қатар, Л.Толстойдан, А.Чеховтан, М.Лермонтовтан, В.Короленкодан, И.Крыловтан аудармалар басылған.

М.Дулатов “Қазақ” газетін шығару жолында А.Байтұрсыновпен бірге барлық ауыртпалықты бөлісе отырып, газет бетінде мақала, сын, әңгіме, өлеңдерді молынан жариялаған.

Абайдың өмірден өткеніне 10 жыл толуына арналған мақаласында М.Дулатов Абайды қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ тілін қалыптастырушы ретінде бағалай келіп, оны Ломоносовпен салыстырады (1914, №67). М.Дулатов “Тіл құрал” деген мақаласында А.Байтұрсынов дайындаған оқулыққа сын жазған. Онда қазақтың әдеби тілі жөніндегі өз пікірін білдіре отырып, қазақ тілінде сөйлегенде оны араб, парсы, орыс сөздерімен араластыруға қарсылығын білдіреді (1915, №93).

Проза жанры мәселесінен сөз қозғаған газет “Роман не нәрсе?” деген тақырыпта жарияланған мақаласында (1914, №48) оған жан-жақты түсінік бере отырып, шет елдерде, Ресейде романдардың дүниеге келуі туралы мағлұматтар келтіреді. М.Дулатовтың “Бакытсыз Жамал” романы туралы деректер де бар.

Қазақ әдебиетінің аса маңызды мәселелеріне тоқтала отырып, газет оны үш кезеңге бөледі: (1915, №№ 112, 113) 1. Қазақтың ежелгі ауыз әдебиеті. 2. Жазба әдебиеті алғаш қалыптаса бастаған кезде ауыз әдебиетінің тоқырауына байланысты жалпы қазақ әдебиетінің кері кеткен дәуірі. 3. Абай, Ыбырай бастаған жаңа әдебиет дәуірі. Мақалада бұл үш дәуірдің ерекшеліктеріне тоқталып, мысалдар келтірген.

А.Байтұрсыновтың “Қазақтың бас ақыны” атты мақаласында Абай өлеңдерінің кітап болып басылмағандығынан оның шығармаларының қазақ арасына кең таралмағандығын, өзінің Абай

сөздері жазылған дәптерді тек 1903 ж. оқығанын, жалпы Абай өлеңдерінің аз сөзді, терең мағыналы әрі қазақ әдебиетінде бұрын болмаған жаңа құбылыс екендігін өте жоғары бағалайды да “Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, үздік, артық” деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, Абайдың шыққан ортасы, оның Михаэлиспен, Гросспен танысуы, олардың Абайға тигізген әсері, орыстың ұлы ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, жазушылар Толстой, Салтыков-Щедрин, Достоевский, сыншылар Белинский Добролюбов, Писарев еңбектерімен таныстырғаны, Абайдың мансап кумай ақындық жолға түскені, Абай өлеңдерінің әрі сыншыл әрі шебер екені жазылады (1913, №№ 39,40,43).

“Қазақ” газетінде Ә.Бөкейхановтың екі жүзге жуық мақалалары мен аудармалары жарияланған. Ол шығармаларында қазақ елінің ең түйінді мәселелеріне тоқталған. Қазақ елінің жер мәселесі, отырықшы болуы, патша үкіметінің қазақ жеріне жүргізіп отырған аграрлық саясаты туралы пікірлерін т.б. жазды. Ал тікелей әдебиет мәселелеріне қатысты мақалаларына келсек, Ә.Бөкейханов, Ш.Құдайбердиевтің 1912 жылы жарық көрген кітабы “Қалқаман-Мамыр” туралы мақаласы газеттің 1915 жылғы 121 санында жарияланған. Ол 1914 жылы Орынборда жарық көрген “Қарақыпшақ Қобыланды батыр” кітабына сын мақала жазды (1915 ж., №126-129). Осы мақалада Әлихан Бөкейханов Абай өлеңдеріне, Шәкәрім Құдайбердиевтің “Шежіресіне”, Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектеріне сілтеме жасай отырып, жырдың көркемдігі, тарихы туралы көптеген деректер келтіреді. Сондай-ақ, Ә.Бөкейханов газет бетінде Н.Маркестің “Қырым сөзі” аңыз әңгімелерін, Л.Толстойдың – “Жұмыртқадай бидай” әңгімесін, А.Чеховтың “Хамелеон” әңгімелерін аударып жариялаған. “Роман бәйгесі” деген мақаласында Ресейде, шет елдерде әдебиет, мәдениет саласында үздік шығармаларға сыйлық берілетінін мысалға келтіріп, “Қазақ” бетінде роман жазушыларға сыйлық жариялағанын хабарлаған.

“Қазақ” газетінің авторларының көпшілігі - ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің бір тума таланттары, зиялы азаматтары. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев сынды ақын жазушылар, Шәкәрім Құдайбердиев, Құдайберген Жұбанов, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұхаметов, Жиһанша Досмұхамедов, Мұхаметжан Тынышбаев, Жаһанша, Жансұлтан Сейдалиндер, Асылбек Сейітов, Мұстафа Шоқаев, Бекмұхамет Серкебаев, Ахмет Оразаев, Ғабдолғазиз Мусин, Таһир Жомартбаев т.б. сынды ғалым, қоғам қайраткерлері бар. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин – “Қазақ” газетінің тұрақты авторлары.

“Қазақ” газетінің бетінде басылып тұрған халқымыздың әдебиетінен дерек беретін сан алуан, әртүрлі бай материалдардың қашанда маңызы зор.

#### Әдебиеттер:

1. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. - 560 бет

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА КОММУНИКАТИВТІК ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСТАНЫМНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

САДЕНОВА А.Е., САПАРХОДЖАЕВА Н.П.

*Әл-Фараби ат. ҚазҰУ*

Коммуникативтік сөйлеу үдерісі – бұл қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудағы ерекшеліктермен байланысты лингвистикалық, сондай-ақ, педагогикалық күрделі мәселелердің кешені.

Көптеген дидактикалық тұжырымдамалардың негізгі бастамасы болған және оқытудың барлық кезеңдерінде нәтижелі түрде жүзеге асатын коммуникативтік ұстаным арқылы белгілі бір дәрежеде тіл білімі мен әдістеменің байланысы нығайтылып, оқыту үдерісінің коммуникативтік түрлеріне қызығушылық артты. Сондықтан теориялық тіл білімі мен тілді оқыту тәжірибесі алдында коммуникативтік сөйлеу мәселесіне көп көңіл бөлінеді.

Тілдік қатынас жасау өте күрделі үдеріс. Ол адамның тек қана сөйлеуін ғана емес, ойлау қызметін де қарастырады. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың мақсаты тіл құралдары арқылы ойды жеткізудің шығармашылық қабілеттіліктерін қалыптастыру.

Сөйлеу, сөзді қолдану ережесіне ғана үйретіп қоймай, сондай-ақ ойды құрауға және құрастыруға үйрету. Мұндай жағдайда өз ойын айта алатын тіл үйренуші - субъект басты назарға алынады.

Оқытудың коммуникативтік бағыты әдістемелік және педагогикалық қызметтің барлық жағын анықтайды.

Алдымен оқытудың жоғары уәжемесін құру ұсынылады. Алғашқы сабақтан бастап, тіл үйренушіге белсенді түрде практикалық сөйлетуден бастау керек. Мысалы, оқыту үдерісінде түрлі жаттығу жұмыстарының түрлері қолданылады: ойын жағдаяттары, ребус, сөзжұмбақтарды шешу т.б. Бірақ жаттығу жұмыстары таза механикалық сапада болмауы тиіс, олар коммуникативтік болуы керек. Тіл үйренушінің ұсынылған материалға белсенділігін арттырып, әсіресе, қабылдаудың жеке психологиялық аспектілеріне назар аударған жөн.

Коммуникативтілік шынайы тілдесу тұрғысынан фонетика, лексика, морфология, синтаксис секілді тілдің түрлі аспектілерін оқытуды қарастырады. Кез келген тілдік құбылыс оқу үдерісіне коммуникативтік қажеттілік пайда болғанда ғана қосылады.

Сонымен оқытудың коммуникативтік бағыты оқытушының тіл үйренушімен сөйлесудегі әрбір сөйлеу актісіне, тілдесуде коммуникативтік болып табылатын оқытудың коммуникативтік бірлігіне, тіл үйренушінің жіберген қатесін жөндеуіне, шынайы сөйлеу жағдаятын мақсатты түрде қолдануына және оқытудың жоғары уәжемесінің құрылуына көңіл бөлуін көрсетеді.

Қазақ тілін оқытудың алғашқы кезінен бастап шетелдік тіл үйренуші бірнеше ортада тілдесе бастайды. Олардың қатарында әлеуметтік-күнделікті орта (жатақхана, дүкен, қоғамдық көлік т.б.), әлеуметтік-мәдени орта (қоршаға ортамен байланыс жасау), мәдени орындар (театрға бару, теледидар көру ж.т.б.), оқу-ғылыми тілдесу ортасы бар.

Оқу ортасы қазақ және орыс тілді ортада шетелдік студенттің жүзеге асыратын тілдесу түрлерінің ішінде басты орын алады.

Оқытудың негізгі құрылымдық жағы сабақ барысында тілдесу, сабақтан тыс жағдайда тілдесу, тіл үйренушінің өз бетімен дайындалу кезіндегі тілдесу ж.т.б болып табылады. Сондықтан оқу үдерісін тек оқытушы мен тіл үйренушінің қажетті білімді, икемді, дағдыны игеруге бағытталған әрекеті ретінде қарастырып қоймай, сондай-ақ белгілі бір тілдесу жүйесі ретінде қарастыру керек. Сондықтан оқыту барысында қарапайым коммуникативтік жағдаятты қолданудың маңызы зор.

«Қарапайым коммуникативтік жағдаят» термині тілді оқыту барысындағы тілдесімде байланыс жасаудың әдістемелік бағытталған моделі деген ұғымды білдіреді, яғни сөйлеуге ынталандырушы жағдайында тілдесушілердің әлеуметтік-коммуникативтік қарапайым рөлдердегі сөйлеу әрекеті жүзеге асады.

Қарапайым коммуникативтік жағдаят келесі құрылымдық элементтерден тұрады: шынайы жағдаят; коммуниканттар арасындағы қатынас және сөйлеуге түрткі.

Шынайы жағдаят немесе коммуникативтік акт барлық кезде болады. Оқу материалы сөйлеу жағдаятына қарағанда сырттай көңіл бөлудің және назар аударудың тәуелсіз нысаны бола отырып, өз бетімен сөйлеуге ынталандырушы фактор ретінде қатысады.

Коммуниканттар арасындағы қарым-қатынас сабақ барысындағы сөйлесуге қатысушылардың қарапайым әлеуметтік-коммуникативтік рөлдеріне негізделеді (оқытушы-студент, студент-студент).

Тілді оқыту барысындағы сөйлеу оқытушының оқу үдерісін ұйымдастыруына, ал студенттің ұсынылған оқу материалын меңгеруге талпынуына және практикада қолдануға үйренуге негізделген.

Сөйлеу қарапайым коммуникативтік жағдаяттың құрамы, сондай-ақ тіл үйренушінің дербес ынталандырушысы болып табылады.

Сонымен, аталған қарапайым коммуникативтік жағдаяттардың компоненттерінің көмегімен келесі маңызды міндеттер шешіледі:

- 1) Ілгеріде меңгерілген білім мен әрекет әдістерінің өзектелуі;
- 2) Әрекет әдістерін және жаңа ұғымдарды қалыптастыру;
- 3) Алған білімді тәжірибеде қолдану және тіл үйренушінің әрекетін бақылау.

Барлық өзінің мазмұнымен тікелей қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуға бағытталған осындай күрделі әдістемелік категория туралы сөз болғандықтан, өзінің компоненттерінің көпқырлығымен, көпдеңгейлігімен және көпфакторлығымен ерекшеленеді, сондықтан «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы туралы сөз ету қажет, сонымен бірге оның анықтамасына, көлеміне және мазмұн құрылымына тоқталу керек.

«Коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы коммуникативтік лингвистика саласынан бастау алады. «Коммуникативтік құзыреттілік» категориясы бастапқыда тілдің прагматикалық саласында зерттелді. Осыған байланысты аталған ұғымның мазмұны шектелгендіктен, кейінірек нақты терминдік атау тілдік құзыреттілік пайда болды.

Кейінірек аталған категория тілдерді оқыту әдістемесінде, сонымен қатар орыс және қазақ тілдерін шет тілі ретінде оқытуда қолданыла бастады және тілдесу үдерісімен қатысты болды, сонымен бірге жеке тұлғаның сөйлеу қабілеттілігі ретінде қарастырыла бастады. В. Ульрихтің әдістемелік терминдер сөздігінде «коммуникативтік құзыреттілік» келесі құрам арқылы анықталады:

- 1) Лингвистикалық құзыреттілік;
- 2) Вербальды- когнитивті құзыреттілік;
- 3) Вербальды- коммуникативтік (прагматикалық) құзыреттілік;
- 4) Мета құзыреттілік.

Сонымен қазіргі анықтамасы бойынша: «коммуникативтік құзыреттілік» - еңбек немесе оқу барысында адамның тілдесе алу қабілеті. Бұл анықтаманың мынадай белгілері бар:

- Жеке тұлғаның зейіндік қабілетінің болуы;
- Бұл қабілеттілікті көрсетудің жолы сөйлеу әрекеті болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттілік 4 негізгі құрамда яғни сөйлеу қызметінің негізгі түрлерімен бірге қарастырылады. Бұл құзыреттіліктер сөйлеу, жазу, тыңдау, оқу үдерісінде болады.

Коммуникативтік құзыреттіліктің басқа маңызды құрамы оның мазмұнының құрылымы болып табылады. Коммуникативтік құзыреттіліктің сөйлеу, тілдік, кәсіби, лингвистикалық, когнитивтік, елтанымдық ж.т.б. түрлері сипатталады. Алайда коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі құрамы тілдік, когнитивтік және прагматикалық құзыреттілік болып табылады.

Осылардың әрқайсысына қысқаша тоқталайық.

Тілдік құзыреттілік оқылатын тілдің барлық бірлігін – фонетикалық, сөзжасамдық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерін қарастырады. Күрделі бірліктерден коммуникативтік синтаксистік бірліктерді құруға дейінгі үдерісі кезінде тілдік бірліктерді қолдана алуы қажет.

Тілдік құзыреттілік лингвистикалық құзыреттілікпен бірге жиі қарастырылады.

Когнитивтік құзыреттілік адамның танымы арқылы қоршаған шындықты көрсететін мазмұнды, сөйлеудің денотаттық жоспарын көрсетеді. Дәрісханадағы сабақ барысында қажетті қоршаған ортадан алынған үзінді тілдесудің белгілі бір шектеулі түрі арқылы анықталады. Ал әрбір ортаның ішінде өтілетін тілдік материал сөйлеу жағдаяты мен тақырыптарды бөлу арқылы анықталады.

Прагматикалық құзыреттілік жүзеге асыруға қажетті сөйлеу әрекеті мен коммуникативтік ниеттен тұрады. Сонымен бірге белгілі бір сөйлеу жағдаятында сөйлеудің түрлі формаларын қолдану дағдысы қажет. Прагматикалық құзыреттіліктің тағы бір маңызды құраушысы – ағымдағы жағдаяттың талабына сай келетін сөйлеу әрекетін таңдай алуы керек.

Қорыта айтқанда, коммуникативтік әдістемелік ұстанымның жүзеге асуы сөйлеу дағдыларының және сөйлеу икемінің, сөйлеу қызметінің шығармашылық және жеке тұлғаның барлық психологиялық сапасын қолдану болып табылады. Сондықтан оқыту барысында оқытушы тіл үйренішінің сөйлеу қажеттілігіне сай және жүзеге асыруына жағдай жасай отырып, коммуникативтік сөйлеу жағдаятының түрін және құрамын қолдануы керек.

#### **Әдебиеттер:**

1. Стернин И.А. Введение в речевое воздействие. – Воронеж, 2001.
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М., КомКнига, 2006.
3. Золотова Г.А. Коммуникативные аспекты русского синтаксиса. – М., 1982.
4. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Словарь методических терминов (Теория и практика преподавания языков). – СПб., 1999.
5. Леонтьев А.А. Некоторые проблемы обучения русскому языку как иностранному (психологические очерки). – М., 1990.
6. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иностранному языку. – М., 1989.
7. Арутюнов А.Р., Костина И.С. Коммуникативная методика русского языка как иностранного и иностранных языков. – М., 1992.
8. Алхазисвили А.А. Основы владения устной речью. – М., 1988.

### **МЕДИАМӘДЕНИЕТ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰРАЛ: ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ, ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ**

**СҰЛТАНБАЕВА Э.С.,**

*ал-Фараби ат. ҚазҰУ, аға оқытушы*

Адамзат қоғамының қазіргі жағдайы, жаңашылдыққа толы ХХ ғасыр адам баласының және оның мәдениетінің түпкілікті негіздеріне көз жүгірту қажеттілігін туғызып отыр. Адамның да және оның саналы іс-әрекетінің нәтижесі ретіндегі мәдениеттің де болмыстық сипаттамасы олардың о баста қарым-қатынасында болатын. Мәдениет негізінде диалогты, яғни қарым-қатынасы арқылы ғана өз тіршілігіне ие бола алады.

Мәдениет стилі белгілі бір қажеттілікпен «стиль» ұғымының зерттелу деңгейін қарастыруға итермелейді. Стильге деген лингвистикалық, әдебиеттанушылық, психологиялық, семиотикалық және өзге де көзқарастар қалыптасқан. Адам әлемі – коммуникация әлемі. Л. Виттенштейн айтпақшы, адам өзін-өзі адам ретінде тек қана басқа адамдармен коммуникациялық байланыс жүйесіне енгеннен

соң сезінеді екен. Біз өзімізге үйреншікті туған-туыс, дос-жаран арасында отырғанда коммуникацияның көптеген вербалды (сөйлеуге негізделген) және бейвербалды (сөзге негізделмеген) тұратын компоненттерден тұратын кешенді әрі үзіліссіз үрдіс екендігіне мән бермейміз. Бәлкім, біз өзімізден тілі, діні, мәдениеті бөтен шетелге сапарға аттанғанда ақпараттың тек қана тіл арқылы ғана емес, сонымен қатар, көптеген басқа өз арнамен жететіндігін түсінеміз. Коммуникация мен адамдар арасындағы аралас-құраластық қарым-қатынасы – мәдениеттің маңызды бөлігі. Олардың маңыздылығы сонша, көп жағдайда мәдениетті коммуникациямен теңестіру сарыны да жиі кездеседі. Мәдени қарым-қатынастарды зертеуде танымал маман Э.Холл мәдениет дегеніміз коммуникация, ал коммуникация дегеніміз мәдениет деп теңдестіре қарастырады.

Ақпарат – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да. Міне, қысқаша тоқтала кететін болсақ, қазіргі замандағы тіл, таңба мәселесіне және оның мәдениеттегі орнына деген көзқарастар осындай. Тіл – тек денотативті (белгілі, сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар құрал). Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр.

Структуралистер үшін мәдениеттің негізгі мәні оның тілдік-таңбалық құрылымында жататын болса, соларға жақынырақ тұрған герменевтика бағыты үшін мәдениеттің мәтіндерін түсіну, ұғыну жолы ашылды.

Ал сонау М. Буберден, М. Бахтиннен келе жатқан сұхбаттық (диалогтық) бағыт мәдениеті қарым-қатынас тұрғысынан айқындауға тырысады. Сонымен, мәдениетке берілген анықтама-түсініктерге қысқаша тоқталып, мәдениеттегі болашақ мүмкіндіктерге деген алуан түрлі көзқарастарға тоқталып өттік. Адам іс-әрекетінің саналы жемісі болып есептелінетін мәдениеттің тек анықтамалармен шектелмейтіндігі анық. Жеке адамның кісілік сипатының шексіз мүмкіншілігінің болуы оның ешқашан жетілу шегіне шығып, тоқырап қалмайтындығының кепілдемесі болатын болса, сол сияқты мәдениеттің де уақыт пен кеңістік тәрінде сансыз мазмұндық мүмкіншілігі бар. «Мәдениет» ұғымы өзінің көпмағыналылығымен, көпқырлығымен, көпсырлығымен құнды да бағалы. Көпмағыналық ұғым бейнелейтін феноменнің жан-жақтылығын, маңыздылығын және әмбебаптығын көрсетеді.

«Мәдениет» ұғымының әмбебаптылығы, маңыздылығы оның тікелей адам мәселесімен байланысында жатыр. Мәдениетті кең мағынада қарастыратын болсақ, ол адам әлемі, адамдандырылған әлем, жалпы адамның қоршаған ортаны меңгеруінің нәтижесі. Мұндағы меңгеру деп отырғанымыз тек қана табиғатты өзіне бағындыра білу немесе, керісінше, оған тәуелді болу деген сөз емес. Адам өзі шыққан табиғат-анасын өзінің мұқтаждықтарына, қажеттіктеріне жарата отырып, оны өзгертеді. Сол өзгеріс барысында адам өз болмысын да өзгертпей тұра алмайды. Олай болатын болса, мәдениетке оның маңындағы көп мәселелерге деген ынта-ықылас, жіті назар тікелей олардың адам мәселесімен байланысында деп ұғыну керек. Осы орайда мәдениеттану адам болмысын зерттейді десек қателеспейміз.

«Мәдениет қандай түр алса да, адамдық мазмұнда болады. Мәдениеттің ерекшелігі сол – ол тек объективті шындық қана емес, шығу тегі жағынан алғанда, оның мазмұны субъективті» [1]. Мәдениеттудырушы субъект ретіндегі адамның позициясы әрдайым белсенді. Ал енді ол белсенділік ақылға сыйымды болса мәдениеттің көркейіп, өркен жайғаны. Мәдениет туралы, мәдениетке арналған сұрақтардың бәрі тікелей сол мәдениеттің дінгегі – адамға қойылған сұрақтар болып табылады. Бұл сұрақтарға ешкім ешқашан толық, жан жақты жауап бере алмайды, өйткені мәдениет мәндік кеңістікте шексіздікке ұмтылған. Мәдениеттің өзі қашанда толығымен жауабын ала алмаған ашық сұрақ.

Мәдениет – көп тармақты, көп салалы, күрделі құрылым екендігі мәлім. Оның элементтері механикалық түрде қосыла салмай, бір бірімен өзара динамикалық тығыз байланыста тіршілік етеді. Мәдениет өз «ішкі территориясында» қарым-қатынастан, коммуникациядан тұрады, әрі «сыртқы әлемге де өзіндік коммуникация құралы тіл ретінде танылады.

Мәдени коммуникация тікелей коммуникациялық құрал – тіл мәселесімен байланысты. Мәдениеттің семиотикалық теориясында мәдени коммуникация оның өзіндік белгілер жүйесінен құралған тілі арқылы жүзеге асырылады деп қарастырылады. Яғни, мәдениеттің тілі ретінде оның әртүрлі салаларын – көркем суретті, әуенді, поэзияны, әдебиетті, философияны, сәулет өнерін алуға болады [2]. Мәдени шығармашылық коммуникация барысында, әсіресе көркем өнерге, эстетикалық коммуникацияға үлкен маңыз берілетіндігі туралы айтылып келген болатын.

Мәдениет, біріншіден, адамды қалыптастыру қызметін атқарады. Бұл – мәдениеттің қоғамдағы басқа қызметтерін бойына жинақтайтын және оның негізгі мазмұнымен тікелей байланысты нышан.

Екіншіден, мәдениет жалғастық, мәдени-мұрагерлік қызметін атқарады. Мәдени ақпарат құралдарына салт-дәстүрді, әдеп-ғұрыпты, рәсім-рәмізді, діл мен тілді және өнер-білімді жатқызуда болады. Үшіншіден, мәдениеттің танымдық-эвристикалық ролі де зор. Төртіншіден, мәдениетте ұйымдастырушы-реттеуші қасиеттер де жоқ емес. Бесіншіден, коммуникативтік, қарым-қатынастық қызмет мәдениеттің анықтаушы қызметтерінің бірі [3].

Бүкіл әлемдік көштен қалмай Қазақстанның да жоғары технологиялық деңгейге, ақпараттық-компьютерлік технологияларға қарай секіріс жасау қажеттілігі рас. Ал бұл секіріс қоғамның экономикалық негізін, оның әлеуметтік-мәдени ортасының сипатын, рухани-психологиялық атмосферасын өзгертуге себеп болып отыр. Ескі идеологияның стереотиптері құлдырап, демократияландырудың ықпалымен жаңа әлеуметтік қатынастардың қалыптасуы басталды, азаматтық құқықтар мен еркіндіктерді жүзеге асыру мүмкіндігі туындады. Қазақстандық жаңғырудың маңызды факторы медиамәдениет – бұқаралық коммуникация құралдарын, оның ішінде баспа және электрондық құралдарды қарқынды дамыту болды.

Ақпараттық ғасырдың дамуын капитализмнен бөлініп шыққан тұстан басталғандығы айта келіп, Кастельс жаһандандудың да бұл қоғамда маңызды рөл ойнайтындығын жазады. Желілік таралуға негізделген жаһандық бірігуге байланысты ұйымдастыру формалары да өзгерді, бұл өз кезегінде бюрократизмге шек қоятындығын айтады [4].

XXI ғасыр ақпарат ғасыры екендігі және осы пікір өзінің қаншалықты нақтылығын бұл күнде әбден дәлелдеді. Еліміздің де ақпарат ағымында бірге қалқып бара жатқанына көп уақыт өтпесе де бұл күнде әр үйдің төрінен компьютердің қоныс тебуі, көңіл қуантарлық жай.

Ақпараттық қоғамды құру, жаһандандудың әсерлерін басқару мәселелері оларды сезіну, түсіндіру және тиімді түрде шешу мүмкіндіктері үшін дәстүрлі емес ұстанымдарды белсенді іздеуді талап етеді. Осы ғасырдағы басты мәселелердің қатарында мойындалғандары: жердегі ауа-райының өзгеруі, дәстүрлі этикалық бастаулардың жоғалуы, халықаралық жүйенің тиімсіздігі. Жаһандандудың теріс жақтарына қоғамның ашықтығы мен коммуникациялардың озық технологиялары жатады. Жер шарының тұрғындарын терроризм, нашақорлық, қылмыс, індеттер, этникалық және нәсілшілдік жанжалдардың таралуы алдында қорғаусыз қалдыруы да жатады.

Мысалы, әлемдегі миллиондаған адам үшін бірнеше ондаған жылдар бойы аяқ-қолы керілген Иса пайғамбар бейнесі секілді қасиетті болған қызыл ту астындағы Ленин бейнесі; қара қалпақты, қолында таяқшасы бар Чаплин және халықты қаһарлы соғысқа шақырған Гитлер, Американың сұлулық символына айналған Мэрилин Монро XX ғасырдың медиасимволдары болды.

Ақпараттандырудың мақсаты – интеллектуалды іс-әрекет қызметінің әлемді онтайландыруы. Бұл оқу-білімнің барлық формалары мен түрлеріне еркін қолжетімділік есебінен, әрбір индивидтің танып-білу процесінің автономиясын, пәндік облыстардың автоформализациясын қамтамасыз етеді.

Кастельстің информационализмі мәдениет пен институттардың сан алуандылығына қарай әр түрлі формада көрініс табатын жаңа әмбебап әлеуметтік құрылымының пайда болуын білдіреді. Бұл жаңа әлеуметтік құрылым немесе өз кезегінде XX ғасырдың соңындағы өндірістің капиталистік әдісінің қайта құрылуы нәтижесінде қалыптасқан информационализм. Соңғы жиырма жылда бір мезгілде қалыптасқан экономиканы Кастельс ақпараттық және жаһандық деп түсінеді [5].

Медиамәдениет ақпараттық кезеңнің құбылысы ретінде қоғамның саяси және экономикалық дамуына ықпал ететін көптеген әлеуметтік үдерістердің қуатты катализаторына айналды. Осыған байланысты, медиамәдениеттің қызмет етуінің негізгі бағыттары ғана емес, оның қоғамға ықпал ету ауқымы да өзекті болып табылады. Ғылыми категория ретінде «медиамәдениет» термині «бұқаралық мәдениет» немесе «массмедиа» секілді анықтамаларды қамти отырып, әлеуметтік-мәдени терминдердің сатысында өзіндік орын алады.

#### Әдебиеттер:

1. Құлсариева А.Т. Қазіргі заман мәдениеті. – Алматы, 2008. – 130 б.
2. Лотман Ю.М. Об искусстве. – СПб., 1998. – С. 67.
3. Мануель Кастельс. Информационная эпоха. Экономика, Общество и Культура./ Пер. с англ. под науч. ред. О. И. Шкаратана; Гос. ун-т. Высш. шк. экономики. – М., 2000. – 606 с.
4. Маклюэн М. Понимание медиа: внешние расширения человека. – М.: Канон-пресс-Ц, 2003. – С. 176.
5. Кириллова Н.Б. Медиакультура: от модерна к постмодерну. – М.: Академический Проект, 2005. – С.7.

### МЕДИАКРИТИКА ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ: СТУДЕНТТІҢ СЫНИ ТҮРҒЫДАН ЖАЗА БІЛУ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ

СҮЛТАНБАЕВА Э.С.,  
Әл-Фараби ат.ҚазҰУ, аға оқытушы

Медиакритика тікелей коммуникациялық құралдардың жаңа ағымы. Батыстық масс-медиа саласында пайда болған заманауи пішін және жанрларының бірі ретінде қолданылып келеді. Қазіргі медиакритика, медиамәдениет мемлекет тәуелсіздігінің нығаюы мен көркеюі жолында үлкен рөл атқаруда. Әсіресе, ұлттық тіл мен жер, еліміздің тәуелсіздік идеясын насихаттау, қорғау, идеология майданында бітіспес күрес жүргізу ісінде атқарып отырған қызметін ерекше айтуға болады. қазіргі қазақстандық қоғамның ақпараттық стратегияларына болжам жасауда және әлеуметтік-мәдени жаңарудың алдағы болашағын анықтауда, массмедияның рөлі және оның қоғамға ықпалы туралы ғылыми және бұқаралық санадағы түсініктерге түзетулер енгізу үшін қолданылуы мүмкін. Медиакритика ақпараттық қоғам мен медиамәдениеттің мәдениеттану, әлеуметтану, журналистика теориясы және менеджмент салаларындағы бұдан кейінгі зерттеулер үшін, сондай-ақ жаңа – медиалогия ғылымының негізі ретінде бірқатар журналистика мамандығын даярлайтын ЖОО оқытылып жүр. Бұл пәнді студенттерге оқыту барысында өзінің жекелей әдіснамалық тәсілдерді ұсынып отырмын. Курс негізгі мазмұны мен практикалық (семинар) сабақтарын пікірталастық талқылауды көздейтін, проблемалық-бағдарға арналған дәрістерден тұрады. Оқу курстарын осындай рәсіммен жасау тақырыптар материалдары мен көрсетілген курстың мәселелері бойынша студенттердің алдын ала ақпараттық дайындығына және болатын дәрісті жан-жақты талдауға әзірлігіне негізделген. Бұл үшін оқытушы болатын дәрістің проблемалық сұрақтары мен әдебиеттер тізімін студенттерге алдын ала беруі тиіс. Студенттер әр дәрістің алдында материалдарды оқуы керек.

Халықтық мәдени құндылықтар мен салт-дәстүрлер, рухани-өнегелік сапаларды жас ұрпақтың бойына сіңіру, патриотизмге тәрбиелеумен қатар қоғамдағы әлеуметтік, саяси және экономикалық жағдайларды талдап жазу әдістеріне студенттерді үйретуде үлкен басымдық көрсетілуі тиіс. Өйткені қандай да қоғам болмасын әлеуметтік жүйенің тұрақты болуы үшін білім мен тәрбие жүйесін мемлекеттік талаптарға сәйкестендіре отырып құруға мүдделі. Медиакритика нақ осы журналист қызметінің жаңа түрі ретінде оқу жүйесінде жаңаша әдістемелерді енгізу өзекті болып отыр.

Журналист студентті болашақта бұқаралық коммуникация құралдарында көтерілетін қоғамдық-әлеуметтік, саяси және экономикалық проблемаларды жіті қадағалап, өз бетінше талдау жасай білуде ең алдымен төмендегіше міндеттерді барынша меңгеру:

- қоғамдағы болып жатқан қоғамдық-саяси жағдайлармен толық таныс болу және өзіндік пікірін азаматтық тұрғыдан батыл әрі өткір айта білу;
- жастардың шығармашылық жұмысын қолдай отырып, жетілдіруге ықпал ету;
- медиакеңістіктетұтас халықаралық коммуникация жүйесінде медиалық сын туралы ұғымды қалыптастыру;
- әлеуметтік-саяси белсенділікті арттыру;
- жастардың этномәденилігін көтеру;
- өзін-өзі басқаруға үйрету;
- салауатты өмір сүруге бейімдеу;
- коммуникативтік ұйымдастырушылық қабілетін дамыту;
- студенттің саяси білімін әлеуметтану ғылымымен байланыстыру.

Журналистика мамандығында оқытылатын пәндердің қатарында медиакритика пәнінің қырларын теориялық және методологиялық талдауға сүйене отырып ашатын болсақ, бірнеше кадамдарды айқындап көрсетуге болады. Ресейлік ғалым Г.Макашина қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы журналистік қызметті қоса алғанда Ресейдегі қазіргі заман жағдайындағы демократиялық мемлекеттің құрылуы жаңа өзгерістерді алып келді. Өткен жылдары ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарының типологиясының қатары көбейе түсті. Журналистиканың жаңа түрлері белсенді түрде дамып отыр: типологиялық палитрада әлеуметтік, қаржылай-экономикалық басылымдар айрықша орын алып келеді.

Медиакритика қоғамда орын алып жатқан оқиға жөнінде ақпарат бере отырып, шынайылықты көрсетеді, әртүрлі жағдаяттар бойынша пікір алмасуға мүмкіндік береді. Қоғам өмірінің әртүрлі салаларын басқаратын әлеуметтік құрылымдарындағы сияқты адамдар мен әлеуметтік қоғам арасындағы қарым қатынасты реттеуде айрықша өзінің құзіреттілігін, қызметін ұсынатын қоғамдық құрылым. Сол себепті журналистика әлеуметтік дербес институт ретінде халыққа қызмет етуі тиіс. Ел ішінде және әлемде болып жатқан жағымды-жағымсыз оқиғаларды баяндап, халықты құлағдар етіп отырады. Халықтың сенімді бір өкілі ретінде билік пен бизнестің әр қадамын бақылауда ұстау керек. Егер, билік пен бизнес халыққа пайдалы қызмет етіп жатса, оны көпшілікке жеткізіп, ісінің нәтижелі болуына болысу керек. Мінеки, осы орайда әлеуметтік журналистика тек қана ақпарат берумен

шектеліп қана қоймай шынай өмірге тікелей араласа отырып, халық арасында қоғамдық пікірді қалыптастыра алады. Әлеуметтік журналистиканы оқыту әдістемесінің өзектілігі қазіргі заманда өзекті болып отыр. Студенттің әлеуметтік-саяси белсенділігін арттыруды және әлеуметтану ғылымының журналистика мамандығымен өзара байланысын қарастыра отырып, жастардың білім-білігін, талғамын арттыруға себі тиеді. Маман бойындағы дарынын білімімен туған халқының игілігіне жұмсай алған жағдайда халыққа ете алады.

Медиакритика журналистиканың тұтастай бір бөлегі болып табылады, демек, отандық журналистиканың тағдырын айқындап беретін барлық үдерістерді қамтиды. Медиакритика көптеген бағыттардағы БАҚ біздерге қораған ортаны түсінуге және тыңдауға мүмкіндік береді. Бұл бір сөзбен айтқанда жақсылықты жамандықтан ажыратуға көмектеседі. Аталмыш пәнді оқыту әдістемесінде пайдаланылатын тәсілдердің бірқатары сабаққа қатысушылардың белсенділігін ояту және бірлесе отырып өзара әрекеттестікте болуды талап етеді. Әсіресе, шағын топтарда өткізілетін топтарда әрбір команданың сәтті жұмыс істеуіне қажетті әлеуметтік қасиеттерін дамытуға септігін тигізеді. Оқытушы топтағы жұмыстың мақсатын, регламентін, жұмыстың нәтижелерін ұсынудың пішіндерін нақты анықтап және олардың талдауын қажетті жұмыс материалдарымен қамтамасыз етуі тиіс.

